

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

5/2011 МАМЫР

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында	
Зухра ИСЛАМБАЕВА.	«Хан Кене» пьесасындағы азаттық идеясы.....3
Көкейкесті көзқарас	
Қалдыгүл ЕРАЛИЕВА.	Оқушының оқырмандық қабілетін дамыту жолдары.....8
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Ардақ ҚАЙЫРЛИЕВА.	Жалаң және жайылма сөйлем..... 16
Мейрамгүл КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ.	Көркем шығармадағы портрет.....21
Тамаша МҰРАТБАЙ.	Көнерген сөздер.....28
Самал ТІЛЕУБАЕВА.	Пысықтауыш.....32
Жұлдыз СЕРІКБАЙ.	Етістіктен өткенді қайталау.....35
Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Райкүл ҚАРАТАЕВА.	Қасымның «Дауылы».....40
Мәншүк ҚАЖЫҒАЛИҚЫЗЫ.	Баубек Бұлқышұлы. «Шығыс ұлына хат».....43
Айша ӘЛДИБЕКОВА.	Шығарманың стильдік, жанрлық ерекшелігі, елжандылық сипаты.47

Сандуғаш АМАНТАЕВА.	Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңі.....	53
Бақытқаным МИЗАМБАЕВА.	Қарауылбек Қазиев. «Менің шешем».	57
Майрагүл ХАМЗА.	«Бір атаның балалары».....	61
Оқулыққа қосымша		
Ербол ТОҚТАҒАЗЫ.	Абай және Әлкей Марғұлан.....	66
Қайрат ШӘРІПОВ.	Мектеп оқулықтарындағы «Есімдік» тақырыбына қатысты мәселелер.....	74
Авторлық бағдарлама		
Ләззат ШАХИНА.	Сөз өнері.....	78
Уақыт және әдебиет		
Ардақ АБДУЛЛИНА.	Кейкімен қайта табыстырған қаламгер.	84
Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы		
Алтын МЫРЗАҒАРИНА.	Поэзия кеші.....	89
Ақбота АСҚАРОВА.	Халқы сүйген ақын.....	95
Өнеге сағаты		
Роза БЕКМОЛДИНА.	Бауыржан білгірі.....	98
Қызықты грамматика		
Мөлдір ЗАХАРОВА.	Фонетика патшалығына саяхат.....	104
Тілектес ИКЕНОВА.	Сөзжұмбақ - «Жамбыл Жабаев».....	108
Сыныптан тыс сабақ		
Салтанат ОРЫНБАЕВА.	Ең үздік шәкәрімтанушы.....	110
Гүлден АХЕТ.	«Сөзмерген» сайысы.....	116
Жас маманға жәрдем		
Саида СӘДУАҚАСОВА.	Тілек-бата сөздердің көне нұсқалары мен жаңа қолданысы.....	119
Мөлдір ҚЫДЫРБЕКОВА.	Тілді оқытудың тиімді жолы.....	124
Ләззат РАХАТОВА.	Абайдың «Қысы» - жаңалық.....	127
Ләйла СӘРЕТБАЕВА.	Сын есім.....	129
Гүлмира ДАМИЕВА.	Фонетикадан өткенді қайталау.....	132
Күлғайни ӘЛЖАНОВА.	Абайдың «Күз» өлеңіндегі әлеуметтік мәселелер.....	134
Роза ТУМАНОВА.	Тест (Сабақтас құрмалас сөйлем).....	136
Аманкүл ӘБДІЛДАҚЫЗЫ.	Абай - дана, Абай - дара.....	138
Бір өлең - бір әлем		
Айгүл БАЙТҮРСЫНОВА.	Мен сенімен сырласайын, ұлы Ақын..	142

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас
Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақпырұлы,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Зухра ИСЛАМБАЕВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ.

«ХАН КЕНЕ» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Мұхтар Әуезов 1928 жылы жазылған «Хан Кене» пьесасында қазақ жеріндегі ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында болып өткен жаугершілік ахуалдың әлеуметтік сипатын бұқара халық пен Кенесары Қасымұлының көркемдік бейнесі арқылы суреттейді. Мұнда Кенені хан сайлаған қазақ жұртының өзара алауыздығы да орын алған. Ғасырлар бойы бірде қалмақпен, енді бірде қырғызбен қақтығысқан елдің бауырлас қырғызбен бірікпей, керісінше тартыстың өршіп, қазақтың соңғы ханы Кенесары мен хас батыр Наурызбайдың қолға түсуі тарихи деректер негізінде бейнеленеді.

Басталғаннан-ақ азаттықты, тәуелсіздікті аңсаған елдің патшалық билікке қарсылығы, дербестікке ұмтылудағы психологиялық толғанысы прологтағы үш кісі, үш жігіт, үш шал арқылы берілген. Пьесада екі желі бар: бірі – Кенесары, Наурызбай, Бопай, Бұқарбай, Ағыбай, Нысанбайлар, екіншісі – Рүстем, Сыпатай, Бұғыбай және қырғыз батырлары. Олардың драмалық қақтығыстарынан өрбитін қисынды әрі жүйелі желілер көркемдік сипаты жағынан да, композициялық құрылысы жағынан да өзара байланысып, автор меңзеген ұлттық болмыс, қаһармандық-патриоттық рух көтеріңкі пафоста бедерленген. Кенесары Қасымұлы өмірінің соңғы кезеңдері алынған бұл шығармада тарих та,

саясат та, әлеуметтік хал-күй де, психологиялық-моральдық толқыныс-бұлқыныс та бар. Драматург ремаркасында сөз әрекетімен, ой пластикасымен қатар қимыл-қозғалыс, іс-әрекет қызу темпте ойнап тұрады.

Драмада Кене тарихи дәлділікке сай қазақ елінің мүддесін көздеуші, сыртқы дұшпанға төтеп берер ақыл мен қайраттың иесі ретінде көрінеді. Ол Мұсаға «...Қалың қазақ баласының қамалған көшіне септігім тиер ме деп жүрмін ғой. Езіліп бара жатқан елдің жоғын жоқтап жүргем жоқпын ба? Бүлінгені бүтінделер деп бас қамын ұмытып жүргем жоқ па, сол ел үшін» [Шығ.50 томдық жинағы. 6-том. А., «Ғылым», 2001, 190-б.] дейді. Бұл – ханның елі мен жері үшін өзін құрбан етуге дайын парасатын тереңдетін авторлық реплика.

Сонымен қоса Нысанбай ақынның

«...Жалғыз салған ұранмен

Қырық мың үйін қазақтың

Бір атаның ұлындай

Іргелі елдік жолына

Жамыраған төлдей шұбатты...» [181, 182-б.]

деген толғау жолдарында кейіпкердің тұлғасы одан әрі даралана түседі.

Автор ханның көркемдік бейнесін, оның мінез ерекшелігін ашу мақсатында шығармадағы тартысты қырғыз батырларымен оның саяси бағыт-бағдарын түсінбеген халық арасында өрбітеді. Көрші жатқан екі ел бірігіп, ортақ дұшпаны — Ресей империясына қарсы көтерілу үшін елшілерін жіберіп, бітімге, келісімге шақырғанмен олардың қарсылық білдіруі драмалық қайшылықты ушықтыра түскен. Әрі бұған Наурызбай батырдың тентектігі, қызуқандылығы мен дөрекі әрекеттері себепші болады. Өзіне қарсы шыққанның барлығын ақылға салмай, керісінше, қатыгездікпен қырған Науанның ісі шегінен шығып, ағасының да, бәсекелес батыр Бұғыбайдың да наразылығын тудырады.

Жалпы, бұл шығарманы кейіпкерлердің өзара қақтығысын (Наурызбай мен Бұғыбай, Наурызбай мен Бопай, т.б.) жүйелі әрекетке бағындырып, бүтін бір халықтың, бір ұлттың тағдырын көркемдікпен жеткізген Мұхтар Әуезовтің бүгінгі ұрпаққа аманаты дейміз.

Автор XIX ғасырдың бірінші жартысында Кенесары бастаған көтеріліске әдебиеттің драматургия жанрымен баға бере отырып, ұлттың азаттығы мен халықтың бостандығын алға тартқан XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық көтерілісінің де түпкі мақсатын ашып берген. Мәмбет Қойгелді «Хан Кене» сияқты тақырыпқа мақсатты түрде қалам тартатырып, ол оқырмандарын XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының жеңіліске ұшырау себептері жөнінде ойлануға итермелеп, сондай-ақ ұлт болашағы үшін күрестің мұнымен де аяқталмайтындығын көркем шығарма тілімен жеткізеді» [«Қазақ әдебиеті». 3.10.2009] деп драматургтың осындай қазақ ұлтының өткені мен болашағын тап басып таныған кемеңгерлігін тани білген. XX ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ кеңестік қысым тудырған қазақ жеріндегі толқыныс пен дүрбелең, жаңа құрылымды қабылдай алмаған елдегі аласапыран ғасырға жуық уақыт бойы күшін жоймағандығына тарих куә. М.Әуезовтің бұл драмасы сол дүрбелең кезеңнің қоғамдық, әлеуметтік мәнін бүгінгі буын ұрпаққа ұғындырудағы даралығымен құнды, яғни, бұл драма бүгінгі күнде де идеялық бағыты, көркемдік маңыздылығы жағынан өзекті.

Бірінші пердеде Жантөре, Шотай, Балғожалардың ханға қарсы теріс ойлары байқалғанмен, басқа драмалық оқиғаларға араласпай драматург назарынан тыс қалғандығын атап өткен жөн. Автор бұл кейіпкерлер арқылы хандық биліктің ұзаққа созылмайтындығын алдын ала байқату ұстанымын алға қойған сыңайлы.

Пьеса М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрында 1934 жылы Орынбек Бековтың режиссурасымен алғаш рет сахналанып, ұлттық театр өнерінің іргесін қалаған талантты өнерпаздар Қалибек Қуанышбаев (Кенесары), Елубай Өмірзақов (Наурызбай), Қапан Бадыров (Кәрібоз), М.Шамова (Бопай), Серке Қожамқұловтардың (Бұғыбай) ойынына сындар айтылған. Бұл - тарихи маңыздылығы, ұлттық идеяны насихаттау тұрғысынан саяси тартысқа өзек болған қойылымның көп ұзамай репертуардан түсіп қалуына себепші болады. Екіншіден – сол уақыттағы социалистік реализм күшінің басымдығы, яғни «...бұл пьесаға қатысты партиялық ұстанымның үстем алуы себепші болған еді» [«Қазақ әдебиеті». 3.10.2009]. «Кеңес өкіметіне қарсы» дейтін қолдан жасалған саясаттың нәтижесінде драма ұзақ уақыт бойы оқырман мен көрерменнің назарынан тыс, халықтың көңіліне жат болып саяси қуғынға ұшырады. Зиялылар қауымының талқысына түскен қойылымға сол уақыттағы түсінік пен көзқарастағы түрлі пікірлер ортаға салынған. Илияс Жансүгіровтің «Қата қайда?» деген мақаласында «... Бұл пьесе – Мұхтардың бұрынғы байшыл ұлтшылдық көзқарасымен жазылған пьесесі. Мұхтар бұл пьесесінде де бұрынғы пьеселері - «Еңлік-Кебек», «Қаракөздердің» сарынымен қазақ елінің ескілігін арман қып, ескі хандардың жұрнағы «елім» деген ұлдарын, Кене хандардың өлімін, қаһармандығын мұраттаған, жоқтаған пьесесі. Ал, «Хан Кенені» театрдың мына қойысында – пьесенің сол ескі құрылысы, уақиғасы, сөздері барлығы да сол бұрынғы күйінде қалды» [«Социалистік Қазақстан».10-12.07.1934] делінген сын айтылады. Олай болуы заңды да. Өйткені бұл шығарманың идеясы ол кезде өзекті болмаған, керісінше, бұл қазақ хандары мен байларының, батырларының аттарын халық көңілінен өшіріп, ұлтты рухани құлдырату жүйесінің шарықтап тұрған кезі болатын.

Ғасырлар бойы армандаған, тарихтың қиын-қыстау белесінде түрлі зорлықтар мен қатыгездіктің құрбанына айналған қазақтың бүгінгі ұрпағы жеткен Тәуелсіздік ұлттық әдебиет пен оның барлық жанрларында өзінің батыл көзқарасын танытып отыр. Тарихтың тереңіне бойлап, ата-баба жүріп өткен сара жолдың қатпар-қабатынан, қойнауынан ұлттың өзіндік бояуын танытатын дүниелерді жарыққа шығарды. Әдеби туындылармен қатар қазақ драматургиясы мен театр өнері де тарихтың рухани қозғаушы күшіне айналды. Соның нәтижесінде көптеген қайраткер тұлғалардың көркемдік бейнесі ұрпағымен жүздесті. Соның бірі де бірегейі - «Хан Кене» тәуелсіз театрлардың репертуарынан орын алып, Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына байланысты Ақмола облыстық орыс драма (1997 ж.), Илияс Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрында (2003 ж.) сахналанды. Жалпы, қазақ тарихының ізі, патриоттық күші пен оптимистік бағыты, кейіпкерлердің жалынды да жігерлі мінез ерекшеліктері айқын «Хан Кене» өнер ұжымдарының қазіргі таңда жаппай қолға алатын құнды туындысына айналуы қажет.



Хан Кене туралы

Орып жүрсе пақырлар жұрт қамысын,
Батыр бабам қорғадың ұлт намысын!
Ал, бүгінгі билікте отырғандар
Намыс туын құлатып құртқаны шын...

Қалдыгүл ЕРАЛИЕВА,
«Көлтоған» орта мектебінің
мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Жамбыл ауданы.

ОҚУШЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ


Баланың көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығы мен ынтасының төмендеуі менің алдыма мынадай сұрақтарды қоюға мәжбүр етті: «Балалардың көркем әдебиет оқуға не үшін ынтасы жоқ? Болашақта біз алдыңғы қатарлы елдермен тереземіз теңесу үшін баланың кітап оқуы қажет пе? Кітап оқымай-ақ компьютерді білумен де биіктерге жетеміз дегендердің әрекеті дұрыс па? Көркем әдебиетті көп оқығаннан біз нені ұтамыз? Ұлтымыздың өткен өміріндегі жетістіктері сол ғылыммен бірге көркем әдебиетті көп оқыған, ұлтымыздың барлық киелі қасиеттерін өз бойларына сіңірген тұлғалардың арқасында қалыптасты емес пе?» Осы сұрақтар төңірегінде сұхбат жүргізгенімде кейбір оқушыларым менің пікіріммен келіспеді. «Қазір компьютер білсең болды, интернет арқылы қажетті мәліметтерді табуға болады» деген ойларын айтты. Оқушыларымның пікірі мен өз пікірімді ой таразысына сала отырып, компьютерді білудің де, көркем әдебиетті оқи білудің де баланың тұлғалық қалыптасуы үшін қажеттілігін былай тұжырымдадым.

Компьютердің бала дамуына әсері	Кітап оқудың бала дамуына әсері
<p>Баланың техникалық сауаттылығы артады. Балада ептілік қалыптасады. Интернет арқылы дүниенің түкпір-түкпірінен жаңалықтар және ғылыми деректер жинайды. Ой өрісі дамиды.</p>	<p>Ұлттық сана-сезімі қалыптасады. Баланың тіл байлығы дамиды. Жан-жақты ойлау қабілеті артады. Қатесіз жазуға дағды қалыптасады. Өмірді түсіне білуге деген көзқарасы дамиды. Кейіпкерлердің орнына өзін қою арқылы өз өмір жолын таңдайды. Жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажырата біледі. Әлем әдебиетін оқу арқылы дүниежүзілік оқиғалардан хабардар болады.</p>

Мен осы мектепке келген күнімнен бастап «Осы алдымдағы балаларым не оқиды, нені оқығысы келеді?» деген ой туындап оқушыларымның оқырмандық қабілетін анықтау мақсатында 8-сыныпта сауалнама жүргіздім.

«Сіз кітап оқуды қай кезден бастадыңыз? Сіздің отбасыңызда көркем әдебиет оқырманы бар ма? Оқитын кітабыңызды қалай таңдайсыз? Оқыған кітаптарыңыздың ішінен ерекше ұнағаны бар ма? Көркем әдебиет оқуға сізді не итермеледі?»

Осы сұрақтарға оқушылардан жауап алдым. Нәтижеде 8-сынып оқушыларының ішінде Мейрамкүл, Гүлжаһан, Әсем есімді үш оқушымның оқырмандық қабілеті барлығын анықтадым. Бұл үшеуі де - жақсы оқитын оқушылар.




Мейрамкүл: «Мен кітап оқуды 3-сыныптан бастадым. Ертегілер оқуды ұнататынмын. Отбасымыздың барлығы қолдары бос болса, кітап оқығысы келеді. Олар, көбінесе, мен алып келген қызық кітаптарды өздерінің талғамына сай оқиды. Кітапханаға жаңадан түскен, өзіме сыйға тартқан және көп естіген кітаптарды таңдап оқимын. Оқыған кітаптарымның ішінде маған өте ұнағандары: Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма», т.б. кітаптар. Көркем әдебиет оқығанда кейіпкерлер өміріне қызықтым. Кітап оқып отырғанда өмірді, тарихты тануға деген құштарлығым арта түсті».

Гүлжаһан: «Мен кітап оқуды 4-сыныпта оқып жүргенде бастағанмын. Алғашқы оқыған кітабым «Аюдың түсі» деген ертегілер жинағы болатын. Біздің отбасымызда әкем, ағам қолдары бос уақыттарында оқиды. Біз оқып жатқан әдебиет пәнінен ақын-жазушылардың өмірін, шығармаларын өткенде сол авторлардың басқа шығармаларын да оқығым келеді. Кейде біреулердің қызықтырып айтқан кітаптарын оқимын. Оқыған кітаптарымның ішінде ерекше ұнағаны — Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» хикаяты. Ұстаздардың «Көркем әдебиетті көп оқыған адам рухани бай болады» деуі менің кітап оқуға деген ынтамды арттыра түсті. Шынында, қай кезең болса, сол кезеңде өмір сүріп жатқан сияқты сезінесің. Ондағы кейіпкерлердің істеген қателігін өмірде қайталамауға тырысамын. Ол қателіктері менің өзімнің жеке басыма ғұмырлық сабақ болады.

Әсем: «Мен кітап оқуды 4-сыныптан бастадым. Бірақ қолым бос болса ғана оқимын. Оқыған кітаптарымның ішінде маған Мұхтар Әуезовтің әңгімелері ұнады. Мен кітапты кітапханашымен пікірлесе отырып таңдаймын. Көркем әдебиет кейіпкерлерінің өмірі қызықтырды».

Оқушыларымның сауалнамаға берген жауаптарына қарап осы оқушыларымның оқырмандық қабілетін әрі қарай дамыту үшін оларға оқитын кітаптарын таңдауға көмектестім. Өзімнің жеке кітап қорымнан да кітаптар апарып бердім. Оқушылардың күннен-күнге кітап оқуға деген ынтасы арта түсті. Олар әрдайым өздері оқып жүрген кітаптары жайлы әңгімелесіп, пікір таластырып отырды.

Мен оқушылардың бұрынғыға қарағанда кітап оқуы қандай дәрежеде болғандығын анықтау мақсатында ақпан айында тағы да сауалнама жүргіздім. Нәтижеде осы үш оқырманымның оқыған кітаптары мына дәрежеде өскендігі байқалды.



Мен осы үш оқушымның кітап оқу арқылы жеткен жетістігін басқа сабақ беретін сыныптарыма үлгі ету мақсатында әдеби конференция өткіздім.

Конференция тақырыбы: Кітап – ең жақсы дос.

Қатысушылар: 5, 6, 8-сынып оқушылары.

Оқушылармен өткізілген әдеби конференцияның мақсаты: кітап оқи білуге баулу арқылы өмірді түсінетін, жан-жақты дамыған, адал ұрпақ тәрбиелеу.

Дамытушылық міндеттері: Кітап оқу арқылы өзіне-өзі баға бере білуге үйрету; Оқыған кітаптарын талдау барысында адамгершілігі мол, ойлау қабілеті дамыған оқырман тәрбиелеу; оқыған кітаптарынан үзінділер жазу, ойтолғау жаза білу қабілетін дамыту.

Осындай мақсатпен өтілген конференция барысында оқушыларым өздерінің оқыған кітаптарындағы кейіпкерлерге талдаулар жасапты.

Мейрамкүл. Концептуалдық кесте

Кейіпкер	Адамгершілік қасиеті	Өмірге көзқарасы	Кейіпкер әрекетіне баға
Абай	Абай үнемі аналары Зере мен Ұлжанның ақылын, пікірін тыңдайды. Абай өз халқының қараңғылығын, надандығын көре білді. Одан шығу жолы оқу мен білім екенін жастарға түсіндіруге тырысты. Жетімдерге жәрдем етеді. Абай халық жағында болды.	Абай елін, халқын ерекше сүйді. IV кітаптың 394-бетінде жас достарына болашақ өмір жайлы өз пікірін айтады. Бір өзгеше заман болатынын болжай білді.	Өте жоғары

Гүлжаһан.

Білемін	Үйрендім	Үйренгім келеді
Шоқанның шын аты Мұхамедханафия екенін білемін. Шоқанның арғы атасы Абылай хан екенін білемін. Қазақтан шыққан ғалым екенін білемін.	Шоқан өмірінің бір сәтін бейнелейтін С. Бегалиннің «Бала Шоқан» хикаятынан Шоқанның кеңсе күзетшісінің баласы Мысықпен достасуын, оны өзімен бірге оқуға алып кетуін оқып білдім. Шоқанның адамгершілігі, Мысыққа деген мейірімділігі маған ерекше әсер етті. Мен сол қасиеттердің өз бойымда болуын қалаймын.	Оқиғадағы Мысықтың оқуға түсуі немен аяқталды? Ол мүсінші бола алды ма? Мысық жайлы толық білгім келеді.

Әсем. Бес жолды өлең.

Тақырып / зат есім / *Ғазиза*.

Суреттеу / сын есім / *таза, пәк*.

Қимыл / етістік / *сөйлейді, жылайды*.

Сезіну / сөз тіркесі / *қорғансыз Ғазиза*.

Мәнін қайта айту / *Ғазиза – зұлымдық құрбаны*.

Оқушылар оқыған кітаптары жайлы әңгімелеумен қатар өздері жазған эсселерін, шығармаларын да оқып берді.

Мейрамкүл: - *2030 жылы менің елім, қалам, ауылым қандай болады?*

Арада көп жылдар өтті. Көптен ат ізін салмаған өз туған жеріме, «Көлтоған» деп аталатын ауылыма да ерекше сағынышпен оралдым.

Өз көзіме өзім сенер емеспін. Баяғы бақытты балалық шағымның куәсі болған кіп-кішкентай ауылым, ондағы оқушылық өмірдің қызықты күндерін өткізген шағын ғана мектебім – барлығы да адам танымастай өзгерген.

Сән түзеп қаз-қатар тізілген әдемі үйлердің айналасы да тап-таза. Әсіресе, бірінші рет келіп тұрған адамның көзіне бірден түсетіні – үш қабатты үлкен мектеп. Мектеп алдында жүрген балалардың көзінен бақыт ұшқыны байқалады. Мен өзім де түсінбейтін ерекше бір сезімді бастан кеше отырып, мектеп табалдырығын аттадым. Мектеп іші кең, таза әрі жарық екен. Мен жаңаша жабдықталған сыныптарды араладым да, өзім оқыған мектепті көзіме елестеттім. Бұрынғы мектеп пен қазіргі мектептің айырмашылығы жер мен көктей еді. Мен өз ауылымның осынша гүлденгеніне таң қалдым.

Мен енді киелі де тарихи қалам – Таразды аралап көргенше асықтым. Қалаға кіре бергеннен-ақ ондағы өзгерістер бірден байқалды. Қаладағы ескі үйлерден ешбір жұрнақ жоқ.

Тараз – гүлденген жаңа қала. Мен өз қаламның осылай жаңарғанына қуана қарап тұрдым. Әсіресе, менің ерекше

куанғаным – өзана тілімнің ерекшелігі. Көшедегі барлық сөздер қазақша әрі өте сауатты жазылған. Бұл жерде өмір сүретін барлық ұлт өкілдері де қазақша сөйлейді екен. Бұл біздің халқымызға, біздің мемлекетімізге көрсетілген үлкен құрмет еді. Мен көрген жаңалықтардың ең бір шоқтығы биігі – адамдардың рухани байлығы. Қаладағы Абай, Шоқан атындағы кітапханалардың да оқырмандары көбейген. Тіпті, кейбір кісілер оқыған кітаптары жайлы, егеменді еліміздің кейінгі жылдары жеткен жетістігі жайлы қызу әңгімелесуде. Біздің халқымыз қандай сауатты да әдепті еді десеңізші! Адамдардың жүзінен бақыттылық пен мейірімділік лебі еседі.

Біздің елімізде кедей, жұмыссыз адамдар жоқ. Барлығы да бақытты ғұмыр кешуде.

5-6-сынып оқушыларына күнделікті сабақта кейіпкерлерге жазған хаттарын өздерімен бірге ала келіп оқуларына болатындығын ескерткенмін. Сол хаттың бірі – 6-сынып оқушысы Құрманғазының Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» хикаятындағы Қожаға арнап жазған хаты.

Сәлем хат

Саламатсың ба, Қожаберген! Мен – Құрманғазымын. Мен «Көлтоған» ауылында «Көлтоған» орта мектебінің 6-сыныбында оқимын. Екеуіміздің арамыз бір жас болса да құрдаспыз. Мен саған өз атымнан және сыныбымның атынан хат жолдап отырмын.

Қожаберген, бізге сенің атың ұнайды. Бұл аттың мағынасы «Өз өміріңе қожасың» дегенді білдіреді. Қожа, бізге сенің Майқанова апаймен алғашқы кездесуің қызық сияқты көрінді. Сенің орыс тілі пәнінен дайындалмай келіп отырғаныңды көз алдыма елестеттім. Себебі ондай жағдай менің де басымнан өткен.

Бізге де Жантас ұнамайды. Ондай балалар, өкінішке қарай, барлық сыныптарда бар деп ойлаймын. Өз басым Жантас сияқты балалардың іс-әрекеттерін құптамаймын.

Қожа, сенің Майқанова апайдың сөмкесіне бақа салып, олар кісіні қорқытып жібергенің алғашында бізді де қызықтырып жіберді. Әрине, бұл тәртіпсіздікке жатады. Осындай бір әдепсіздік, тәртіпсіздік кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні рас, ақыры не боларын ойлай да алмай қаламыз.

Мұндай іс-әрекет біздердің анамызға қатты батады. Бұл үшін ата-анамыз қиналады. Сондықтан біз, балалар, білімді, әдепті, тәртіпті болуымыз керек. Сонда ғана біздің ата-анамыздың жүзінен қуаныш кетпейді.

Қожа, сені барлық мұғалімдер де, біз де өте жақсы көреміз. Майқанова апай айтқандай, «түбінде адам болатыныңа» сенімім мол.

«Көлтоған» мектебіндегі досың - Тотаев Құрманғазы.

«Шығармашылық жұмыс – ұдайы оқумен, үйренумен қоса жүргізілетін ауыр еңбек» деп жазушы Ғабиден Мұстафин айтқандай, кейіпкерге, авторға хат жаза білудің өзі оқушының ізденуінен, оқып үйренуінен келіп шыққан таза еңбегі деп білемін.

Конференция соңында Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романын барлық оқушылар түгел оқулары керектігін айттым. «Келесі әдеби конференциямызда осы романды талқылаймыз» деп сөзімді аяқтадым.

Жүргізілген жұмыстардан соң балаларда сөздікпен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады, өздігінен кітап оқуға қызығушылығы артады, ұжым болып жұмыс істеуде бір-біріне деген қарым-қатынасы жақсарады, шығарманы талдай білуге үйренеді, әдеби тілде сыпайы сөйлеуге үйренеді.

Ардақ ҚАЙЫРЛИЕВА,
Махамбет атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Атырау облысы,
Индер ауданы,
Жарсуат ауылы.

ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға жалаң және жайылма сөйлемдер туралы түсінік беру, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыра білуге үйрету, сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне дұрыс талдай білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – жай сөйлем туралы түсініктерін одан әрі дамыту, оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын кеңейту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұқыптылыққа, сауатты, таза жазуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақты өздігінен меңгерту. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру: 1) оқушылармен амандасу; 2) сынып оқушыларын түгелдеу; 3) оқушылардың сабаққа назарын аудару; 4) сабақ бастауға жағдай жасау.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Үй тапсырмасын еске түсіру мақсатындағы сұрақтар:

- 1) Сөйлем құрылысына қарай нешеге бөлінеді?
- 2) Жай сөйлем дегеніміз не?

- 3) Жай сөйлемнің түрлері қандай?
- 4) Жақты және жақсыз сөйлем дегеніміз не?
- 5) Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары қандай?

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

Тақтаға сөйлемдер жазып, сөйлем мүшелеріне талдату арқылы түсіндіремін.

Жауын жауып тұр. Қоңырау соғылды.

- Қандай ерекшелік байқадыңдар?
- Екі сөйлемде тұрлаусыз мүше жоқ.

Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне келтірту. Қорытындыны оқушылар айтып, жалаң сөйлемнің ережесін шығарады. Оқушылар мынадай ережелер шығарады.

1) Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем жалаң сөйлем деп аталады.

2) Бастауыш пен баяндауыштан ғана тұратын жай сөйлем жалаң сөйлем деп аталады.

Оқушылар шығарған ереже оқулықтағы ережемен салыстырылуы керек.

Жалаң сөйлем

Бастауыш

Баяндауыш

Тұрлаулы мүше

Берілген сөйлемдерге тұрлаусыз мүшелер қосуға болады.

Жауын жауып тұр. Жауын сіркіреп жауып тұр.

Қоңырау соғылды. Қоңырау шыр етіп соғылды.

Екі сөйлемнің айырмашылығын ажыратады.

Оқушылар сөйлемді талдап, жайылма сөйлемнің ережесін айтады.

1) Тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер қатысқан сөйлемді жайылма сөйлем дейміз.

2) Тұрлаусыз мүшелері бар сөйлемді жайылма сөйлем дейміз.

Мысалдардан көріп отырғандарындай, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыруға болады екен. Жалаң сөйлемдерсіз жайылма сөйлем болмайтындығын көрдік. Шығарылған ережені оқулықтағы ережемен салыстырып оқушылардың ойларының дұрыстығына көздерін жеткіземін.

Жайылма сөйлем

Бастауыш

Баяндауыш

Анықтауыш

Пысықтауыш

Толықтауыш

Мысалдарды оқушыларға талдатып ерекшелігін түсіндіру.

Берілген мысалдарды сөйлем мүшелеріне талдатып, жай және жалаң сөйлемдердің ерекшеліктерін тапқызу.

Жақсы сөз жалын мен оттан жаралады.

Қызықты кітапты оқи бергің келеді.

Мысалдардан жалаң және жайылма сөйлемдер құрылысына қарай жақты, жақсыз болатындығына көз жеткізіледі.

IV. Жаңа сабақты бекіту кезеңі.

1. **Оқулықпен жұмыс.** 77-жаттығуды ауызша орындау.

79-жаттығуды жазбаша тақтаға орындау.

2. «Ойлан, тап»

1. Берілген жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге, жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдыр.

Абай отыр. Хамит күндегісінен ерте тұрды.

2. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, сөйлемнің түрін ажырат.

Оқыған -.....(білер)

4. «Талдау – табыс кілті»

1. «Қоңырау» сөзіне математикалық-фонетикалық мінездеме беру.
2. «Кітапты» сөзін сатылай кешенді талдау.
3. «Қызықты» сөзін лексика-грамматикалық сатылай талдау.

«Кім жылдам?»

Мәтіндегі сөйлемдер қай шығармадан, авторы кім?

Жалаң және жайылма сөйлемдерді анықта.

1. Қозы алып қашылды. Қой жараланды. Бұзаулар өлтірілді. Бірнеше құлындар желінді. Тұтқын болған көк күшік ауыл тұрғыны болды.

2. Күзде оқу басталды. Аян екеуіміз бір партаға отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті.

Мұғалім келмеді. Оқуымыз келер жылға тоқтаған еді.

Семантикалық кесте

р/с	Жай сөйлем түрлері	Жақты сөйлем	Жақсыз сөйлем	Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем
1	Үлкендерге құрмет көрсету керек.		+		+
2	Жауын жауды.	+		+	
3	Өзеннен балық аулаймыз.	+		+	
4	Біз мақтан тұтамыз.	+	+		
5	Жеті жұрттың тілін біл.	+			+
6	Ұрлық түбі - қорлық.	+		+	
7	Оқыған озады.	+		+	
8	Менің бұл сөзге қосылғым келмеді.		+		+
9	Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген.	+			+
10	Маған сабақтан қалуға болмайды.		+		+

3. Шығармашылық жұмыс

Жалаң және жайылма сөйлемдерді қатыстырып «Көктем келбеті» тақырыбына шағын шығарма жаз.

Тест тапсырмалары

1. Жай сөйлемнің ережесін табыңыз.

а) Бір ғана ойды білдіреді, бір интонациямен айтылады; ә) Екі немесе одан көп жай сөйлемнен тұрады б) Күрделі ойды білдіреді; в) Дыбыстардың жазудағы таңбасы; г) Адамның әр түрлі көңіл күйін білдіру.

2. Жай сөйлемнің түрлерін атаңыз.

а) Жақты сөйлем; ә) Салалас сөйлем; б) Құрмалас сөйлем; в) Жай сөйлем; г) Лепті сөйлем.

3. Жақсыз сөйлемді табыңыз.

а) Марат жүгіріп кетті; ә) Аяғын аспаннан келтіру; б) Оларға келуге болмайды; в) Жаз; г) Ақ жейделі бала.

4. Жай сөйлемді көрсетіңіз.

а) Сырын жасырмау; ә) Мен тауда ойнадым; б) Ауылдың малы; в) Тон пішер; г) Жаздың жайлы күні еді, мен көрші ауылға барғанмын.

5. Жайылма сөйлемді табыңыз.

а) Мен кітапханадан қызық кітап алдым; ә) Асқар – инженер; б) Күз; в) Бала болашақ; г) Еңбекті бағалау.

6. Тек тұрлаулы мүшелерден тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

а) Жаздыгүні; ә) Білім – адамның қанаты; б) Атам келді; в) Күн ысып кетті; г) Көгілдір түс.

7. Бірыңғай мүшелі сөйлемді табыңыз.

а) Қызық кітап; ә) Япыр-ай, Абайжан-ай. б) Марат, дүкенге баршы; в) Ол – шындық; г) Табиғатты қорғау, сақтау – біздің парызымыз.

8. Сын есім сөйлемнің қандай мүшесі екенін анықтаңыз.

Үлкенді сыйлау – әрбір адамның борышы.

- а) Бастауыш, ә) Етістік; б) Пысықтауыш; в) Толықтауыш;
г) Одағай.
- 9. Үтір не үшін қойылған, дұрысын белгілеңіз.**
Құс қалықтайды, ұшады, сайрайды.
- а) Бірыңғай баяндауыш; ә) Құрмалас сөйлем; б) Қаратпа;
в) Қыстырма; г) Оқшау сөз.

10. Бастауышы бар жақты сөйлемді көрсетіңіз.

а) Уақытын жоспарлай білуі керек; ә) Кәсіпкерлік жылдам дамыды; б) Жұмысты тез орындаймыз; в) Бүгін жұмысқа шықтық; г) Нарықтық экономикаға бет бұрдық.

V. Үйге тапсырма беру: 1) 78-жаттығу, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыру; 2) көркем әдебиеттен жалаң және жайылма сөйлемге сөйлемдер тауып жазып келу.



Мейрамгүл КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ,
Мағжан Жұмабаев атындағы
№39 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

Қарағанды қаласы.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ПОРТРЕТ

(6-сынып, тіл ұстарту)

Жалпы дидактикалық мақсат: 1) жаңа білім ақпаратын қабылдау мен түсінуге, білім, білік дағдыларын (ББД) таныс және жаңа оқыту жағдайында қолдана білуге; 2) ББД жүйесін қабылдау деңгейін тексеруге жағдай туғызу.

Үш бірыңғай дидактикалық мақсат: білімділік - оқушылардың пәнге қызығуын, ынтасын арттыратын

әлеуметтік, танымдық мотивтердің қалыптасуына жол ашатын, дүниетанымдық көзқарасын тереңдететін сапалы білім мен іскерлік дағдысын қалыптастырады, сөз таптары бойынша білімдері интерактивті технология арқылы оқыту қағидалары, кешенді жаттығулар мен тапсырмалар арқылы пысықталып, оқушының алған білімін бекітеді, сауаттылығын арттырады; **дамытушылық мақсат:** ББД қалыптастыру мен дамыту оқушы құндылығының негізі **ақпараттық** - әртүрлі ақпараттық құралдармен жұмыс жүргізе білу, мәтіннен негізгі мәселені көре білу, алынған ақпаратты кесте, слайд, тезис түріне айналдыра білу; **2) коммуникативтік** - ауызша сөйлеудің негізгі тәсілдерін меңгере алу, монолог, диалог, сұрақтарға қысқа жауап қайыра білу, полилог деңгейінде өз ойын сауатты, анық, дәлелді жеткізе білу, өз көзқарасын қорғай білу; **3) оқу-зерттеушілік** - жұмысты орындаудың негізгі жолдарын өз бетінше орындай алу, оны жүйелей білу; **4) әлеуметтік** - белсенді жеке тұлға рөлін орындау; **5) технологиялық** - тапсырмаларды орындау барысында өзіндік қолтаңбасын (элементін) қалдыру; **6) рефлексиялық** - өзінің оқу іс-әрекетіне талдау жасай алу, өзінің іс-әрекет нәтижесін түсіне отырып, қиындығын (қателігін) таба білу;

Тәрбиелік мақсат: жеке тұлғаның пәнге деген қызығушылығын көтеру, толеранттық, сыйлау, құрметтеу қасиетін тәрбиелеу.

Сабақ типі: аралас. **Түрі:** тіл ұстарту. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, музыка, сурет. **Қызығушылық іс-әрекетін ұйымдастыру:** жалпылай, жекелей, топпен.

Оқыту әдістері: баяндау, иллюстрациялық түсіндіру, сипаттау, салыстыру, сұрыптау, жинақтау, талдау, Қанипа Бітібаеваның жобалау технологиясы, топтау стратегиясы, ойын элементтерін пайдалану. **Көрнекілік:** слайдтар, суреттер, интерактивті тақта, online жүйесі бойынша сабақ өткізу. **Практикалық:** мәтінмен жұмыс, тапсырмалар

орындау. **Сабақта енгізілетін терминдер мен түсініктер:**
портрет, мінез.

Сабақтың барысы.

- Құрметті сабаққа қатысушы оқушылар, ұстаздар! Қазақ халқы – ежелден шешендікке әуес, тіл өнеріне жетік халық. Адамның мәдениеттілігі білімімен, дүниетанымының кеңдігімен, еңбектегі қол жеткен табыстарымен ғана шектеліп қоймайды. Сөйлеу және жазу тілінің тазалығымен, байлығымен, өткірлігімен де өлшенетінін естен шығармағанымыз дұрыс.

«Әдемі сөйлеу» дегенді қалай түсінеміз? (қызығушылықты ояту).

1-тапсырма. Бұрын оқылған шығармалардағы кейіпкерлерді еске түсір және сәйкестендір.

Авторы	Шығарма аты	Кейіпкер
Бейімбет Майлин	«Даудың басы - Дайрабайдың көк сиыры»	Әмір, Әйгерім
Мұхтар Әуезов	«Біржан сал - Абай ауылында»	Дайрабай
Бауыржан Момышұлы	«Жауынгердің тұлғасы»	Мөңке
Әбдіжәміл Нұрпейісов	«Балықшылар»	Полковник Серебряков
Бердібек Соқпақбаев	«Менің атым - Қожа»	Тұрар
Шерхан Мұртаза	«Тұтқын бала»	Майқанова

2-тапсырма. Үзіндіде кімнің портреті берілген?

Шығармадан үзінді	Кімнің портреті?
... Солардың ішіндегі ең көріктісі және жиынға қадірлі, сүйіктісі мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт.	
... Ол - еңгезердей ірі кісі. Қол-аяғы серейген ұзын, ашулы ол бір кісіге көз салмай, үлкен алақанымен трубканың темекі салған басын сығымдай қысып ұстап, сұп-сұр боп шірене басып тұр.	
... Үсік шалған беті қап-қара, еріндері тілініп кеткен. Федоровқа тымақ астынан тесіле қарап атып барады.	
... тақыр бас қара бала.	

...Бір түрлі болды нұсқасы,
Кеудесі болды кепедей,
Мұрны болды төбедей,
Күрек тісі кетпендей,
Кеңірдегінің тесігі
Жүгімен түйе өткендей...

Жауабы

- Ол - ...(Біржан). «Біржан сал – Абай ауылында».

Мұхтар Әуезов.

- Ол - ... (Федоров). «Балықшылар». Әбдіжәміл

Нұрпейісов.

- Ол - ... (Еламан). «Балықшылар». Әбдіжәміл

Нұрпейісов.

- Ол - ... (Қожа). «Менің атым – Қожа». Бердібек

Соқпақбаев.

- Ол - ...(Ұлтан). «Алпамыс батыр» жыры.

Кейіпкердің портретін оның сырт бейнесі - бет пішіні, дене бітімі, киім киісі, т.б. құрайды. Кейіпкердің портретін, әсіресе, оның көзге көрінетін бейнесі, қимыл-қозғалысы, жүрісі, бет қимылы, өзін-өзі ұстау әдебі көрсетеді.

3-тапсырма. Мәтін бойынша жұмыс. Мәтінді мәнерлеп оқу

...Хамит – ұзынша бойлы, жауырынды, тіп-тік сұр жігіт. Қырлы мұрынды, шүңіректеу қаракер тобылғы көзді, қырқып жүретін сақалы, мұрты бар. Жасы жиырма бес, жиырма алтылар шамасында. Сом сұлу денесі ылғи сіңірмен шиырылған күшті көк етті еді. Бар денесі серіппелі көктемірден құйып жасалғандай. Түйіліп жазылған қиғаштау қасы мен тұңғиықтау көзі Хамитте зор қайрат, үлкен қайсарлық бар екенін көрсетеді. Бет-ауызы бүркіттің бетіндей. Қыран бүркіттің түрпілі саусақтарындай, күшті темірдей жұдырықтарын түйіп, кәрін тігіп кіжініп:

-А-а. Қандай қылайын!-деп төніп келсе, өлген кісінің аруағы ұшып кететіндей азамат.

(«Бандыны қуған Хамит». Сәкен Сейфуллин)

Мәтін бойынша талдау

Мәтінде кімнің портреті суреттелген? Қалай суреттелген?

Нені байқадық?

(Оқушы жауабы: Бұл мәтінде Хамиттің портреті берілген. Хамиттің сырт тұлғасы бүгінгі замандағы кинода кездесетін роботтарды еске түсіреді. Оны қыран бүркітке ұқсатады. Денесін құйып жасалған көк темірге ұқсатады. Осы суреттеуден Хамиттің мықтылығын, ер жүректілігін, қайсарлығын, батылдығын аңғаруға болады.)

4-тапсырма. Хамитті суреттеуде пайдаланылған сөздерді кесте бойынша жүйеле.

Бет пішіні	Дене бітімі	Қимыл-қозғалысы, тұлғасы
қырлы мұрынды	сіңірмен шиыр- рылған күшті	кәрін тігіп кіжініп
шүңіректеу қаракер тобылғы көзді	сом сұлу	ұзынша бойлы
қиғаштау қасы	серіппелі көк темірдей	жауырынды
тұңғиықтау көзі	қыран бүркіттің түрпілі саусақта- рындай	тіп-тік
бет-ауызы бүркіттің бетіндей	темірдей жұдырықты	25-26-лар шамасында
сұр жігіт		қырқып жүретін сақал, мұрты

Хамиттің портретінде оның еркіндігін, ешкімге бас имейтін қайсарлығын қай сөйлемнен байқауға болады?

Жалпы, шығармаларда қаһарманның сырт бейнесін оның ішкі жан дүниесімен, тағдырымен, өмірімен тығыз байланыста алады. Жазушы назарына іліккен сөздер бет пішініндегі өзгерістерді, мимикасын, жымыиысын, т.б. кейіпкердің мінез-құлқын тануға, түсінуге әсер етіп тұрады.

Ал портрет-мінездемеде адамның сырт бейнесін суреттеу арқылы оның ішкі жан дүниесін байқауға да болады.

Мәселен, оны мына төмендегі сөйлемнен көреміз.

5-тапсырма. Түйіліп жазылған қиғаштау қасы мен тұңғыықтау көзі Хамитте зор қайрат, үлкен қайсарлық бар екенін көрсетеді.

Сөйлемге морфологиялық талдау жасау.

6-тапсырма. Адамның түр-тұрпатын, мінез-құлқын сипаттайтын қандай фразеологизмдерді Хамиттің портретін жасауға, мінезін бейнелеуге қолданар едің?

(Азуы алты қарыс - қаһарлы, жайдың атқан тасындай - аса мықты, қайрауы жеткен - бабына келген, т.б.)

7-тапсырма. Осы фразеологизмдерді қатыстырып сөйлем құра.

Хамиттің күш-қуаты жайдың атқан тасындай...

8-тапсырма. Оқушылардың шығармашылық жұмысы. Өз портретінді немесе досыңның портретін суреттеп жаз.

Шыңғыс: - Менің өзімнің тұрпатымды жаңа ғана бой көтеріп келе жатқан жас бәйтерекке ұқсатамын. Бет пішінім ақ сұр, қысыңқылау қой көзді, жазық маңдай. Денем қаңылтақ болғанымен, жүрегімде жалын атқан жігерім бар. Заман тынысын, өмір ағысын сезініп, болашақта өз жолымды табу үшін, мақсатыма жету үшін еңбектеніп жүрген жайым бар.

9-тапсырма. Өз ойыңды дәл жеткізу үшін сөздерді дұрыс қолданып, сөйлемдерді дұрыс құра білуіміз қажет. Ендеше, қазір біз мына тапсырманы орындаймыз. Сендер Қарағанды қаласындағы сурет көрмесіне барып, суретші **Майса Ықыласованың** суретін көрдiңдер (Бұрымды қазақ қызының суреті). Осы көрген суреттерiңдi аналарыңа, әпкелерiңе қалай суреттеп жеткiзер едiңдер? Бұл суреттi мүлдем көрмеген адам сол суреттi өзi көргендей болуы қажет.

Ол – өте жан-жақты суретші. Суретші бейнелеу өнерінің ішіндегі бірнеше саланы алып жүр. Батик, кескіндеме,

Графика салаларының әрқайсысында суретші өзінің шығармашылық құрылымын шынайы бере біледі. Майса Бқыласова адам сезімінің қыр-сырын шығармаларындағы лирикамен ұштастырады. Ол өзінің әрбір шығармасында жазу сызықтарын жеңіл қолданып, бояу түстерін үйлесімділікпен таңдайды. Мысалы, портреттеріндегі бояулар адамның ішкі дүниесін шебер бейнелейді. Суретші өз шығармаларындағы символикалық белгілер мен сұлу қыздың суреті арқылы ақындар жыр ететін өлең жолдарын қылқаламның ұшымен жеткізгісі келгендей.

Нұртас: - Анашым, мен бүгін көрмеде бір тамаша жас сұлу қыздың портретін көрдім. Мен бұл портреттегі қыздың сұлулығын батырлар жырында жырланатын Құртқа, Гүлбаршын сұлуларға ұқсай ма деп ойладым. Олай дейтін себебім – толқын шашты, бұрымы жер сызады, белі қылдай, қарақат көз, қиғаш қас, нәзік қыз. Ұлттық киімі - үкілі кәмшат бөркі, бүрмелі етек көйлегі, қамзолы тал бойына жарасып-ақ тұр. Жүзік, білезік, шашбаулары да адамның көзін тартады. Сұлу қыздың сыртқы сұлулығы ішкі жан дүниесінің сұлулығымен де ұштасып жатқандай.

Үйге тапсырма.

1-деңгей: Ғабит Мүсіреповтің “Талпақ танау” шығармасы бойынша көркемдегіш құралдарды жүйелеп келу. 2-деңгей: Ғ. Мүсіреповтің “Талпақ танау” шығармасы бойынша портреттерді табу. 3-деңгей: ”Жан сұлулығы” дегенді қалай түсінесің? (эссе жазу).

Рефлексия.

Портрет – адамдардың кескін, келбетін, пішінін, тұлғасын суреттеу. Мінез – шығарма кейіпкерлерінің сыртқы портретімен қатар ішкі наным-сенімін, сезімін, дүниге көзқарасын суреттеу.

Оқушының жеке тұлға ретіндегі мәдениеті, ой-өрісі, дүниетанымы, әдеби тілде сауатты сөйлей білуі – болашақта

өз жолын адаспай табуының кепілі.. Алаш арысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, “Баланың маңайында сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Және баланың маңайындағы адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады”. Қашанда жандарыңның сұлулыққа құштар болуына тілектеспін!



Тамаша МҰРАТБАЙ,
«Бірлік» ауылындағы
№102 орта мектептің
мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылар көнерген сөздер туралы біледі, түсінеді. **Тәрбиелік мақсаты:** оқушыларды елжандылыққа, ұлттық құндылықтарды бағалауға үйрету.

Міндеттері: 1. Мазмұнға байланысты міндеттер - оқушылар көнерген сөздердің түрлерін анықтай алады және оған мысалдар келтіре алады; көнерген сөздердің ерекшеліктерін ажыратуға дағдыланады; 2. сын тұрғысынан ойлауды дамытуға байланысты міндет - тақырыпты меңгерту барысында оқушылар

Өзіндік ой-пікір айтады, тірек сөздерге сөйлемдер құрайды, салыстырады, зерттейді, алған білімдерін қорытындылай алады. 3) топтық жұмыс - оқушылар бір-бірімен пікірлеседі, ортақ қорытынды шығарады. **Бағалау:** 1) кесте, суреттер, 2) жаттығулар, 3) тірек сөздермен жұмыс, 4) шығу парағы. **Типі:** жаңа оқу материалын игерту. **Түрі:** дамытушылық. **Әдістер:** «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегиялары. **Көрнекілігі:** «Қазақтың мақал-мәтелдері», «Сөздер сыры» кітабы, сызбалар.


Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру. Сыныпты үш топқа бөлу. I топ: Қошқар мүйіз оюы. II топ: Тұйық оюы. III топ: Құс қанаты оюы.

Оюларға байланысты оқушылардың білетіндерін ортаға салу. Түйін: “Ою ойғанның ойы ұшқыр”.

Үй тапсырмасын пысықтау.

I. Қызығушылықты ояту. Көнерген сөздерді қалай түсінесіңдер, қандай көнерген сөздерді білесіңдер? Топтық сызбаға түсіріңдер.



II. Мағынаны тану.

- Садақ, жебе, қорамсақ, отарба, лашық, шидем, уәзір деген сөздер қазіргі қолданыста бар ма?

Оқушылар топта талқылаған ой-пікірлерін ортаға салды.

- Олай болса, қолданыстан шығып қалып, тарихи шығармаларда ғана кездесетін, мағынасы көмескі сөздер **көнерген сөз** деп аталады екен.

Көнерген сөздер

тарихи сөздер

архаизмдер

Көнерген сөздердің жаңартатын кездері болады. Имандылыққа бет бұруымызға байланысты ислам дініне қатысты кейбір атаулар тілдік қолданысымызға қайтадан енді. Мысалы: *имам, ораза, пітір*, т.б. сөздер.

Жұптық жұмыс. Семантикалық кестемен жұмыс.

Тарихи сөздер

Түрлері	Мысалдар
Ел басқаруға байланысты атаулар.	
Қару-жаракқа қатысты атаулар.	
Әкімшілік сөздер.	

Архаизмдер

Түрлері	Мысалдар
Әдет-ғұрып атаулары.	
Үй тұрмысына қатысты сөздер.	
Мата атаулары.	
Ыдыс-аяқ атаулары.	
Киім-кешек атаулары.	
Өлшем, көлем атаулары.	
Мезгіл, қашықтық атаулары.	

148-жаттығу.

Жеке жұмыс

Жиі қолданылатын атаулар	Мүлде қолданылмайтын сөздер
Теңіз, балық, тағам, от, ыдыс, мүйіз	Шатқұк (теңіз балығының мүйізі)

149-жаттығу. **Зерттеңіз.** Көнерген сөздер: қараша, ханша, отарба, сауыт, папша

Көнерген сөз	Мағынасы	Сөйлем
Сауыт.	Батырлар киетін қорғаныс киімі.	Үстіне киген сауыты оқ өткізбеді.

Ш. Ой-толғаныс. Автор орындығы. Автор - әр топтың топ басшылары. Топтар сұрақ қояды. Мысалы: 1. Күзеу дегеніміз не? 2. Қабадан дегеніміз не? 3. Жаппа дегеніміз не?

Үйге тапсырма: 147, 151-жаттығулар.

Оқушыларды бағалау.

Өзіндік бағалау

Жеке жұмыс	Жұптық жұмыс	Топтық жұмыс

Шығу парағы. 1. Бүгінгі сабақ сен үшін қызықты болды ма?

2. Қандай ұсыныстар айтар едің?

Мұғалімнің сабақты бағалауы. 1. Сабақтың жалпы мақсаты жүзеге асырылды. Мұны оқушылардың әр түрлі жұмыстарынан көруге болады. 2. Сабақта алған білімдері оқушылар үшін құнды, өйткені олар а) бұрынғы білімдерін кеңейте алады; ә) теориялық мағлұматтарды қолдана алады; б) сауатты жаза алады; 3. Оқушылар бірлесіп жұмыс істеу әрекетіне дағдыланған.

Сабақ барысында жоспардың кейбір жетілмеген жақтары көрінді: 1) уақыт тапшылығы. 2) оқушылардың талдау жұмыстарына жете мән берілмеу.



Сауаттылық жайында

Кім біліпті, бойында аз ба қаны,
Қандай бақыт ұрпақтың азбағаны?!
Сорға айналды сынақта шығарманы
Мемлекеттік тілінде жазбағаны...

ПЫСЫҚТАУЫШ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: пысықтауыштың жасалу жолы, құрамы, мағыналық түрлері туралы түсінік беру. **Міндеті:** а) пысықтауыштың өздік белгілері мен ерекшеліктерін ұғындыру; ә) ақыл – ой тәрбиесі; б) оқушылардың өзіндік ізденісін, ойлау қабілетін дамыту.

Түні: білік пен дағдыны қалыптастыру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндірмелі, практикалық; **Көрнекілігі:** суреттер, слайд.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасы: а) анықтауыш; ә) 50-жаттығу.

Ақтуалдау. Сұрақтар:

- 1) Сөйлем мүшелерін ата; 2) Тұрлаулы мүшелер; 3) Тұрлаусыз мүшелер; 4) Анықтауыш туралы не білесіңдер?
- 5) Пысықтауыштың негізгі белгілері.


Жаңа сабақ. Пысықтауыш.

Етістіктен болған баяндауышты мекен, мезгіл, қимыл-сын мен себеп, мақсат жағынан айқындайтын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.

Негізгі белгілері

Іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, сын-қимыл, себеп, мөлшер жағынан пысықтап тұрады.

Сұрағы: қашан, қайда, қалай, неге, не үшін, неліктен, не себептен, қалайша, т.б.



Тәуелсіз еліміз – Қазақстан ХХІ ғасырға ғажайып мәртебесімен аттанып бара жатыр.

Дамыту: а) 52-жаттығу; ә) 53-жаттығу; б) «Сынып жетекші және біз» суреті бойынша мәтін жазу.



Керекті сөздер:

мектеп жанында,
ұзақ,
балаша,
әдейі,
емін-еркін

Бекіту. Сәйкестендіру тест

1. Мектепке қарай бет алды.
2. Олар екі күннен кейін келіп қалар.
3. Жақсы жаңалықты естігенде балаша қуанды.
4. Екеуі қуанғаннан жылап жіберді.
5. Кітап алғалы келді.
6. Әжесімен біраз сөйлесті.

1. Сын-қимыл пысықтауыш
2. Мақсат пысықтауыш
3. Себеп пысықтауыш
4. Мекен пысықтауыш
5. Мөлшер пысықтауыш
6. Мезгіл пысықтауыш

Қорыту. Беке құмның басында,
Ағаш үйдің қасында
Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық.

Пысықтауышты тауып, мағыналық түрі, құрамына ажырат. Өлең қай жанрда жазылған? (поэзия)

Махамбет қандай ақын? (өршіл, патриот, романтик)

Махамбет нені аңсады?

Махамбет аңсаған бостандық таңына қай жылы қол жеткіздік?

Үйге: 55-жаттығу. **Бағалау.**

ЕТІСТІКТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың етістік бойынша алған білімдерін нығайту, тиянақтау, бір жүйеге келтіріп қорыту, білім дағдыларын қалыптастыру; 2) топпен жұмыс істеу дағдысын дамыту, өз ойын тиянақты жеткізуін қамтамасыз ету, шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылықтарын арттыру, логикалық ойлауын дамыту; 3) оқушыларды ізеттілікке, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Типі: қайталау сабағы. **Жұмыс түрлері:** топпен, жекелей жұмыс. **Түрі:** сайыс сабақ. **Көрнекілігі:** кәртішкелер, сатылай кешенді талдаудың сызбасы, суреттер, конверт, ағаш. **Пәнаралық байланыс:** математика, әдебиет, орыс тілі, неміс тілі.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Оқушыларды екі топқа бөлу. Топқа ат қою. Спикер сайлап алу. Сабақтың мақсатымен таныстыру. Бағалау парағын тарату. Тақтаға тапсырмалар тізімін іліп қою.

1. *«Кім жылдам?»*. Етістік ағашын өсіру.
2. *Жұмбақ сөз*. Топпен жұмыс.
3. *Сызбаны сөйлет*. Топпен жұмыс.
4. *“Сиқырлы шеңбер”*. Сөйлем мүшесіне талдау.
5. *Венн диаграммасы*.

6. Адасқан сөздер.

7. Сурет бойынша жұмыс.

8. Өлең шығару.

9. Сөзжұмбақ шешу.

10. Тест-конкурс.

11. Зерделі сұрақ, дәлелді жауап.

12. Деңгейлік тапсырмалар. Тапсырмаларды лото тастары арқылы алу.

№1 тапсырма: “Етістік ағашын өсіру”.

Жапырақтар ілу, артында сұрақтар жасырылған. Әр топта он сұрақтан берілген. Оқушылар жеке-жеке жауап береді.

№2 тапсырма. Жұмбақ сөз. Мақал-мәтел.

I топ

Ақылды кісі ісіне ...,

Ақымақ кісі күшіне....

Сенеді - верит - глаубен. Қорғайды - защищает - фертэй.

II топ


Ақылды адам арын...,

Сараң адам малын....


№3 тапсырма: Сызбаны сөйлет.

Екі топ оқушылары сызбаны таңдайды да, бос сызбаны сөйлетеді.

Етістік шақтары



Етістік



Бір оқушы шығып қорғайды.


№4 тапсырма: «Сиқырлы шеңбер».

Шеңбердегі әріптерді белгілі бір ретпен оқу арқылы мақал құрастырып, сөз құрамына талдайды.


Қарманған қарап қалмас. Ізденген жетер мұратқа.

№5 тапсырма: Венн диаграммасын құру.

Көсемше Есімше



Сабақты Салт



№6 тапсырма: Адамның сөздер.

Құлақтан кіріп бойды алар Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?

Тірек сигналдары арқылы морфологиялық талдау.

- 1.
- 2.

№7 тапсырма: Сурет бойынша жұмыс.

Екі топ басшыларына сурет беріледі, соған қызықты өңгіме құру.

№8 тапсырма: Өлеңді құрау.

Екі топқа өлең беріледі, етістіктері түсіп қалған.

1-топқа:

Таулардан өзен ,

Айнадай сәуле

Жел ..., ыстық ... бір қалыпта,

... тау мен тасты

Бұл шумақтың авторы кім? Өлең қалай аталады?

2-топқа:

Көңілің суын ..., ... ,

Денеңде бар дертіңді

... оттай ... жануарлар

Өзеннен рақат

Бұл шумақтың авторы кім? Өлең қалай аталады? (Екі шумақтың да авторы – *Ы.Алтынсарин. Өзен.*)

№9 тапсырма. Сөзжұмбақ шешу.

б	е	с	і	к					
А	й	т	ы	қ					
	і	л	і	к					
		А	с	т	а	н	а		
		а	п	т	а				
			б	і	л	і	м		
			е	к	і				

к	ү	н	д	е	л	і	к		
		ұ	с	т	а	з			
с	ә	у	і	р					
				с	у				
				О	т	а	н		
к	ө	м	і	р					
	к	ө	к	т	е	м			

1. Сәбидің төсегі.
 2. Әйтекенің шын аты.
 3. Екінші септік.
 4. Елорда.
 5. 7 күн.
 6. Оқу - ... бұлағы.
 7. Сан.
1. Оқушыға күнде еріп жүретін не?
 2. Шәкіртке жанашыр, Мейірман кім жаны асыл?
 3. Көктем айы.
 4. Жылт-жылт етеді, Жырадан өтеді.
 5. Оттан да ыстық не?
 6. Аз сөз - алтын, көп сөз ...
 7. Жыл мезгілі.

№10 тапсырма: Тест-конкурс

Әр оқушыға 5 сұрақтан тұратын тест таратылып беріледі. Ойланып белгілейді. Дұрыс жауабын оқимын, өзара тексереді де, топ басшысы бағалайды.

1. Етістік сөйлемде қандай мүше болып тұр?

Аққу қолға тез үйренеді.

- а) бастауыш;
- ә) баяндауыш;
- б) тұрлаусыз мүше.

2. Балалар көлге барды. Осы сөйлемде етістік қай шақта айтылып тұр?

- а) осы шақ;
- ә) өткен шақ;
- б) келер шақ.

3. Жіктелген етістікті көрсет.

- а) оқушымын;
- ә) оқимын;
- б) келме.

4. Қай сөйлемде етістік бар?

- а) Айгүл оқып отыр;
- ә) Айгүл – оқушы;
- б) Айгүл – озат оқушы.

5. «Сиыр бұзаулады» деген сөйлемдегі етістік қандай етістік?

- а) негізгі;
- ә) туынды;
- б) күрделі.

№11 тапсырма: Зерделі сұрақ, дәлелді жауап.

Үлестірме қағаз беріледі. Берілген мысал ережеге сай, не сай емес екендігін айтып дәлелдейді. Жауап бергенде «келісемін», «келіспеймін» деген сөздерді қолдану керек.

Мысалдар	Ереже
1. Айнұр бөлме ішін әсемдеді. 2. Жалқаулыққа үйренбе.	Туынды етістік Күрделі етістік
Анықтамаға сай ма?	

№12 тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар.

Оқушылар конверттен сұрақ таңдап алады.

Оқушыларды бағалау.

Әр топтың ұпайын санау. Жеңімпаз топты белгілеу. Топ басшылары бағалау парағын тапсырады. Сол бойынша қорытынды баға қойылады.

Сабақты бекіту. Сабақ Жүсіп Баласағұнның «Біле бер қанша білсең, тағы тіле. Жетерсің мақсатыңа біле-біле» деген нақыл сөзімен қорытындыланады.

Үйге тапсырма беру. Үйге етістік туралы ертегі беріледі.

Райкүл ҚАРАТАЕВА,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданындағы
№250 мектеп-лицейдің мұғалімі.

ҚАСЫМНЫҢ «ДАУЫЛЫ»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға Қасым Аманжоловтың ақындық ерекшелігін, ақын өмірі мен «Дауыл» өлеңінің байланысын ұғындыру; **тәрбиелік** – оқушыларды Қасым поэзиясы арқылы Отанды, туған жерді сүйге, сезімталдыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу мәдениетін, дүниетанымын кеңейту, даралап, деңгейлеп оқытуда өз бетімен шығармашылық жұмысқа дағдысын дамыту. **Сабақтың тегі:** жаңа сабақты меңгерту. **Түрі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, баяндау, оқыту, талдау, мазмұндау. **Көрнекілігі:** Қасым портреті, қанатты сөздер, өлең жолдары, тірек-сызбалар, т.б.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.


II. Өткен сабақты сұрау. Қажымұқанға мінездеме.

III. Өткен сабақты бекіту. «Қажымұқанды кім деп таныдық?» (Топтастыру стратегиясы) Қажымұқан — намысты ер. Ата-анасына мейірімді. Атақты спортшы. Халық мақтанышы.

IV. Жаңа сабаққа даярлық. Қасым ақын туралы білетіндерің бар ма?

V. Жаңа сабақ. А) Ақынның өмірі мен шығармалары жөнінде мұғалім сөзі. «Ақылшы, адал, шыншыл мінезі өзімен бірге өлген жоқ, тамаша өлеңдерінде жүр». (Тахауи Ахтанов).

«Маған айтып берсең ұмытып қалармын, жазып көрсетсең есіме сақтармын, өзіме жасатсаң үйреніп алармын». (*Шығыс нақылы*).



Ә) «Дауыл» өлеңін мәнерлеп оқу. Сұрақ қойылады.

1. Дауылды қалай түсінесіңдер?
2. Қатты соққан дауылды көрдіңдер ме?

Сөздік жұмысы

Дауыл – зат е. Шаңдатып, борандатып алай-түлей, қатты соққан жел.

Жасын - зат е. Найзағай.

Сырғауыл – зат е. Жіңішкелеу келген ұзын ағаш.

Керуен – зат е. Алыс жерге жүк тасу немесе сауда жасауға арналған көлік тізбегі.

Көк дауыл – аязды, қарлы боран.

Қара дауыл – шаң, топырақ көтеріп соғатын дауыл.

VI. Бекіту жұмысы. А) Ұжымдық жұмыс.

1. Алдыңғы екі шумақта баланың көңіл күйі, мінезі айтылып тұр ма?

Баланың осы әрекеті нені байқатады? Қандай ат қоюға болады? (*Алаңсыз ойын баласы*)

2. Өлеңнің 3,4,5-шумақтарындағы дауылға көңіл аударып,

оған мінездеме беріндер. Қандай ат қоюға болады? (Дауыл арқылы келген жаңа өмір).

3. Соңғы екі шумақ өлеңнің түйіні екенін аңғарып, лирикалық кейіпкерге (ақынға) дауылдың қандай әсері болғанын айтыңдар. Қандай ат қоюға болады? (Дауылдан жаралған өжет жігіт).

Ә) Лирикалық өлең туралы талдау.

1. Лирика түрі: көңіл-күй лирикасы.

2. Тақырыбы: лирикалық кейіпкерлердің өз өмірін дауыл арқылы толғауы.

3. Идеясы: ақынның өз өлеңі арқылы алға ұмтылуы, қайсарлығы.

4. Лирикалық кейіпкерге мінездеме беру.

Алаңсыз балалық шақ. Дауылдатып жеткен жаңа өмір. Дауылға қарсы тұрар мойымайтын, қайсар жігіт.

Б) Деңгейлік тапсырма.

I деңгей: өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын айту.

II деңгей (алгоритмдік): өлең құрылысына талдау.

Жүгі/ру/ші ем/жа/ры/сып, 7 буын а

Са/рыар/қа/ның же/лі/мен. 7 буын б

Ой/нау/шы е/ді а/лы/сып 7 буын а

Соқ/қан да/уыл ме/ні/мен... 7 буын б

4 тармақ, 1 шумақ, 7 буынды, шалыс ұйқас.

III деңгей: эвристикалық деңгей – өлең ішіндегі сөздерге мақал-мәтел жазу.

Сөздер	Мақал-мәтел
Жасымда	
Ойнау	
Аспан	
Дүние	
Жігіт	

IV деңгей: шығармашылық деңгей.

Кейіпкерге хат жазу.

VII. Бағалау.

VIII. Үйге: өлеңді жаттау.

БАУБЕК БҰЛҚЫШҰЛЫ. «ШЫҒЫС ҰЛЫНА ХАТ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) Баубек Бұлқышұлы өмірінен, шығармашылығынан мағлұмат бере отырып шығарманың жанры, көркемдік ерекшеліктерін тану; 2) өзіндік ізденіс жұмысына баулу; 3) отаншылдыққа, азаматтыққа тәрбиелеу.

Түрі: ғылыми-мәжіліс сабағы. **Типі:** Жаңа сабақты түсіндіру. **Әдіс-тәсілдері:** СТО жобасының стратегиялары («Қос жазба күнделік», «Бес жол өлең», «Авторға хат»).

Көрнекілігі: Баубек Бұлқышұлының портреті, «Заман біздікі», «Адамзатқа хат» жинақтары, батырлық, ерлік жайлы мақал-мәтелдер.

Сабақ барысы. I. Ой қозғау. Кәне, балалар, «Соғыс» сөзіне «Бес жол өлең» құрастырайық.

Соғыс

Қанды, қайғылы. Зардап әкеледі, өлтіреді, қиратады. Жан түршіктірерлік оқиға.

Майдан.

II. Мағынаны ажырату. ССРО-Германия соғысында Жеңіске жеткенімізге 66 жыл толып отыр. Ол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ.

Сабағымыз «Ғылыми-мәжіліс» түрінде өтеді. Әр ғылым саласынан келген оқушы-ғалымдар, яғни, тарихшы, әдебиетші, жас ақындар, жас актерлер, жас журналистер дөңгелек үстелде отырады.

Бүгінгі сабағымыз бар болғаны 28 жыл ғұмыр кешіп,

соғыста қаза болған, ақын, публицист, жауынгер жазушы Баубек Бұлқышұлы туралы. Аз ғана ғұмырының өзінде артына өшпес мұра қалдырады. От пен оқтың арасында жүріп жалынды жырлар, мақалалар жазды. Соның бірі – эпистолярлық жанрда жазылған «Шығыс ұлына хат» шығармасы. Эпистолярлық жанр дегеніміз – хат түрінде жазылған шығарма.

- Ал бұл хаттың ерекшелігі неде?

- Бұл хат - барлық Шығыс ұлдарына, яғни, Отанын жаудан қорғаушыларға арналған үндеу. Майдан жауынгерлерін ерлікке, отансүйгіштікке, жаумен өліспей беріспеуге шақырады. Енді сөзді ғалымдарға берейік.

Тарихшы: - Баубек Бұлқышұлының өмірі – біздің ағабуынның, аға ұрпақтың өмірі. Баубек 1916 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау өңірінде дүниеге келген. Ауыл мектебінен оқып сауаттанады. Ата-анасы – Бұлқыш пен Бәтима өнерлі адамдар екен. Әкесі сөзге шешен, шешесі әнші, ақжарқын, қонақжай кісілер болған. Осындай адамдардан тәрбиеленген Баубек те өнерқұмар, кеңпейілді болып өседі. Қатал тағдыр оны әуелі анасынан, артынан әкеден айырып, немере ағасының қолында тәрбиеленіп білім алады. Отан оған ананы да, әкені де жоқтатпайды. 1932 жылы Қарсақбай зауытындағы ФЗУ-ға оқуға түседі. Баубек арманшыл еді. Ақын да, күйші де, тарихшы да, инженер де болғысы келеді. 1934 жылы ФЗУ-ды бітіргеннен кейін түрлі қызмет істейді. 1935-38 жылдары «Балалық шақ», «Ауылдан – Алматыға» әңгімелер жазды. Алматы оған шығармашылық қанат бітіреді. «Сен туралы, сенің батыр ұлдарың туралы жазамын. Оны «Алматылықтар» деп атаймын» деді.

Шынында да, «Алматым-қалам менің» романын бастады, өкінішке қарай, аяқталмады. 1938 жылы «Ленишіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетіне әдеби қызметкер, одан кейін «Октябрь балалары» (қазіргі «Ұлан») газетінің балалар шығармашылығы бөлімін басқарады. Талапты жастың талай

асыл арманы орындалмады. 1940 жылы Финляндиямен арада соғыс өрті тұтанғанда әскер қатарына алынады. Жақсы жауынгер, батыр солдат болды. Не үшін, кім үшін соғысатынын айқын түсінді. Офицерлік дәрежеге дейін көтерілді. 1944 жылы Украинаның Ново-Юльевка селосын азат ету жолында опат болды. Жан аямай күресу керектігін, фашизмді жеңу керектігін өзіне де, өзгеге де ұран етті. Денесі – сол елдегі бауырластар зиратында.

«Күресіп өлген адамның өмірі – өмір» дейді ақын. Біз осыны түсіндік.

Әдебиетші: - «Жазуға емес, білуге асығу керек» деген ақын 1938-40 жылдары көп оқыды, көп жазды. «Айсұлу» поэмасын жазды. Майдан даласында жүріп екі тілде шығармалар жазды. 1943 жылы «Заман біздікі» деген атпен жинағы шықты, таңдаулы өлеңдері басылды. «Менің бұл жазғандарым келешекте біздің осы ұлы күресімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене тетігіне тиянақ болуға жараса, менде одан асқан арман жоқ. Ол зерттеушілер біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, қуана да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болғаны» деген Баубек.

(Жас журналистер Баубек Бұлқышұлы туралы естеліктермен таныстырды).

«Достық, достық! Армансың ғой сен маған! Шын ұрысып достаса білден артық не қызық бар! Ондай достықты мен басымнан бір-ақ рет кешірдім. Дос өлді, достық та сөнді! Қайран, Баубек! Ол – меңіреу тыныштықта, мен – әбігер ойдамын...» **(Мұқан Иманжанов).**

«...Елін сүйген, құрметті қазақ-жауынгер, аман-сау бол, бар күшіңмен, жігеріңмен фашист жендеттерін талқанда. Сен жалғыз емессің, сенің тылыңда тағы миллиондаған адам бар, олар қай уақытта болсын, саған көмекке баруға дайын, барады да!» **(Сәлеммен сені ерекше құрметтейтін украинка Дуся.)**

Сөздік жұмысы. *Блиндаж* – санарядтан, бомбадан қорғану үшін қазылған орын. *Забойшы* – кен қопаратын адам, кенші. *Түстік* – оңтүстік жақ. *Тулақ* – жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін пайдаланылатын кептірілген тері.

III. Рефлексия. Сабағымызды қорытындылайық. Тарихшы Баубек ағаға хат жазса, әдебиетші шығарма туралы өз пікірімен бөліседі.

- Сәлеметсіз бе, Баубек аға! Мен сізге арнайы хат жазып отырмын. Менің бұл хатта айтарым шексіз. Ең алдымен сіздің ерлігіңіздің алдында бас иемін! Сіз бір қолыңызға қару, екінші қолыңызға қалам алып жауға қарсы соғысқан батырсыз.

Сіз Отан алдындағы парызыңызды толығымен өтедіңіз. Сіз соғыс кезінде де қолыңызға қалам алып, талай тамаша өлеңдеріңізді шығардыңыз. Өлеңдеріңізде жауынгерлерді ерлікке, отансүйгіштікке, өмірге деген құштарлыққа баулып, өмір үшін күресу керек екенін жазасыз. Жауға өшпенділік, жеңіске деген сенімді көрсетесіз. Еліміз сіз сияқты ардақты ұлдың болғанын мақтан етеді.

7-сынып оқушысы Ақжарқын Есенова.

«Қос жазба күнделік»

Ұнаған үзінді	Үзінді туралы пікірім
Шығыс ұлы! Сонау туған өлкең Арқаны еске түсірші. Ондағы мейірімді халықты, бізді тәрбиелеп өсірген Отан – ананы еске түсірші! Сен оларды сүйетін едің. Бүгін сол шын махаббатты іс жүзінде көрсету керек боп тұр.	Отанын, халқын қастерлеп, көзінің қарашығындай көретін Шығыс ұлының бойына күш-жігер беріп, сенім ұялатады. Сол сүйікті Отан, халқымыз, бала-шағамызға қауіп төніп тұрғанда бір адым да шегінбейміз дегенді ұғуға болады бұл үзіндіден.
<i>Ұлан Тәжібаева</i>	

Мұғалімнің қорытынды сөзі. - Иә, Баубек қанатты ой иесі, арманшыл жас еді. Ол шат өмірді, жастық дәуренді, қаһарман халықты, жүрекке нұр күйған заманды жыр етті. «Шығыс ұлына хат» еңбегінен туған ел, өскен жер, дос,

жолдасқа, туған-туысқа деген шынайы сүйіспеншілікті көреміз. Баубек Бұлқышұлы өмірі, оның күресі, шығармашылық еңбегі – барлық жасқа өнеге.

«Жоқ, болмайды, мен өлмен,

Өшпес менде өмір бар.

Өлім мен өмір күресте

Өлімді өмір жеңе алар» деген сөзімен сабақты

аяқтаймын.

Үйге тапсырма: «Ел ертеңі – біздің қолымызда» тақырыбына ой толғандар.

Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағаланады.



Айша ӘЛДИБЕКОВА,
Талдықорған қазақ-түрік
жасөспірімдер лицейінің мұғалімі.

ШЫҒАРМАНЫҢ СТИЛЬДІК, ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ, ЕЛЖАНДЫЛЫҚ СИПАТЫ

(Баубек Бұлқышұлы. «Шығыс ұлына хат»)

Сабақтың мақсаты: шығарманы мазмұндап, ой елегінен өткізіп, жанрлық ерекшелігін таныту; жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыру; оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыру. **Сабақ түрі:** “Футбол” зияткерлік ойын сабағы. Проблемалық дамыта оқыту технологиясы арқылы ортақ міндеттерді шешу 4 кезеңнен тұрады, оқушылар сабақ барысында ортақ нәтижеге

қол жеткізеді: 1) оқып үйрену; 2) меңгеру; 3) өмірге ендіру;

4) дамыту.

Сабақтың барысы.

1941 жылғы қанды оқиға жайындағы бейнетаспадан, сюжетті оқиғадан үзінді көрсетіледі.

Сабақты жауынгер сөзімен бастау.

... Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуға жараса, менде одан басқа арман да жоқ, ол зерттеушілер біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, қуана да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болғаны.

Сабақтың 1-кезеңі. Іріктеу сұрақтары арқылы топтың құрамы айқындалады.

1. 1944ж. Украинада қаза тапқан жазушы.
2. Жазушы әдеби қызметкер болған газет атауы.
3. Бөлім меңгерушісі болған газет атауы.
4. Әскер қатарына шақырылған жылы.
5. Әскери училищеде оқыған жері.
6. Поэмасының аты.
7. Қаламгердің орыс тілінде жазған мақалаларын қазақ тіліне аударған жазушы.
8. Бітпей қалған роман атауы.
9. Соғыс жылдарында жазған мақалалары.
10. Жазушының туған жері.
11. 1937 ж. түскен оқу орны.
12. Жауынгер жазушының әкесі қатысқан көтеріліс атауы.

2- кезең. Ойынға іріктеу сұрағынан өткен екі топ қатысады. Ойынға қатысушы «қорғаушы», «жартылай қорғаушы», «шабуылшы», «қақпашылар» сұраққа жауап беру бәсеке-сі арқылы сайысады. Ойынның шарты бойынша

қойылған сұраққа қорғаушы жауап бере алмаса, шабуылшы тез жауап қайтару керек. Жауап бере алмаған жағдайда қақпашы да сақ болмаса, қарсылас топ ұпай салады. Ойын осылай жалғаса береді. Сұрақтар мен жауаптары проектор арқылы шығып отырады.

«Шығыс ұлына хат» туындысынан алған білімдерін тексеру сұрақтары:

1. Хат кімдерге арналған, Шығыс ұлы кім?
2. «Дәу қараның» ерлігі туралы не жазылған, жауынгерлер оны неге «Шығыс ұлы» дейді?
3. Отан алдындағы парызын қалай еске алады?
4. Ана, Отан аманаты туралы не айтылған ?
5. «Елім-ай» әнінің мәні неде, хат иесі жауынгерлерді сол әнді айтуға неге шақырады?
6. Жауынгерлерге әл-қуат беріп рухтандырған, үміт нұрын сепкен кімдер еді?
7. Хатта жауынгерлер басынан кешірген ауыр күндер туралы не айтылған?
8. Автор досына қандай талап қояды?
9. «Осыларша өлу біздің де дәстүріміз болу керек»деп кімдерді айтады?
10. Хатта қазақтың қандай қасиетті ұландарының аты аталған, хат иесі олардың есімін неге келтірген?
11. Фашистердің шабуыл жасаудағы айласын автор қалай баяндайды?
12. «Өлімнен ұят күшті» деген халық мақалы арқылы хат иесі не айтпақшы болған ?
13. «Мықты бол, Шығыс ұлы!» дейді, осы сөздің мәнісін түсіндір.

(Ойын төрешісі әр оқушының жіберген ағаттығын, белсенділігін спорт тілімен қалт жібермей айтып отырады).

3-кезең. “336” әдісімен оқушыларды іздендіре отырып, ұжымдық тапсырмалар арқылы жаңа сабақтың стильдік,

жанрлық ерекшелігін ашу.

Әр топ тиісті ұяшықты таңдап алады, ұяшықта ойталқы тапсырмалары берілген. Таңдап алған ұяшықта көрсетілген тапсырмалар “336” әдісінің талаптарымен орындалуы шарт.

1

2

3

«336» әдісі

ҮШ ТӨП

ҮШ МИНУТТА

АЛТЫ ПІКІР АЙТУ

Оқушы пікірі мына сұрақтар төңірегінде болады:

> Қалай ойлайсыңдар, Баубек хатының маңызы, мәні неде, не айтпақшы болған?

> Автор айтар ойын, мақсатын неге хат арқылы берген, неге осы жанрды таңдап алған?

> Хатты қандай көңіл-күймен жазған, оның хат идеясын ашуда маңызы, рөлі бар ма?

Оқушы пікірімен сабақтастыра отырып, жаңа сабақтың түйінін өздері айқындайды. Шығарманың хат түрінде сырласа, арнау ретінде жазылғандығымен ерекшелетіндігін меңгереді. Негізгі ойдың түйінін ашатын жетек сұрақ қойылады.

• Осы көркемдік тәсілді автор не себепті, қандай артықшылығына бола таңдаған?

(Оқушы назарын жазылған анықтамаға аударып, жанрлық ерекшелігі меңгертіледі.)

Эпистолярлық жанр.

- Хат түрінде жазылған шығарма.
- Тарихи мәні бар хаттар.

Оқулықпен жұмыс.

1. Хаттан көтеріңкі леппен шақыру, үндеу мәнінде жазылған жалынды сөздерді тауып, оларды пайдалану орнын анықталады.

2. Халықтық мақал-мәтелдерді табу, олардың хаттағы маңызы, пайдаланылу мақсаты туралы оқушылар пікірін жаңа сабақ тақырыбымен сабақтастырып, тың деректердің ерекшелігімен көрсетілім арқылы көз жеткізу.

Стильдік тәсілі.

▪ Көркемдік шеберлігі қаламгерлік талантынан танылған.

- Авторлық баяндаумен берілген.
- Кейіпкерлерге қаратыла айтылған.
- Қайғысына ортақтастығы әсерлі берілген.
- Саяси-көркем проза.
- Ақиқат өмірдің сырлы суреті айқын, оның арқауы —

шындығында.

Сабақты қорыту. Баубек Бұлқышұлының жастарға қарата айтқан жалынды сөздерінен көрінетін автордың өз тұлғасы ашылады. Оқушылар автор бейнесін ашатын, хат иесінің кім екенін танытатын сөздерді, ойларды табады. Хаттан үзінді оқыта отырып, патриотизмге, оптимизмге толы хат жолдарынан хат иесін «романтик» деп атауға болатынын дәлелдейді.

Романтик

- Асқақ ойға бейім, шабытты.
- Өмірдің жарқын сәулелі жақтарын көруге бейім, айрықша сезімтал.
- Өмір құбылыстарын ұшқыр қиялмен ұштастыра көркемдеп көрсету шабыты басым.

Автордың өз тұлғасы

**Биік арманға ұмтылған романтик.
Соғыс құрбаны.
Жалынды әрі патриот публицист.**

Шығармашылыққа баулу мақсатында оқушыға бағыт-бағдар бере отырып, берілген тақырыпқа шығарма жазу тапсырылады. Берілген сөйлемдегі ойды жалғастыруға да болады.

Біз – жеңімпаздар ұрпағымыз

Жеңіс күні алыстаған сайын ержүрек батырлардың өшпес қаһармандық ерлігі бұрынғыдан да жаңғырып жарқырай бермек. Отанды қорғау – қазақ халқының ежелден қалыптасқан, қанына сіңген қасиетті борышы.

ЖАМБЫЛДЫҢ «ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ» ӨЛЕҢІ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру, «Ленинградтық өренім» өлеңінің шығу тарихымен таныстыру; **дамытушылық** - өлеңді тыңдау, оқу, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау шеберлігін, сөйлеу, жазу мәдениетін жетілдіру, білімге деген құштарлығын арттыру; **тәрбиелік** - Жамбылға деген сүйіспеншілікті ояту, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Әдісі:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, көрнекілікпен жұмыс, түсіндіру, топтастыру, шығармашылық жұмыс. **Типі:** ұжымдық. **Көрнекілігі:** Жамбыл портреті, «Жамбыл әлемі» - кітаптар көрмесі, газет-журналдардан естеліктер, видеофильм, ұнтаспа, дидактикалық материалдар, кодоскоп, домбыра. **Пәнаралық байланыс:** тарих, орыс әдебиеті, қазақ тілі.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. М.Базарбаев, Х.Әдібаев. «Қазақ әдебиеті»; 2) Жамбыл. «Халық - менің шын атым». (Өлең - жырлары мен айтыс, дастандары). А., «Атамұра», 2008; 3) Жамбыл. Шығармалар жинағы.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру: а) оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу; ә) оқушылардың назарын сабаққа аударту.


II. Үй тапсырмасын сұрау.

Жамбыл өмірі мен шығармашылығы.

Оқушыларға «Өлең сөздің даңғылы» (Ақын өлеңдеріне шолу), «Менің пірім -Сүйінбай (Ақындық шеберлігі, айтысы), «Дастандары», «Домбырам – найза, жырым – оқ» (Соғыс тұсындағы өлеңдері), «Ақын және заман» (Жаңа өмірді дәріптейтін өлеңдері), т.б. тақырыптарда мәнжазбалар берілді. Оқушылар осы тақырыпта өз ойларын айтады. Өлеңдері жатқа оқылады.

III. Өткен тақырыпты топтастыру әдісімен бекіту.

Жамбыл тауының 1945 жылы
етегінде 1846 ж. туған. қайтыс болған. Сүйінбайдың шәкірті.



IV. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

«Жүзге кеп бақыт тапқан - ақын Жамбыл,
Дүниеге түгел кеткен атың Жамбыл».

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – «Ленинградтық өренім» атты өлеңімен танысу.

«Жамбыл Жабаяев» видеофильмінен үзінді көру.

Көркем фильмдегі нақты мәліметтер арқылы оқушылардың «Ленинградтық өренім» арнау өлеңінің шығу тарихымен таныстыру.

Жамбыл – екі дәуірдің куәсі болған ақын. 1916 жылы Амангелді секілді халық батырларын жырға қосты, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол Ленинград қорғаушыларына арнап «Ленинградтық өренім» өлеңін жазды.

Бұл өлең - 1941 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) жау қоршауында қалған кезде шығарылған өлең. Жамбыл бұл өлеңінде ленинградтықтардың қаһармандығын көрсетіп, ауыр қиындықтарды бастан өткізген өрендерді жыр етеді.

Қала халқының әрі жау шабуылына, әрі азық-түлік тапшылығына ұшырап тұрған кезінде Жамбылдың бұл өлеңі Ленинградты қорғаушыларға зор қуат берді. Соғыстың қиын кезеңінде Отанға деген ыстық сезімнен туған бұл өлеңнің идеялық маңызы өте зор болды.

*Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін,-*

деп бастайды да, Жамбыл Кеңес халқының жауға деген өшпенділігін айтады, қаһарман қаланың ерлік, революциялық дәстүрін, мызғымас беріктігін жырлайды. Ақын «Жата алмаймын төсекте, жаным қалай жайланад»-деп өзін олармен бірге санайтынын, бүкіл халық оларға қамқорлық жасайтынын білдіреді.

Жамбылдың өлең-жырлары орталық газеттерде және майдан газеттерінде басылды. Әсіресе, майдандағы әскерлер Жамбыл өлеңдерін сүйіп оқыды. Олардың сол кезде Жамбылға майданнан жазған хаттарынан жоғары идеялы көркем шығарманың рухтандырғыш тәрбиелік рөлі байқалады. «Сүйікті Жамбыл,-деп жазылған бір хатта,-

майданға қазақтың артистері келіп кетті, сенің жырыңды айтты. Тамаша екен. Мың рахмет!». Басқа да командирлер мен жауынгерлердің майданнан жазған хаттарында Жамбыл өлеңдерінің осындай зор қуаттандырғыш әсері айтылады. Жауға оқ болып тиген жалынды, патриоттық сезімге толы өлеңдерімен Жамбыл халықтың жауға деген өшпенділігін күшейтті. Өзінің жалынды жырларымен жауды жеңу ісіне көмектесті.

V. Жаңа тақырыпты бекіту.

1) «Ленинградтық өренім» өлеңін мәнерлеп оқу, тыңдау, жоспар құру.

а) *«Бағынбаған Ленинград».*

ә) *«Жүз жасаған жүректен».*

2) Топпен жұмыс. Оқушылар әр топта өздеріне берілген шумақты талдайды.

3) Жамбыл туралы білгенімізді пысықтау үшін «Сандар сөйлейді» ойынын өткіземіз.

Экранда 1 мен 9 аралығында сандар шығады. Ол сандардың артында сұрақтар бар.

1. Жамбыл қай жылдары өмір сүрген?

2. Ленинград қаласы қазір қалай аталады?

3. Жамбылдың шығармаларын ата.

4.«Ленинградтық өренім» өлеңі кімге арналған? Қай жылы жазған?

5. Бұл өлең жауынгерлерге не берді? (күш, рух).

6. Айтыс туралы не білесің? Жамбыл кімдермен айтысты?

7. Жамбылды қандай адам деп айта аламыз?

8. Жамбыл өлеңінде Ленинградты неге теңейді?

9. Ақынның жауға деген ыза-кегі өлеңнің қай жолдарынан көрінеді?

VI. Шығармашылық жұмыс.

Оқушылар өздерінің «Жамбыл атаға» шығарған шығармаларын оқиды.

VII. Қорытынды.

Жамбыл өз заманының тұтас келбетін жасады, ақындықтың сарқылмас қазынасына, жырдың алтын деңгейіне, тозбайтын асылына, өшпейтін өнегесіне, ұлы мектебіне айналды. Нені жырламасын, нені толғамасын, ол шыншылдықпен, ұлылықпен жырлады, сөйтіп өзі өмір сүрген дәуірдің тұтас келбетін жасады. Ақынның ұлылығы да – міне, осында.

ҮІІІ. Бағалау.

ІХ. Үйге тапсырма: 1) өлеңді жаттап келу; 2) ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер жазу.



**Бақытқаным МИЗАМБАЕВА,
Жәңгір хан орта мектебінің
мұғалімі.**

Батыс Қазақстан облысы,
Бөкей ордасы ауданы.

ҚАРАУЫЛБЕК ҚАЗИЕВ. «МЕНІҢ ШЕШЕМ»

Сабақтың мақсаты: а) 1941-1945 жылдар аралығындағы соғыс кезеңінде тылдағы ана мен баланың қажырлы еңбегін, төзімділігін ұғу үшін әңгімені қызыға талдауға жетелеу; ә) аналардың өмірін сабақпен байланыстыру, өз пікірін айтуға дағдыландыру, көркем сөйлеуге үйрету; б) ана бейнесі арқылы адамгершілікке, елді сүйуге, достыққа, қайырымды, мейірімді, кішіпейіл болуға, Отан үшін от кешуге тәрбиелеу.

Әдісі: ой белсенділігін дамыту. **Түрі:** танымдық сабақ.
Көрнекілігі: тірек-сызбалар, мультимедиа экранынан соғыс бейнесі, сөздік жұмыс, жоспар. **Пәнаралық байланыс:** тарих, саз, биология.

Сабақ барысы.

Жаңа сабақ.

Қарауылбек Қазиев 1939 жылы Жамбыл облысы, Шұ ауданының Жамбыл атындағы колхозында дүниеге келген. 1984 жылы қайтыс болған. Алғашқы әңгімесі - 1968 жылғы «Ақ бантик», туған жерге деген махаббатын «Иманжапырақ» повесінде бейнелеген. Бұлардан басқа «Үркер», «Кемпірқосақ», «Ақ шуақ» шығармалары бар. «Оралу» атты пьесасы бар. Бүгін біздің оқығалы отырған әңгімеміз - «Менің шешем». Әңгімеде 1941-45 жылдардағы соғыс кезінде тылда еңбек еткен аналардың, балалардың төзімділігі, қайраттылығы суреттелген... Бұл соғыс біздің маңымызға дейін жетті. 1942 жылы фашистер Сталинградқа жақын келген кезде Орда ауданының аумағы соғыс аймағында қалды. Әйелдердің жетекшілігімен майданға ет, астық май жіберілді. Шоңай стансасы бомба соққысынан бірнеше қайтара зардап шекті.

1942 жылы фашист самолеттері санитар поездға шабуыл жасады. Шоңай, Сайқын стансаларына 22 топталған, 12 жекелеген шабуыл жасалды. 138 жау ұшағы қатысып, 538 бомбасы тасталды. Бомбадан Шоңай, Сайқындардың вокзалы, су құбырлары, дүкендері қирады.

Соғыстың зардабын жазушы Қарауылбек Қазиев өз анасының өмірінен алып бізге ұсынып отыр.

Осы әңгімеден шағын көрініс қоямыз. Көріністің арасында әрбір оқушы әңгімеден үзінді оқиды, сол арқылы жазушының тілдік сипатын, ананың бейнесін ашып отырамыз.

I. 1. Көрініс: “Ана мен бала”.

Жұмысқа асыққан ана.

2. Әңгімеден оқушы үзінді оқиды.

- Осы үзіндіде жазушы қандай тәсіл қолданған?

Ананың бейнесі ашылады.

Ана елгезек, еңбекқор, асығыс.


3. Әңгімеден оқушы үзінді оқиды.

- Жазушы осы үзіндіде анасы туралы қалай толғанады?

4. Әңгімеден оқушы үзінді оқиды.

- Жазушы мұнда қандай көркем суреттеуді қолданған?


Соңғы сөйлемде қандай мән бар?



5. Көрініс. Ананың баласы шығып сөйлейді.


Ана жұмыстан келеді. Бала нан сұрайды...

6. Оқушы әңгімеден үзінді оқиды. Осы үзіндіден ананың бейнесін ашамыз.




II. Көрініс: “Ауданнан келген өкіл мен ана”.

- Көріністен ананың қандай қасиетін байқадыңыздар?



VI. Көркем тәсілдердің кестесін толтыру (Теңеу, эпитет, мақал-мәтел, метонимия, т.б.)

VII. Әңгіменің  тақырыбы
идеясы

VIII. Аналарға сөз беремін.

Соғыс кезінде көргендерін айтты.

IX. Аналардың әңгімесін қатыстыра, оқушыларға шығармашылық жұмыс.

X. **Үй тапсырмасы:** әңгіменің композициясын жазу, «Ана мен бала», «Әженің әңгімесі», «Менің шешем» тақырыптарының біріне ойтолғау жазу.



Майрагүл ХАМЗА,
Шона Смаханұлы атындағы
№62 гимназияның мұғалімі.

Алматы қаласы.

«БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» атты шығармасын талдай отырып, мазмұнын меңгерумен шектелмей, оқушыны образдарға тереңдеп баруға, шығарма кейіпкерлерінің ішкі сарайын, сезім сырларын ұға келіп, жетім қалған балаларды бауырына басқан абзал жандар арқылы бауырластық деген не екенін

ашу; **дамытушылық** - оқушылардың өз бетінше ізденісте топта жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, басқаларды тыңдау, өз көзқарастарын дәлелдеп қорғай білу қабілетін, сонымен бірге пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қолдана білу дағдыларын арттыру; **тәрбиелік** - сұхбаттасу мәдениетін қалыптастыру, ортақ пікір, тиянақты тұжырымдама жасауға баулу, оқушыларды адамгершілік, қайырымдылық, бірлік, достық, бауырластық рухында тәрбиелеу.

Түрі: оқығанды қорытып жүйеге келтіретін, ой дамытатын шеберлік сабағы.

Әдіс-тәсілі: сын тұрғысынан ойлап талдау жасау және өз пікірін қорғау.

Көрнекілігі: электронды оқулық, слайд, сызбалар.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушының сабақ дайындығы тексеріледі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Оқушының үй тапсырмасын дайындап келгені, орындалғаны анықталады. Пайда болған олқылықтарды мүмкіндігінше жоюға тырысу.

Сабақ кезеңінің мазмұны:

1. Мұхтар Мағауиннің өмірі туралы қосымша ізденіп келу;
2. «Бір атаның балалары» әңгімесіне жоспар құру, әр бөлімге ат қою;
3. Қандай тарихи оқиға кезінде туындаған шығарма?;
4. Ол туралы не білесіңдер?

III. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

- Міне, балалар, өздерің айтып өткендей, халық басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдерді де шыдамдылықпен, қажырлықпен жеңе білді. Сондай ел басына күн туғанда жатты да жатырқамай бауырына басқан халқымыздың мейірімділігі мен адамгершілігі осы шығармада ерекше көрініс береді. Олай болса, балалар, жат деп айтып

отырғанымыз қай кейіпкер еді?..

- Ал, енді сол Зигфрид қалай Зекен Ахметұлы атанды екен? Көрініспен көрсетіп жіберіңдер...

- Тілін кәлимаға қалай келтірді? (Қалай қазақ тілін үйренді?..)

- Қалай қазақ жігіті атанды ? (Сүндетке отырғызды).

- Асықты жілік ұстау тойы қалай өтті?

- Қара сирақ қара торы балаға қалай айналды?..

- Суға шомылуға барғанда балалар оны неге жаратпады?..

- Ахметтің қамқоршысы, көмекшісі бола алды ма?..

- Республиканың тең құқылы азаматы атана алды ма?..

- Осындай жетістіктерге жетуге кімнің ықпалы болды?..

- Балалар, кейіпкерімізбен толық танысып алдық. Осы әңгімеде тағы кімдер қандай мінездерімен, іс-әрекеттерімен көрінеді.

(Оқушыларға тапсырмалар таратып беремін, сол тапсырмалардың біреуіне ғана жауап жазады да, жанындағы отырған оқушымен ауыстырады, бір-біріне пікір жазып бағалайды. Уақыты - бір минут.)

Тапсырмалар	Зигфрид	Ахмет	Дәуренбек
Портреті			
Мінез-құлқы			
Әр түрлі әрекеттері			
Кейіпкердің ұстанымы			

Оқушы пікірі _____

Бағасы _____

IV. Ойын.

- Ал, балалар, тақтаға қараңдар, тамырын тереңге жайған алып бәйтеректің суретін не үшін салдық деп ойлайсыңдар?

(Оқушылардың жауабы)

- Бұл тамырын тереңге жайған алып бәйтеректі қазақтың тарихы десек, оның әрбір жапырағы жайнаған бейбіт өмірді бейнелейді. Осы бір мәуелі ағаштың жемістері де пісіп тұрған секілді. Олай болса, сол тәтті де дәмді жемістерді жинап алайық. Оның бір жолы бар: бір алма алсаң бір сұраққа жауап бересің.

V. Слайдпен көрсетілген сұрақтарға оқушылар кітаптан оқып жауап береді.

- Балалар, сұрақты оқып алып, оқулықтан автордың сөзімен жауап беріңдер.

1. Шығармада соғыс зардабы. ауыл адамдарының көнбіс тіршілігі кімнің сөзімен қалай берілген?

2. Ахмет пен Дәуренбек арасындағы түсінбеушілік неден басталды?

3. Зигфрид үшін Ахмет қандай әрекеттерге барды, оның қандай тәрбиелік мәні бар?

- Өздерің үйден әңгімені толық оқып келдіңдер, сол кезде табиғат суреттерін, теңеу, эпитетті байқадыңдар ма? Әңгіме мәтінінен 1-қатар пейзажды, 2-қатар теңеуді, 3-қатар эпитетті тауып көрейік...

Қорытынды.

- Балалар, бүгін біз Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» әңгімесін оқып талдап шықтық. Негізгі кейіпкер Зекен мен Ахметтің бір-біріне сүйеу болғанын, қиындық кезіндегі бауырластықты түсіндік.

Егер біз осы әңгімені талдап, Ахмет атамыздың кең жүректілігіне сүйсініп отырғанда біздің сыныбымызға Мұхтар Мағауин, яғни, автор кіріп келсе не дер едіңдер?

- Сәлеметсіз бе, аға!

«Авторға сұрақ қою» стратегиясы бойынша сұрақ-жауап жұмыстары:

А) Шығарманың аталуында қандай сыр бар?

Ә) Ахмет тәрізді адамдар қазір кездесе ме?

Б) Балалық шағыңыздың осы шығармамен байланысы бар ма?

В) Бір үйдің балалары Нартай мен Ертайды бөлмеуге болмады ма?

Сабақ кезеңінің мазмұны. Мұғалім сөзі: - Адамгершілігі мол, мейірімді, жақсы адам болу үшін ешқандай шекараның, нәсілдің, ұлттық білімнің қажеті жоқ. Жүрек жылуы болса жеткілікті. «Атаның емес, адамның ұлы бола біл... Адам баласына адам баласының бәрі - дос, жолдас, бауыр» (Абай).

Бір-бірімізге қиналғанда көмектесе білуіміз керек.

Балалар, бұл әңгіме бізге II дүниежүзілік соғыс кезіндегі панасыз жетім қалған балаларды бауырына басып, тәрбиелеп елдің адал азаматы етіп өсірген абзал жандар бейнесін береді, ыстық сезім – бауырластықты көрсетеді.

Үйге тапсырма: Ахмет пен Зекен бойындағы өнегелі қасиеттерді жинақтап, шағын әңгіме құрастыру.

Оқушыларды бағалау.

- Сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма?.. Бәріміз “Соғыс болмасын, бейбіт өмір сүрейік!” деген тілекпен бейбітшілік әнін орындайық.



Соғыс зардабы

Тұтқасын маған тастап қол арбаның
Арқалап әкем өлді мол арманын.
О, соғыс, енді қайтып жер бетіне
Әкемді тірілтсең де оралмағын!

Рафаэль Ниязбек.

Ербол ТОҚТАҒАЗЫ,
Лев Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің ізденушісі.

АБАЙ ЖӘНЕ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

Ұлтымыздың ұлы перзенті, дана Абайдың есімі ел көгінде мәңгі жарқырап жанып тұра берері - даусыз ақиқат. Патша үкіметі салтанат құрып тұрған заманда ғұмыр кешкен, өзінің саналы бар өмірінде туған халқының ары мен айбыны, үні мен өлеңі, жаны мен сыры болған ұлы ақынның жүріп өткен жолы өткен ғасырдың басында көгімізде Күн болып жаңа туып келе жатқан алаш рухты қайраткерлерімізге жол сілтер бағдаршысы болды. Халқым деп соғар жүрегі бар алаштың ардагерлері ұлы Абайдың бай қазынасынан нәр алып, сусындап өскендігі аян. Ахмет, Әлихан, Міржақыптар мен тағы басқаларды айтпағанның өзінде, олардың ізін ала келе жатқан келесі бір толқынның ішінде ұлы суреткер Мұхтар Әуезов, әмбебап ғалым Әлкей Марғұландар бар еді. Ахмет, Әлихан, Міржақыптардың алаштық идеясын жалғастыра отырып, бұлар ұлтқа қызмет етуді жан-жүрегімен қалағанды. Абай жолы – алаш жолы болып жалғасты. Осы бағытта академик Әлкей Марғұлан да бар еді.

«...Ол кездегі қараңғылық бұғауында шырмалған халық бұқарасының сезімін бірінші рет оятып, оларға терең философиялық ой айтқан, оларды топастықтан шығарып, нәзік сезімге шақырған, олардың жүрегінде сұлулық дүниесінің сәулесін ашқан Абай екені анық [1. 3]» деп жазады ұлы археолог, этнограф, мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан Мұхтар Әуезовтің туғанына 70 жыл толуы қарсаңында жазған «Алғашқы

өрлеу» мақаласында. Ғұлама бұл жерде ұлы Абайдың қазақ үшін қандай қымбат тұлға екенін танытып отыр. Өзі де Баянауылдай қазақтың қасиетті топырағында дүниеге келіп, бала күнінде ертегі, аңыз, өлең, жыр, шешендік сөздің шалқар теңізінде жүзіп өскен, ұлы ақынның шығармаларын жаттап өсіп, ауылда мұсылманша хат танып, алаш зиялыларының ықпалында болып, губерния орталығы – Семей қаласында оқығаннан кейін Ленинградта екі бірдей мамандық бойынша алған жан-жақты білімін тарих, археология, этнография, әдебиеттану, өнертану салаларында кеңінен қолданып, ұзақ жылдар бойғы табанды еңбегінің арқасында жойқын ғылыми нәтижелерге жеткен кең құлашты, терең ойлы энциклопедист ғалым болып қалыптасу үстіне қоса ұлы Абайды тануға да аз еңбек сіңірмеген. Оқу арқылы өсті. Танып тағылым да алды.

«Абай - әлемдік әдебиеттен белгілі орын алған кемеңгер ойшыл, адам баласын шындыққа, игілік іске, еркіндікке шақырған ұлы ақынның бірі. Ақын жазғандары өзінің бейнелі көркемдігімен сәулетті сұлу дүниедей адам көңілін баурап алса, оның мазмұны да жүрекке сәуле түсіргендей, жаңа бір қызықты, қуанышты дүниеге кіргізгендей болады [2. 2]» деп ұлы ақынға зор құрметін, жүрекжарды бағасын білдіре отырып, Әлкей Марғұлан кемеңгер ақынның қолжазба мұралары осы күнге дейін зерттеліп, бір ғылыми тәртіпке келмегендігіне өкініш білдіреді. Абай мен Шоқанға тән жазу мұраларымен 1927 жылдан бастап таныса бастағандығын, олардың орыс ғалымдарына көп заманнан белгілі болғандықтан, олар туралы бір із болу керек екендігіне сенген ғалым ақыры олар туралы мәліметтердің Мәскеу, Ленинград, Омск, Томск қалаларындағы кітапханалардан, мұрағат қоймаларынан табыла бастағандығына, 1938 жылы Күншығыс халықтарын зерттеу институтының мұрағатынан Абайдың, Құнанбайдың, Ғабитханның 1865-1866 жылдары Халиуллаға жазған хаттарын тапқандығын

қуаныш, ризашылықпен баяндайды. «...Бұл хаттарды жас Абайдың өмірі туралы қағаз бетіне түскен бірінші деректер деуге болады [2. 3] деген болжамды пікірін ұсынады және ол хаттардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 1959 жылғы 6-нөмірінде жарияланғанын, ал оның сақталып тұрған жері – Азия халықтарын зерттейтін институттың мұрағаты (ф. 5 №13, лл. 50-51) екендігін дәлелдеп көрсетеді.

Ал Халиулланың Омскінің кадет корпусында оқыған, Абайдың жақсы көрген інісі, Шоқан сияқты әрі ойшыл, әрі жазушы болғанын таныстыра отырып, жастай қыршын кетіп, артында із қалдырмағандығына қынжылады. Осы Халиулла арқылы Абай орыс әдебиетінің терең сырларын, оның биік тұлғаларын ең алғаш естіп білгенін, Н.Максимов, Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцевтердің жазбаларына қарап, ол Толстойды, Тургеневті, Салтыков-Щедринді, Белинскийді, Добролюбовты тұңғыш рет қазақ тіліне аударғандығын, халық эпосын жинап зерттеуге көп еңбек сіңіргендігін, ең өкініштісі – Халиулланың жастай дүниеден көшіп, оның қолжазбаларының әркімнің қолында кеткендігіне қиналады. «Егер Мұрсейіт қолжазбасының тағдыры тап осындай болса, онда Абай ақынды жарыққа шығару тіпті қиын болар еді [2. 3]» деп жұбатады әрі осы қолжазбаны сақтай білген Абай ауылының өзгеше мәдениеттілігіне ризашылығын білдіріп өтеді.

Абай мұраларына ден қойған ғалым «Осы соңғы жылдар ішінде, Шоқанның әдебиет мұраларын зерттеу үстінде Абай шығармаларының төрт тізбегін таптым [2. 3]» деген қуанышын да жасырмайды. Олар: бірінші князь Кудашевтің тізбегі, екінші Сәдуақас Мұсаұлының тізбегі, үшінші Г.Н.Потаниннің жинағы, төртінші Н.Я.Коншиннің жинағы [2. 3]». Потанин жинағының ішінен Абай жазған «Қозы Көрпеш-Баян қыз», «Жаңа закон» шығармаларын табымыз. Абайдың шығармалары мен өмірбаянына қатысты

деректердің үлкен кітапханаларда, мұрағаттарда жатқанын әрі «Абай» романын жазушы Мұхтар Әуезовтің бұл материалдарды көрмегенін, алайда ондағы материалдармен романда баяндалатын тарихи эпизодтар бір-бірінен алшақтамағанын, қайта бірімен-бірі қабысып жатқанының себебін ғұлама былай деп түсіндіреді: «...Мұханның қариялар аузынан жазып алған әңгімелері өзінің тарихи негізін бергі кезге дейін жоймай, архивте сақталып тұрған деректермен қатар айтылып келгенін көрсетеді [2. 3]».

«Абайдың қолжазба мұралары аз қазына емес, оларды зерттеп соңына түссе, мәдениетімізге күрделі негіз болған бірнеше мәселені шешуге болады, оның ішінде, әсіресе, Абай жырларының қай кезден тарай бастағанын, ол неше жинақпен қай жерде сақталғанын, тағы басқаларды анықтау қажет. Абай шығармаларының қазір басылып жүрген текстінде бірталай қателер, күмәнді жерлер бар. Оларды дұрыстап бір қалыпқа түсіру үшін жоғарыда келтірген нұсқалардың көмегі болатыны сөзсіз. Екінші жағынан, Абайды зерттейтін жас ғалымдар үшін бұлар – соны жатқан байтақ материалдар [2. 3]» деп Әлкей Марғұланның берген бағыты кейінгі абайтанушыларға аз дүние болмаса керек.

Александр II патшаның билік құрып тұрған заманында патшаның ұлы князь Владимирдің қазақ сахарасына келген кезінде 24 жастағы Абайдың түскен суретін тапқан Әлкей Марғұлан Абайдың фотобейнесін тарихи деректермен дәлелдей отырып, сол кездегі жағдайларға, патшаның жарлықтарының түп мәнісіне де назар аударады. «Жас Абайдың фотобейнесінің жарыққа шығуы – ақын Абайдың өмірін толық зерттеп білу үшін аса қымбат деректердің бірі, Абай атын ғасырлар бойы ардақтайтын жарқын бейне [3. 3]». Ал Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбайды біз Әлкей Марғұланның «Ақын өскен орта» мақаласынан мүлде басқаша түрде танып білеміз.

Гоманда бейнеленетін кереғар феодалдық қоғамның өкілі – Құнанбайды Әлкей Хақанұлы «өзі игі, өзі адал, өзі сергек, өзі ойшы [4. 197]» ретінде тарихи құжаттармен жан-жақты дәлелдеп, ұлы Абайдың әкесі Құнанбайдың оқу-ағарту ісі, ел мұңы, ұрпақ тағдырына алаңдаушылық білдіріп, халыққа адал қызмет етуге жанын салғанын танытады. Әлкей Марғұланның «Жұлдыз» журналының 1982 жылғы 4-нөмірінде жарияланған «Ақын туған орта» атты мақаласы Абай мен Құнанбай тану-ға бірден-бір қажетті, құнды материал болып қала беретіні-не күмән жоқ.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» Абай нұсқасы» мақаласында автор ұлы ақын Абайдың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын өз қалауынша өңдеп, ақындық шабытпен 1884 жылы жазып шыққанын, оған «Қозы Көрпеш-Баян қыз» деген атау бергенін талдайды. «Бұл жырға өте қызыққан ойшыл Абай, – дейді академик, - оны Жанақтың жазуынан, Сыбанбайдың, Найман баланың, Айтбай ақынның жырларынан естіп біледі. Әсіресе, қадірлегені – Жанақ ақын айтқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры [5. 75]».

Абай жазған жырдың нұсқасын ғалым одан әрі талдап, зерттей келе, ұлы ақын жазған жыр нұсқасының ішкі құрылысына, мазмұны мен көркемдігіне тоқталады. Абай нұсқасының бір көшірмесі Н.Я.Коншин жинап тапсырған Абай жырларының жинағында Омбыдағы география қоғамының мұрағатында сақталып тұрғандығына сілтеме жасайды. «Ол - өте көлемді, екі мың алты жүз жол. Абай мұны жас кезінде әдемі араб әрпімен жазған. Сөз құрылысы сондай ашық әрі көркем, халықтың жан күйінен шыққан жарқын ойларды Абай сондай жеткізе, келістіре айтып берген.

Жырдың тексінде Абайдың өзіне хас сөздер өте көп. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын Абай көп ақыннан тандап, олардың айтқан нұсқасына өте сын көзімен қараған.

Сенбейтін жерін көріп қалса, оларды қатты сөгіп, «Өтірік айтса, обалы – ақындарға» деп сықақтаған. Бар ақыннан Абайдың таңдап алғаны – Жанақтың айтқаны, өзі жазған нұсқаға негіз болған – осы Жанақ нұсқасы [5, 75]» деп ғалым нақты байлам жасайды. Осы жырды Абайдың сол кездегі аяулы ғалым Г.Н.Потанинге сыйға тартқанын атап өтеді.

Мұнан әрі Әлекең Абай жазған жыр нұсқасын сол кездегі белгілі ақын Бейсенбайдың жаттап алып, Семей уезінің қазақтарына таратқандығын, оны Керейіт Уәйс ақын естіп, Кеңес дәуіріне дейін айтып келгендігін, ал 1924 жылы Уәйістен ұлы Мұхтар Әуезов жазып алып, баспадан шығарғанын тәптіштейді. «Абай нұсқасының ерекшелігі – жыр сюжетіне айрықша көңіл бөлуі, оның тілінің көркем, сұлу шығуына мән беруі, бұл, әсіресе, Баян сұлудың бейнесін суреттеуден ашық көрінеді [5, 75]» дей келіп, Абай жазған жыр нұсқасындағы сұлу Баянды бейнелеген үзіндіні келтіреді. Назар аударып көрейік.

Тал шыбықтай бұралған ол бір керім,

Мінекей, оны да айтар келді жерім.

Аппақ бет, жүзі қызыл, көзі қара,

Қизаш қасы қап-қара сондай көрім.

Тоты құстай жүрісті қылығы бар,

Малың түгіл басыңды берсе де аз.

Сыртынан күлімсіреп сөйлеседі,

Көңілі ешкімді де менсінбейді.

Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар,

Анда-санда болмаса көрінбейді,

Жалғыз жатып жар үшін қылады зар.

Академик ұлы ақынның өзінің толғауынан өткізіп, соңында оларға арнап үн қосатындығын және Абай нұсқасындағы жер, су, қоныс аттарын Радловтың 1862 жылы Аякөз бойынан жазып алған нұсқасынан алғандығын атап өтеді.

Абайдың Радлов пен Жанақтан басқа өте ескі нұсқадан

алған, эпикалы сарынды өзгертусіз тарихи түрде берген тұсын да ашып көрсетеді. Қарабай Аякөзге көше жөнелгенде оның екі қызы Теріскейдегі жайлаулармен қоштасып былай деген:

*Балталы мен Сақалы ел аман бол,
Балдырғанды, Бақалы көл аман бол,
Ақылы жоқ қайын атаң сенен көшті,
Жөргекте Қозы Көрпеш бала аман бол.*

Осы үзіндіні келтіре отырып, «Бірақ Мұхтарға айтушы ақын Уәйіс, одан бұрын Бейсенбай бұл ескі сарынды өзгертіп, «Балталы, Бағаналы ел аман бол» деп жаздырған. Бірақ – дұрысы Абайдың нұсқасы [5. 77]» деген нақты кесімді пікір айтады Ә.Марғұлан.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Абай жазған нұсқасын осылайша талдап, терең зерттей келе, академик Ә.Марғұлан былай дейді: «Халыққа ғасырлар бойы мирас болған бұл «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын Абайдың ақындық жүрегімен жазып қалдыруы – біздегі әдебиет тарихы үшін ұлы табыс. ...Абайдың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» туралы поэмасы - әдебиет бетінен еш уақытта үзілмейтін мұра [5.78]». Академиктің ойлы тұжырымы – бүгінгі және кейінгі әдебиет үшін де маңызын жоймайтын құнды пікір.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына аянбай тер төгіп, зерлі ой-тұжырымдар мен құнды пікірлер айтқан академик Әлкей Марғұлан сөзімен қорыта айтсақ: «Осынша ден қойып, жүйелі түрде зерттелген, қаншама варианттары, нұсқалары екі жүз жыл шамасында жиналып топталған, қазақ халқының мақтанышы болған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры – дүние жүзілік әдебиетке ұлы мұра болған халық ақындарының тамаша шығармасы. Оның басына орнатылған сәулетті күмбезі де ғасырлар бойы халық көзіне елес беріп, екі ғашықтың махаббатын екі мың жылдан аса санаға сәуле

түсіргендей жүректі тербеп келеді [5. 171]». «Санаға сәуле түсіргендей жүректі тербеген» бұл жыр әлі де талай заман тербете берер, ал, Әлкей Хақанұлының зерттеулері бұдан кейінгі зерттеулерге де қайнар бұлақ болып ашыла берері еш күмән туғызбас.

Ал, Абай бейнесі, Абай өскен орта, Абай жырлаған қасиетті жыр Ә.Марғұлан арқылы болашақта абайтану жолында әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, тарихымыздың темірқазығы болып қала берері сөзсіз. Ендеше, «Абай өмірі мен творчествосын зерттеу неғұрлым кең, принципиалды, жан-жақты талқыланса, оның мұрасын зерттеу нәтижелері солғұрлым жемісті, елеулі бола бермек [6. 38]» деген Мұхтар Әуезовтің сөзі бүгін де маңызын жойған жоқ десек, артық айтқандық бола қоймас, себебі: «Абай – біздің ... заманымызға бұрынғыдан да қадірлі, жақын болып барады. Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін қалаушы, қазақтың классиктік поэзиясының сәулелі шыңы, Абайдың азбастозбас даңқының ең ірі айғағы осы деп білеміз [6. 39]».

Абай әлемі Әлкей Марғұлан өміріне, зерттеу ісіне елеулі әсер еткен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Марғұлан. Алғашқы өрлеу. «Лениншіл жас», 1967, 28 қыркүйек, №191.
2. Ә.Марғұлан. Абай қолжазбасы. «Қазақ әдебиеті», 1963, 16 тамыз, №33.
3. Ә.Марғұлан. Жас Абайдың фотобейнесі. «Қазақ әдебиеті», 1970, 2 қазан, №40, 1-3-беттер.
4. Ә.Марғұлан. Ақын туған орта. «Жұлдыз», 1982, №4, 192-197-беттер.
5. Ә.Марғұлан. «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» Абай нұсқасы. «Қазақстан мектебі», 1982, №3. 75-78-беттер.
6. М.Әуезов. Жиырма томдық шығ.жинағы. 19 том. А., «Жазушы», 1985, 38-39-беттер.

Қайрат ШӘРІПОВ,
Кешірімхан Бозтаев атындағы
мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Аягөз қаласы.

МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ЕСІМДІК» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеген ғалымдардың бірі Ахмеди Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тілі”. (А., “Мектеп”, 1974) оқулығында қазақ тіліндегі сөздерді алдымен атаушы сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер деп үш топқа бөліп, атаушы сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістіктерді жатқызады. Осындағы есімдердің өзін атаушы есімдер, үстеуші есімдер деп екіге бөледі. Үстеуші есімдер құрамына *үстеу*, *еліктеу* кірсе, *есімдер мен есімдіктер* атаушы есімдер деп жіктелінеді. Атаушы есімдер мен үстеуші есімдердің бір-бірімен байланысын олардың атаушы, үстеуші мағыналарында келіп “*атаушы*” деген жалпы атауынан ғана емес, есімдік орнына жұмсалудың да байқауға болады.

Атаушы сөздердің құрамындағы есімдіктерді С.Арапбековтің “Қазақ тілі” (Анықтамалық. А., 2004) оқулығында “Зат есім орнына жүретін есімдіктер, сын есімнің орнына жүретін есімдіктер, сан есімнің орнына жүретін есімдіктер, үстеу немесе үстеу мәндес сөздердің орнына жүретін есімдіктер” деп топтайды.

Жоғарыдағы дәйектерді тізбелеп келтірудегі мақсатымыз: біріншіден, сөздердің топталуын көрсете отырып, есімдіктің

үстеу немесе үстеу мәндес сөздердің орнына жүретіндігі туралы мектеп оқулықтарына тақырыптар енгізу арқылы оқушы білімін тереңдету болса, екіншіден, есімдікке берілген анықтамаға толықтырулар енгізу туралы болмақ.

Қазіргі қазақ тілі оқулықтарында “Есімдіктер есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есімнің) атын да, белгісін де, санын да атамай, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады” деп анықтама беріледі. Ереже негізіне сүйенсек, “*Әлдеқайда, әлдеқашан, әрқалай, ешқашан, ешқайда* тәрізді мезгіл, мекен, сын-қимыл сипатындағы есімдіктер зат есім, сан есім, сын есімдердің орнына қалай қолданылады?” деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сауалға жауап ретінде Сейілбек Исаевтың «Қазақ тілі» (А., “Өнер”, 2007) оқулығындағы “*Әрқашан, әлдеқалай, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқайдан* деген белгісіздік есімдіктері үстеу және мезгіл, мекен мәнінде жұмсалып, сөйлемде пысықтауыш мағынасын білдіреді” деген анықтамасын келтіруге болады.

Сейілбек Исаев, Күләш Назарғалиева, Жанат Дәулетбековалардың құрастырған жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулығында (А., «Атамұра», 2002) “Есімдіктің *ешқашан, ешқайда, ешқайдан* деген түрлері үстеу немесе мезгілдік, мекендік мағынаны білдіретін сөздердің орнына жұмсалады” деп түсінік бере келіп: “*Ешқайда болмай шықты оған тең жер. Мылтық оқтағанда оның аузын ешқашан кісіге қаратпа, кісіге қаратып оқтама*” деген мысалдар келтіреді. Бірақ, сөйлем құрамындағы есімдіктер қандай үстеулердің немесе мезгіл, мекен мәндес сөздердің орнына қолданылатынына мысалдар келтірілмейді. Мұндай олқылықтар кітаптан өздігімен іздене білетін саналы шәкірттерге, қала берді жас мамандарға тақырыпты игеруде қиындықтар туғызары даусыз. Сол себептен сөйлем құрамындағы есімдіктердің

басқа сөз таптарымен алмасу мүмкіндіктеріне төмендегідей талдаулар мен мысалдар жасап отырған абзал.

Келтірілген екі мысалдың алғашқысы үстеуге қарағанда мекен мәнделес сөздермен орын ауыстыруға ыңғайлы болса, екіншісіндегі есімдіктің орнына үстеуді қолданған жөн. *“Жер-көкте болмай шықты оған тең жер”* деп есімдікті зат есіммен ауыстыруға болар еді. *“Мылтықты оқтағанда оның аузын ендігәрі кісіге қаратпа, кісіге қаратып оқтама”* деп үстеумен алмастыруға болады. Сөйлем мәнмәтінінде *“ешқашан”* мен *“ендігәрінің”* сәл де болса мағыналық алшақтығы бар екені рас, солай болса да, басқа үстеумен мезгіл мәнделес сөздердің үйлесімділігі табылмайды. *“Әрқашан”* есімдігі жекелей алғанда *“ылғи, үнемі”* деген үстеулермен мағыналық сәйкестігі болғанмен, сөйлем ішінде үйлесім таппайды. Жоғарыда келтірілген сөйлем үшін *“әрқашан”* есімдігіне *“ендігәрі”* деген үстеуден басқа балама жоқ десе де болады. Есімдік ережесі бойынша басқа сөз таптары есімдіктің орнына емес, есімдік басқа сөз таптарының орнына жүріп, соларды тек нұсқап, меңзейтінін ескерсек, мұндай сәл ғана мағыналық алшақтықтың болуы - заңдылық.

Үстеу мен мезгіл, мекен мәнделес сөздердің орнына белгісіздік есімдіктің қолданысын көрсету мақсатында *«Әлдеқайдан гормонь үні, ән сазы естіледі»*. (К.Тоқаев.), *«Әрқашан сөнбесін Күн»* деген сөйлемдерді келтіреді. Сөйлемдердегі *“әлдеқайда”* есімдігінің орнына *“ілгеріде, алыстан, жоғарыдан”* деген үстеулер мен *“көшеден, үйден”* деген үстеу мәнделес зат есімдерді, *“әрқашан”* есімдігін *“өмір бақи, үнемі, ылғи да”* деп алмастыруға болар еді.

Мектеп оқулығындағы болымсыздық, белгісіздік есімдіктеріне арналған тақырыптарда жоғарыдағыдай төрт-бес сөйлем мысал келтірілгенімен, талдап көрсетілмеген. Екі тақырыптағы жаттығу жұмыстарында да *“ешқашан,*

әлдеқашан, әрқашан, әлдеқайда, ешқайда” тәрізді мекен, мезгіл мәндес есімдіктер мүлдем енгізілмеген. Осының өзі оқушы білімінің шалағай болуына әкеліп соғады. Бұл есімдіктердің үстеу немесе үстеу мәндес сөздермен алмасу ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін игермеген оқушы үстеулермен үстеу мәндес сөзерді шатастыруға бейім болары сөзсіз.

Мектеп оқулықтарында есімдіктерді үстеу немесе үстеу мәндес сөздердің орнына қолданылу мүмкіндіктерін практика жүзінде игертуге арналған жаттығулар түрлерін енгізу керек. Үстеу мәндес сөздерге түсінік беретін “Үстеу және үстеу мәндес сөздер” деген ескертпе тақырыпшалар келтірілуі керек. Қазіргі қазақ тілі оқулықтарындағы “Есімдіктер есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есімнің) атын да, белгісін де, санын да атамай, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады” деген ережеде *әрқашан, әлдеқайдан, ешқашан*, т.с.с. есімдіктердің кейбір жағдайда үстеулер мен үстеу мәндес сөздермен алмастырылатыны айтылмай, тек зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жүретіні ғана айтылған. Оқулықтардағы ереже мен белгісіздік, болымсыздық есімдіктер туралы мәтіннің қабыспауы оқушыларды екі ұдай ойға қалдырмас үшін “Есімдіктер есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) және үстеу немесе үстеу мәндес сөздердің атын да, белгісін де, санын да, мекен, мезгілін де нақты атамай, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді” деп ерекше толықтыру енгізген жөн деп санаймын.



Ләззат ШАХИНА,
Орал қаласындағы
№44 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.

СӨЗ ӨНЕРІ

Түсінік хат

Үйірме бағдарламасы қазақ тілінің мемлекеттік стандартына сәйкес жасалды. Бағдарлама мақсаты – оқушының сөйлеу мәдениетін, тіл шеберлігін жетілдіру.

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру үдерісі үнемі жетілдіруді, дамытуды талап етеді. Бүгінгі шәкірт - ертеңгі іскер тұлға, сондықтан ол мектеп қабырғасында таным көкжиегі кең, сөйлеу мәдениеті жоғары, өз ойын сенімді, жігерлі, шешен тілмен жеткізе білетін, көпшілікті өз сөзіне ұйыта алатын дағды, қасиеттерге бейімделіп тәрбиеленуі қажет. Осы мақсатта бағдарламада оқушылардың ойын, тіл шеберлігін, сауаттылығын, шығармашылық қабілетін арттыратын, тіл шеберлігінің ұшталуын, тіл ұстартуды көздейтін жұмыс түрлері іріктеліп алынып отыр.

Сөз өнері - өнер атаулының құдіреттісі. Шешен сөйлеу меңгерілмейтін өнер емес. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деп халқымыз бекер айтпаған. Сөз өнерін меңгеру талмай ізденуді, тынымсыз еңбектенуді, үздіксіз жаттығуды, үйренуді қажет етеді.

Талап, ниет, жауапкершілік, тілге құрмет сезімі, көркем сөз сырын ұғыну сөз өнеріне, яғни, шешендікке жеткізеді.

Бағдарлама жалпы орта білім беретін мектептің жаратылыстану бағдарлы сыныптарына (9, 10, 11-сынып) арналған.

Аптасына 1 сағаттан жылына 34 сағат.

Теориялық материалдарға 25 сағат.

Тактикалық жұмыстарға 4 сағат.

Шығармашылық жұмыстарға 4 сағат.

Қорытынды 1 сағат.

I. Кіріспе (1сағат).

Үйірменің міндеті мен мақсаты. «Өнер алды – қызыл тіл». Қазақ халқының сөз өнері туралы.

II. Ойды айқын, бейнелі жеткізу, сөз өнеріне үйрету, оны меңгеру жолдары - (11 сағат).

Таза сөйлеу. Әдеби тіл нормалары. Сөз мағынасы. Ойды бейнелі жеткізу құралдары: синоним, тұрақты сөз тіркесі, мақал-мәтел, қанатты сөз. Тіл көрнекілігі (теңеу, эпитет, метафора). Сөздің қысқалығы мен нұсқалығы.

Қазақтың би-шешендерінің сөзі, ғибраты, шешендігі. Қазіргі қазақ шешендерінің сөзі, сөз саптау, сөз қолдану ерекшеліктері. Теле, радио, ақпарат құралдары, тіл ерекшелігі.

III. Ойды жазбаша жеткізу - тіл ұстартудың тиімді жолы (7 сағат).

Тақырып. Идея. Стыль. Стыль ерекшеліктері. Ойды жоспарлау. Шығарма жазуға дайындық. Шығарма.

IV. Шешен сөйлеуге әрекеттену жолдары (7 сағат).

Шаршы топ алдында сөйленетін сөз, құрылымы, ерекшелігі, әзірлік жолдары. Көпшілік алдында өз-өзін ұстау. Сөйлеу мәнері, сөзді дұрыс айту, әуез. Абайдың қара сөздерін, өлеңін жатқа айтып машықтану.

Шешен сөйлеуге баулыр жаттығулар: жаңылтпаш, күлдіргі әңгіме, аңыз, афоризм, т.б. Теледидар, радио хабарларын, сұхбаттарды талқылап үйрену.

V. Қорытынды (1 сағат).

Тактикалық жұмыстар – (4 сағат).

Шығармашылық жұмыстар – (4 сағат).

Қорытынды (1 сағат).

Әдебиеттер: 1) З.Қабдолов. «Сөз өнері»; 2) Р.Сыздық. «Сөз сазы». А., 1995; 3) А.Бұлдыбаев, Б.Шканова. «Шешендік сөздер табиғаты». А., 1995; 4) М.Балақаев. «Қазақ тілінің мәдениеті»; 5) Б.Адамбаев. «Шешендік өнер». А., 1999; 6) Ә.Хайдар. «Халық даналығы». А., 2004; 7) А.Қыдыршаев. «Шешендіктану». Орал, 2004; 8) Р.Сыздық. «Абайдың сөз өрнегі». А., 1995.

Бағдарламаның күнтізбелік жоспары

№	Мазмұны	Сағ. сан.	Жұмыс түрі, оқушы іс-әрекеті	Пәнаралық байланыс	Күтілетін нәтиже
I	Кіріспе				
1.	Үйірменің міндеті мен мақсаты. «Өнер алды - қызыл тіл.» Қазақ халқының сөз өнері туралы.	1	Әңгіме. Қажет тұсын тезис түрінде жазу.	Әдебиет.	Түсінігін кеңейту, пікірін нақтылау.
II	Ойды айқын, көркем, бейнелі жеткізу, сөз өнеріне үйрету, оны меңгеру жолдары (11 сағ.).				
2.	Таза сөйлеу - ой айқындығының белгісі.	1			
3.	Әдеби тіл нормалары.	1	Әдеби норма.		Мәнді сөйлеу, мағынаны ұғынуға талпыныс.
4.	Сөз мағынасын ажырату, сөзді орынды қолдану	1	Сөзді орынды қолдану, сөйлемді дұрыс құру.	Қазақ тілі	
5.	Көрікті ойды бейнелі жеткізу құралдары: синоним, тұрақты сөз тіркесі, мақал-мәтел, қанатты сөзді орынды қолдану.	1	Кім жүйрік? Кім шапшаң? Кім епті? (жарыс)	Қазақ тілі	Ой ұшқырлығына талпыныс.

6.	Тіл көрнекілігі. Сөзге ерекше өң беретін тілдің көркемдейтін құралдары (теңеу, эпитет, метафора, метонимия).	1	Көркемдік өрнектерді талдау.	Әдебиет теориясы.	Айшықты сөйлеуге талпынады.
7	Шығармашылық жұмыс.	1			
8.	Сөздің қысқалығы мен нұсқалығы.	1	Аз сөзге көп мағына сыйғызу.	Әдебиет.	Сөз мәдениеті туралы ұғымы кеңейеді.
9.	Сөз сазы, дауыс ырғағы, әуез.	1	Сазына, нақышына келтіріп сөйлеу.		
10.	Практикалық жұмыс. «Сөзіне қарап кісіні ал...» (Абай)	1	Тақырыпқа пікір даярлау. Пікір айту, бағалау, өңдеу.		
11.	Би мен шешендер сөзі (Атақты би-шешендер сөзін оқып талдау).	1	Шешендер сөзін нақышына келтіріп оқу, ғибрат алу.		Ойын жетілдіру, сөз мағынасын, астарлы ойды түсіну қабілетін ұштайды.
12.	Қазіргі қазақ шешендерінің көсемсөз үлгілерін талдау.	1	Ә.Кекілбаев сөзін талдау.		
13.	Би-шешендер сөзін жатқа айту.	1	Жатқа айту қабілеті, мазмұндау шеберлігін талдау.		
14.	Қазіргі теле, радио хабарлары мен газет бетіндегі көсемсөздерді талқылау (практикалық жұмыс).	1	Өздері тыңдайтын бағдарлама жөнінде пікір. Мақаланы талдау.	Қалаған тақырыбына мақала жазу.	Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.

15.	Шығармашылық жұмыс (қалаған тақырыбына мақала жазу).	1	Мақала жазу.	Әдебиет.	Ойын жүйелі жеткізуге бейімделеді.
16.	Көркем сөз - көрікті ойдың желісі (Жазған мақаласын талқылау, практикалық жұмыс).	1	Мақаланы баяндау, пікір айту, өңдеу.		Өз бетімен жұмыс істеуге машықтанады.
III	Ойды жазбаша жеткізу - тіл ұстартудың тиімді жолы (7 сағат).				
17.	Тақырып. Идея. Стыль.	1	Сөз саптау.	Қазақ тілі.	Жүйелілікке, ойлануға жетелейді.
18.	Стыль ерекшеліктері.	1			
19.	Тақырып бойынша айтылар ойды жоспарлау, эпиграф.	1	Білімді пайдалану.		
20.	Мәтінмен жұмыс.	1	Мәтін құрылысын талдау.		
21.	Шығарманың дайындық нұсқасын жазу.	1			Өз қабілетін ұштайды.
22.	Шығарманың негізгі нұсқасын жазу.	1	Шығарма жазу.	Әдебиет.	Өзінің қатесін түзетуге үйренеді.
IV	Шешен сөйлеуге әрекеттену жолдары (7сағат).	1			
23.	Шаршы топ алдында сөйленетін сөздің тақырыбын таңдау, әзірлену, сөз құрылымы.	1	Тақырып таңдау, әзірлік сатылары, сөз құрылымын жоспарлау.	Қазақ тілі.	Жоспар, тезис жазуға үйренеді.
24.	Көпшілік алдында сөйлеу, өзін-өзі ұстау тәртібі.	1	Даярлаған сөзін сөйлеу.		Өз-өзіне есеп беруге тырысады.

25.	Сөйлеу мәнері, сөзді дұрыс айту (орфографиялық норма), әуез.	1	Даярлаған сөзін сөйлеу.	Қазақ тілі.	Сөз сазына үніледі, зер салады.
26.	Абайдың қара сөздерін жатқа оқу.	1	Тыңдау, пікір.	Әдебиет.	Сөз сазына үніледі, зер салады. Жатқа айту, өзіне сенімділігі артады.
27.	Өлеңді мәнерлеп жатқа оқу.	1	Өлең оқу, тыңдау.		
28.	Баяндама жасау.	1	Баяндама даярлау, оқу, сұрақ-жауап	Қазақ тілі	
29.	Шешен сөйлеуге баулыр жаттығулар: жаңылтпаш, күлдіргі әңгіме, аңыз әңгіме, афоризм, қанатты сөз айтып машықтану.	1	Өз өнерін ортаға салу, пікір айту.	Қазақ тілі, әдебиет.	Өзін бағалау, шеберлік пен кемшілікті аңғарту.
30.	Теледидар, радио хабарларын, сұхбатты талқылау: үлгісі мен түйткілі.		Алдын ала жазып алған өнегелі тұсы мен олқылығын ортаға салып талқылау.	Қазақ тілі.	Сынай білу, қателіктен аулақ болу.
31.	Практикалық жұмыс. Сұхбат жүргізу: «Бүгінгі жастар сөзіне көңіліңіз тола ма?»	1	Сұхбат әзірлеу, жүргізу.		Өз-өзін бақылау, мінін түзеу.
32.	«Сөзі мірдің оғындай...». Сөз өнерінде үлгі тұтар тұлғаң немесе өз ортаңда кімді шешен деп есептейсің? (пікір. ойбөліс, практикалық жұмыс)	1	Ой бөлісу. Пікір айту. (ауызша)	Әдебиет.	Сөз шеберлігіне талпыныс, бағалау.
33.	«Өнер алды - қызыл тіл». Жазбаша пікір білдіру (шығармашылық жұмыс).	1	Жазбаша пікір.	Әдебиет.	Жазба тіл шеберлігіне жетелеу.
34.	Қорытынды – (1 сағат).	1	Сауалнама.		

Ардақ АБДУЛЛИНА,
Ыбырай Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институтының аға оқытушысы.

КЕЙКІМЕН ҚАЙТА ТАБЫСТЫРҒАН ҚАЛАМҒЕР

Жазушы Ақан Нұрманов - қысқа ғұмырында артына өшпестей мол мұра қалдырған қаламгер.

«Құланның ажалы» - Ақан Нұрмановтың басты туынды-сы, танымал еңбегі. Кеңестік саясаттың құрсаулы күндерінде-ақ Ақан халық батыры Кейкіні тірілтті, кеңестік қанды шеңгелден қашқан көзсіз ерді халқымен қайта қауыштырды. Банды ретінде танылған Құланды тәуелсіздік жолында Айға атылған ердей ғып суреттеді. «Құланның ажалы» романы кеңестік саясатта «банды», «халық» жауы деп танылған халық батырын тірілтті, Құланның қыпшақ Кейкі батырды шығармасына басты кейіпкер етіп роман жазды. Бұл қайсар жазушының батылдығы еді, роман шығармашылық шабытының шырқау биігі болатын.

Кеңестік кезеңде қаншама күш салып батыр атын өшіруге, мәңгіге ел есінен шығаруға ұмтылғанымен есімі ұмытылмады. «Кейкі ұсынғаны қалт кетпейтін қол мерген де, Аманкелді көз мерген еді» деп торғайлық қарттар әңгіме айтып отыратын. Халық аңызы Кейкі батырды тіріге санайтын. Торғайлықтар ел қорғаны – Батырын өлімге қимайтын. Батыр туралы Торғай елінде, батырдың туған жерінде аңыз әңгімелер көп болатын. Солардың біразын қарт журналист, өлкетанушы Әубәкір Қылышбаев жинақтап, кітап етіп те шығарды. Сталиндік зұлматтың

қанды шеңгелінен көп азап шеккен қарт қаламгер Жайық Бектұров «Енеден ерте айырылған төл секілді» деп аталатын естеліктер кітабында да Кейкі батырдың ерлікке толы есімін атайды. Жайық Бектұров 1945 жылы Оралдың Ивдельялагында айдауда жүргенінде торғайлық Ілияс Есенов ақсақалмен жазаны бірге атқарысады. 1895 жылы туған Ілекең ақсақал Кейкі, Аманкелді, Әбдіғапар хан туралы жиі әңгімелеп отыратын көрінеді. «Кейкі батыр ұсталды» дейтін жыр-жоқтаудың барлығын да әңгімешіл қарт еске алады.

А.Нұрмановтың қаламгер ретінде азаматтық басты ерлігі кітабында мәрт те асқақ бейне Теке Құланды сомдауы еді. Оқырман жазбай таныды. Автор Құланды бейнесінде халық батыры Кейкі Көкембайұлын өмірге қайтарды. Кеңестік кезеңнің салтанат құрып тұрған жылдары-ақ «Үкіметке қарсы шыққан банданың бастығы болған, Қарақұм көтерілісіне жетекшілік еткен, Алашорданың қалдығы» Кейкі батырды тірілті.

Өр бейне, нар тұлға Құланды мерген – кітапта Сардар аталатын, шын мәнінде 1916 жылғы патша жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің басшысы Аманкелді Иманұлының қарулас досы, үзеңгі серігі болған адам. Көтерілістің рухани жетекшісі Әліби Жанкелдин болса, ол романда тура атымен аталады. Құланды (Кейкі батыр) мен Сардар (Аманкелді) бейнесі кітапта қатар сомдалады, олардың ел тәуелсіздігі жолында иықтаса күрескені шығармада негізгі желі болып тартылады. Қол жеткен теңдік мәнін Құланды батыр тар көлемде енді тыныштық орнады деп жетік үй Теке әулетін жайлы қонысқа, елден бөлек әкетіп, мал малданып, жан жанданбақ болды. Жаңа өкімет орнатып, ұжымдастыру саясатын жүргізуде қарсылықтар көп болды. Жаңа өкіметке күдікпен қарайтындар әлі де баршылық еді. Белсенділердің даурықпа саясаты, жат қылығы Құландай аңғал жанды «банды» атандырып, қашқындық жолға салды.

Жазушы шеберлігі сонда - халық батырын мәрт қалпында суреттейді. Кітапта Құлан асқақ күйінде, ат үстінде, кеңесшіл жөндеттердің қолына тірідей түспей мерт болады. Батыр бейнесі оқушы көз алдында асқақ қалпында қалады.

Шындығында, Қаракұм көтерілісі Кеңес өкіметі тарапынан күшпен басылды. Кейкі батыр «Кеңес өкіметіне жат адам», «банды» танылып басы кесілді.

Мынадай сабақтастық таң қалдырады. «Сағағына сары шіркей үймелеп, жау іздеген ерлердің басы қайда қалмаған» деп жыраулар жырлағандай, ел тәуелсіздігі жолында күрескен Кенесары ханның да, Махамбеттей ақынның да, Кейкідей батырдың да бастары кесіліп қолды болды. Махамбет ақынның басы күшпен сүйегіне қосылып, бірге жерленді. Кенесары мен Кейкінің бастары енді ізделуде. Іздері шықты...

Хан, батырлар рухына ақын-жазушыларымыз жырларын арнады, кітаптар жазды. Есімдерін ардақтап, халқымен қайта қауыштырды. Ілияс Есенберлин «Қаһар» романында хан Кене бейнесін кеңестік кезеңде-ақ сомдады. «Құланның ажалы» романында Ақан Нұрманов Кейкі батырды қайта тірілтті. Жазушы шеберлігі арқасында Құлан мергеннің бейнесі оқырман есінде мәңгілікке қалды.

Ақан Нұрмановтай талантты қаламгердің артында қалған мол мұрасына қамқор болып, жерлесінің шығармашылығын жоғары бағалаған профессор, архитектура академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Казгор» жобалау академиясының президенті Әбдісағит Тәтіғұлов болды. Ақан шығармашылығы туралы академик *«Сөз түйсінер зерделі қауымның ой таразысымен сараласақ, Ақан өзгені де, өзін де қайталамаған қаламгер ретінде жүрегімізде жатталып қала бермек»* деп айтты. Кейкі батырдың ерлік ғұмыры, мәрттік өлімі туралы былайша тебіренеді: *«Қызыл қырғында азаттықпен соңғы дауылпаз символы болып ең соңғы «дала көкжалы» – торғайлық Кейкі батыр (Құлан) кетті бұл*

өмірден, Эрмитаж төрінен орын алып...» .

«Қызыл қырғында» Құллан арамдық пен сатқындықтың аяусыз құрбаны болып өлімді қарсы алды.

Ақан 35 жылдық найзағайдай ғұмырында өзінің басты шығармасы «Құланның ажалы» романынан басқа да ондаған әңгіме, повестер жазды. Өз замандастары туралы ақындық жүрекпен жазылған «Солай болған екен», «Аққу шоғыры», «Ор» повестерін, «Күзде ашылған гүл», «Ымырт», «Әке», «Айна көлдегі түн», «Жақсы апа» сынды көптеген әңгімелері қалды.

«Ақан Нұрманов, сөз жоқ, талантты прозаик еді, оның творчестволық биігі «Құланның ажалы» романы болды. Бұл роман жөнінде біздің әдеби сынымызда аз айтылған жоқ. Сонымен қатар, Ақан Нұрманов қаламынан туған повесть, әңгімелер де кезінде жас оқырман назарын аударғанын білеміз. Ол, әрине, кездейсоқ құбылыс емес еді. Өйткені сол шығармаларда сол кездегі жастардың бейнесі бірсыдырғы әсерлі бейнеленеді деп қараймыз». Жазушы Оразбек Сәрсенбай Ақанның жалпы шығармашылығына, оның суреткерлік шеберлігіне, замандастары бейнесін жасаудағы табыстарына атап-атап жоғары баға берді.

Жазушы Ақан Нұрмановтың артында өшпес мұра, өміршең де мәрт, сыршыл да сезімтал тұлғалар қалды. Тәуелсіз еліміздің жасампаз ұрпағын тәрбиелеуде жазушы шығармалары рухтандыра береді деп сенеміз, өйткені найзағай ғұмыр кешкен қаламгердің артында қалған шығармалар үні, автордың айтары соған саяды. Ақан – аз жазса да наз жазған қаламгер.

Құллан - батыр, құралайды көзге атқан мерген, ең бастысы ел тәуелсіздігі жолында мерт болған көзсіз Ер. Оның бұл ерлігі тәуелсіз ел жастарын ынтымаққа, елдікті қорғауға үндейді. Автордың елжірей жазған өз замандастары да — өміршең жандар. Демек, Ақан шығармашылығы өмірден өмірге жалғасып жасай бермек, ұмытылмақ емес.

Жазушы Ақан Нұрманов романы әдебиетімізде Құлан секілді 1916 жылғы тарихи дүрбелеңге, одан кейінгі аласапыран оқиға - кеңестік саясатқа қарсы шығып, бұл оқиғаға белсене қатынасушылардың бірінің кейінгі тағдырын, өкінішті өмір жолын шынайы суреттеуімен құнды. Құлан - өмір шындығы, өмірде болған адам. Құлан - тарихта болған адам, халық батыры – Аманкелдінің қарулас серігі – Кейкінің ру аты. Жазушының кеңестік саясат кезеңінде «халық жауы», «банды» – танылған Кейкіні тура атымен атап жазуына мүмкіндік болмады. Құлан батырдың ажалына себеп – Кеңес кезінде Кейкіні тірілтіп, мергенді оқушысымен қайта қауыштыруы жазушы тарапынан ерлікке тән оқиға болды. Романда Ақан Құландай абзал азамат, аңғал адамның адасуы, содан шеккен зардаптарын суреттеу арқылы сол сергелдені мол қилы кезеңнің тыныс-тіршілігін шынайы суреттейді.

«Құланның ажалы» романының басты кейіпкері – Құлан мергеннің тағдыры жасампаз өмір жолында тұңғыққа тірелген талай көзсіз ердің бейнесін көз алдына келтіреді. Ақан шығармада осындай қысылтаяң уақыттағы өр тұлға – Құланның тағдыры мен талайын авторлық тұрғыдан, суреткер көзімен философиялық-психологиялық талдау жасап, Мергеннің көзсіз ерлігінің қажет екендігін шебер дәлелдеген. Романда жазушы Құлан секілді адал, ақ көңіл, көзсіз ердің психологиялық тұрғыдан адасу шеңберін терең ашқан, ол арамдық пен сатқындықтың аяусыз құрбаны болып отқа түсті. Шығарманың ой қорытындысы осыған меңзейді. Жазушы шеберлігі оқушысын осы ойға жетелейді.

Ақан Нұрманов – артына мол әдеби мұра қалдырған жазушы. Ол «Құланның ажалы» романын жазды. Көптеген лирикалық, шуақты әңгіме, шұғылалы повестердің авторы, әңгімелеріндегі терең психологиялық лиризм – жазушы шеберлігінің айғағы. Ақан – суреткерлік байқағыштығына орай характерлі бейнелер жасаудың да шебері.

Алтын МЫРЗАҒАРИНА,
Ақтөбе көлік, коммуникация және
жаңа технологиялар колледжі оқытушысы.

ПОЭЗИЯ КЕШІ

Мақсаты: жыр дүлдүлі, ақиық ақын, ғасыр ақыны – Мұқағали Мақатаев өлеңдерінің мазмұнын терең ұғындыру; ақын шығармалары арқылы елін, туған жерін, Отанын сүйе білуге, адамгершілікке, мейірімділікке, отансүйгіштікке, тіл, сөз өнерін қадірлеп қастерлей білуге, ақынжандылыққа тәрбиелеу; поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, ақын өлеңдерін сүйе білуге үйрету.

Түрі: поэзия кеші.

Көрнекілігі: ақын суреті, слайд, кітаптары.

Өту барысы.

1-жүргізуші: - Қайырлы күн, құрметті көрермендер!

2-жүргізуші: - Армысыздар, ардақты ұстаздар мен оқушылар!

1-жүргізуші: - Жыр дүлдүлі, ақиық ақын, ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығына арналған «Қасиетті қара өлеңнің Құлагері» атты поэзия кешіне хош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаев 80 жасқа толып отыр. Осы мерейтойға арналған *би шашу*.
Сахнада – Мұратбекова Фариза.

1-жүргізуші: - «Айтылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.

Біреулер тұлпар еді деуі мүмкін,

Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы». Иә, естеліктер де жазылуда, пікірлер, дастандар жазылып, лебіздер айтылуда. Алдымен ақынның өз өмір жолы туралы жазған «Менің анкетам» өлеңін тыңдап көрейік. (*Нұрболат Сабырбай, Гүлжанат Нұрғалиева*)

2-жүргізуші: - Ақынның балалық бал дәурені соғыс жылдарының ауырлық-тауқыметімен тұспа-тұс келді. Орта мектепті интернатта жатып бітірген Мұқағали еңбекке ерте араласып, ауылдық кеңестің хатшысы, жеті жылдық мектептің мұғалімі болды.

1-жүргізуші: - «Сырым да осы, жырым да осы, алдында,
Байқашы бір бықсыдым ба, жандым ба?
Махаңдар жоқ, Махаңдардың сарқыты -
Мұқағали Мақатаев бар мұнда» деп бір күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмырында қазақтың ақиық ақыны – Мұқағали ұрпақтарға ұлан-ғайыр мұра қалдырып кеткені баршамызға мәлім. **Ақын өлеңдері «Құрметтендер жиырмасыншы ғасырды», «Өмір сүрейік алмасып».**
Оқитындар – Дәулет пен Еркебұлан.

1-жүргізуші: - Қысқа ғана өмірде артына ғасырдан ғасырға жететін мол мұра қалдырған ақын М.Мақатаевтың жұмбақ әлеміне бір сәт үңілейік, оның жырларының әулиелік, көріпкелдік, данышпандық керемет бір қасиеті бар. Ақын «Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім» деп өлең өнерінің мәңгілік екенін айтып кетті.

2-жүргізуші: - «Жыр басы Қарасаздан басталған Мұқағали бүгінде ән болып аспанда қалықтап, жыр болып жұлдыздармен сырласып, сонау аспан әлемінде шырқап барады».

«Аманат» тобының орындауында «Есіңе мені алғайсың» әні.

1-жүргізуші: - «Поэзия! Менімен егіз бе едің? Мен сені, сезесің бе, неге іздедім?» деп поэзиямен егіз жаратылған ақын кие жырдың шапағатына бөлене білді, сол жырларымен бүкіл қазақтың жүрегінің түкпірінен орын алды, жыр сүйер қауымның піріне айналды. (*«Поэзия» өлеңі оқылады*)

2-жүргізуші: - Қарасаздың қыран ұлы, жампоз жырдың дүлдүлі Мұқағалидың халық жүрегінен терең орын алған өлеңдері көпшілік сүйіп салатын әндерге айналды. Ақын шығармаларына ән жазбаған сазгер кемде-кем шығар, бір сәт сол әндерге кезек берейік. «Балалық шағың – патшаның тағы» деп жырлаған Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған *«Бақыт деген...» әнімен сахнада Әлия Бертілеуова.*

1-жүргізуші: - «Батар күн, келер түн. Атар таң, шығар күн. Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын. Осы мен сірә да өлмейтін шығармын, Сәл ғана мызғып ап қайтадан тұрармын».

Ақын қалай дәл болжап кеткен десеңізші! 1976 жылы 27 наурызда «қалғып кеткен» сәтінен бастап, сәл мызғыды да, поэзия әлеміндегі мәңгілік жаңа өмірі басталды.

2-жүргізуші: - Мұқағали жырлары – ел-жұртының қасаңдап бара жатқан жан әлемін сәуле-шуағымен әрлендірер, қуат берер күші болып отырғаны шындық. «Үш бірдей бақытым бар алақанда, Мені мұндай бақытты жаратар ма?» деп жырлаған ақынның *«Үш бақытым» өлеңі. Оқитын – Мұрасыл.*

1-жүргізуші: - Жыр боп ақтарылған ақиық ақын өлеңдерін үлкен де, кіші де сүйсіне оқиды, тамсана оқиды, таңырқай оқиды. Ақын өлеңдерінің өміршендігі олардың мағынасымен терең мазмұнында, кез келген адамның жүрегіне қона кетер қарапайымдылығында жатса керек. Ақын поэзиясы - *«Арыз жазып кетейін»...*

2-жүргізуші: - «Мұқағали – күдіретті ақын. Оның поэзиясы – даналықтың көзі. Бізде поэзия дәуірі басталды» дейді ақын Әбділда Тәжібаев. Иә, Мұқағали ағаның өлеңдері – мәңгі өлмейтін поэзия.

2-жүргізуші: - Ана – өмір сыйлаушы, бала бағбаншысы. Анаға деген махаббат, сүйіспеншілік сезімі жырдың алтын арқауы болмақ. Ендеше, ақынның ана тақырыбына арнаған өлеңі – *«Шеше, сен бақыттысың»*.

1-жүргізуші: - Өлмеу үшін, құлқынды жемдеу үшін, Мендағы өлең жазбаймын ермек үшін. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.

2-жүргізуші: - Абайды үлгі тұтып, сөз күдіретін, сөз сарасын ақындық сезіммен қабылдап, өзі қазақ поэзиясында Абай салған соны соқпақ жолды жалғастырған Мұқағали Мақатаев қазақтың қара өлеңін ой мен сезімге байытып, күдіреттілігін танытты. Қазақтың қарапайым қара өлеңінің құпиясын ашу тау тұлғалы ақынның табиғи талантының күдіретінен болса керек.

Ән – «Наурыз-думан»: Орындайтын – Ботагөз.

1-жүргізуші: - «Өлді деуге бола ма, айтындаршы, Өлмейтұғын артына із қалдырған» деп Абай атамыз айтқандай, Мұқағали өлген жоқ, ол бізбен мәңгілік бірге, жырлары да мәңгі жасай бермек. Нағыз тума таланттың екі өмірі бар. Бірі – шектеулі өмір, екіншісі – мәңгілік өмір. Мұқағалидың шектеулі өмірінің күні батқанымен, оның мәңгілік шығармашылық өмірінің таңы атып, Күні шықты.

2-жүргізуші: - Жампоз жырдың дүлдүлі – Мұқағалидың халық жүрегінен терең орын алған өлеңдері көпшілік сүйіп салатын әндерге айналды. Ақын шығармаларына ән жазбаған сазгер кемде-кем шығар, бір сәт сол әндерге кезек берейік. *«Сен көріктісің» әні. Орындайтын – Дәулет.*

1-жүргізуші: - Мұқағали жырларының тақырыбы әралуан. Әр өлеңінің өзі – жаңа дүние. Ал табиғат аясында туып-өскен әрбір ақынның бұл тақырыпқа қалам тартпауы мүмкін емес. Туған жерді, оның табиғатын жырлау - барлық ақынның перзенттік парызы. Мұқағалидың да өз туған жері мен еліне арнаған өлеңдері біршама. *«Қарасазым-ай»,*

2-жүргізуші: - Поэзия әлемінде туған жер, отан, ел туралы ән де, өлең де аз емес. Ал, соның ішінде Мұқағали Мақатаевтың бұл тақырыпқа арнаған өлеңдерінде өзгеше жылу, сыршылдық, жан-жүйені шымырлатар қасиет бар. Қай-қайсымыз болсақ та, толқи тебірене әндеткіміз келіп тұрады. *Сахнада – «Сарыжайлау» әнімен Ботагөз.*

1-жүргізуші: - Шыңғыс! Сен ақынның махаббат лирикаларын оқыдың ба?

2-жүргізуші: - Иә, Мөлдір! Осы отырған көпшілік те білетін шығар. Мұқа ағаның өзі «Мен нағыз махаббатты армандаймын» деп шынайы, орнықты махаббатты өз жырларына арқау еткен. Ендеше, келесі кезекті махаббат тақырыбына арналған өлеңдеріне береміз.

1-жүргізуші: - “Жамылып сағыныштың сал шекпенін,
Сарғайып сенің үшін зар шеккенім.
Зарықтыр, о тәңірім, жалықтырма,
Мәңгілік ғашықпын мен, ант еткенмін”
деп жырлаған Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған *«Алғашқы махаббатқа хат»* әнімен *«Аманат»* тобы.

2-жүргізуші: - “Аққулар... Аңыз көп қой олар жайлы,
Көзіңмен көргеніңдей бола алмайды... Тек қана тыныштықта
ұйықтайды олар, Шошыса, екінші рет оралмайды”. Олай болса, осыны дәлелдеген ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді тамашалаңыздар. (*Көрініс: «Аққулар ұйықтағанда»*).

1-жүргізуші: - Иә, Шыңғыс, поэма арқылы ақын аққудың киелі құс екендігін көрсете білген ғой. Ендігі кезекті көрермендерге беріп көрейік. Олар ақын туралы не біледі екен?!

2-жүргізуші: - Дұрыс айтасың. Ендеше сіздерге ақын өмірі туралы сұрақтар қоямыз. Жауабын тапқандарға сыйлығымыз бар. Ал, кәне, бастайық.

1. Мұқағалидың азан шақырып қойған аты ...
2. Ақынның туған жылы, туған күні ...
3. «Күрсінбеші» өлеңі кімге арналған?
4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болған кітабы ...
5. Ақынның қандай поэмаларын білесіңдер?
6. Ақынның анасы – ...

1-жүргізуші: - Білемін, керемет бір күн келеді, Жайнайды, жасыл бағым гүлденеді. Көремін, керемет бір күн кешемін, Болашағым сенімен бірге өсемін, – деп өз заманымен ғана емес, болашағымен бірге өмір сүретінін ақын білді, ол жырларының болашағына сенді.

2-жүргізуші: - “Жалғасы бар жырымның жалғасы бар, Жырларым жылдарыммен жалғасыңдар. Сел-жырым ақтарылса арнасынан, Селкілдеп тау мен тасың зорға шыдар.

Жалғасы бар, жырымның жалғасы бар» деп тебіренген ақын жырының жалғасындай болып, Мұқағали жырларынан үлгі алып, өз сезімдерін жырмен өрнектеп жүрген талантты шәкірттеріміз ақынға арнаған өз туындыларын оқиды.
Мәдина, Марат, Гүлжанат.

1-жүргізуші: - Ақын Оразақын Асқар айтқандай, «Жұмыр жердің қай түкпіріне барсақ та, Мұқағали алдымыздан шығады», өйткені халықтың жыры да, пірі де – Мұқағали.

2-жүргізуші: - Мұқағали өмірде көп қиындық көрді, жалғыздықтан жапа шекті. Ақынның ой айтудағы өткірлігі, батылдығы біздерге өнеге, тәлім, сабақ бола берері сөзсіз. Иә, өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақын да өлмейді. Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ.

1-жүргізуші: - Жылдар өтер... әлі небір ақындар дүниеге келер. Бірақ қара өлеңнің құдіретін аспанға бір-ақ көтерген Мұқағали есімі қашанда биіктен көрінер. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге, әр ұрпақпен бірге мәңгілік жасай бермек!

ХАЛҚЫ СҮЙГЕН АҚЫН

Мұқағали Мақатаев – поэзия әлеміне шетсіз-шексіз кеңістік пен көз сүрінген биіктік әкелген, «күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарған» ақын. Кәусар сезім мен тояттамас көңіл, шалқыған шаттық пен мұңға тұнған махаббат, буырқанған шабыт пен сабырға көнбес сағыныш сыйлаған ақын.

Мұқағали әлемі – Жер, Ғаламшар, Адам болмысы, Тыныштық, Сенім қасиеті.

Ақынның өзек жарып айтар ойы – адам тағдыры, адамның тіршілік мінезі мен құлқы, сезімі мен түйсігі. Осының бәрін ақиық ақын нағыз ақынға тән қайталанбас шеберлікпен, өлеңге тән мінсіз үйлесіммен, әр жүрекпен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға тән бейнелі образдармен өнер деңгейінде биіктен көрсетті. Ақиық ақын – қазақтың «өлең сөзін» биік заңғарға көтерген жиырмамыншы ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі. Ол өз шығармалары арқылы қазақ поэзиясын жаңа биіктерге шығарып, мазмұнын байытты. Оның қанатты поэзиясы қазақ халқының сезімін жан-жақты жырлап, кісілігін биіктетіп, парасатын кемелдендіре түсті.

«Ойлы жас!

Өлең – менің бар тынысым,

Жақсы сөзім – жаны игі халқым үшін.

Атақ қуып, бақ қуып, даңқ қуып,

Біреулерден жүргем жоқ арту үшін» деп өзінің өлеңдері арқылы өмірлік позициясын айқындап берді.

Мұқағали – өзінің қысқа ғұмырында өзіне-өзі сенген ақын. Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлары мен көркем дастандары – сол сенімнің жемісі.

Мұқағали Мақатаев – жалындап өткен 45 жылдық қысқа ғұмырында өзінің алдында өткен ағалары Ахмет, Мағжан, Илияс, Мұхтар, Қасым сияқты қазақ тілі үшін күресін мектептен-ақ бастап, өмірінің соңына дейін ана тілі үшін айқасып, қазақ тілінің қайтадан мәртебесінің биіктеуіне өз үлесін қосқаны оның жырларында анық көрінеді. Ана тілін туған халқы мен Отанынан кем санамай, осы өмірдегі бірегей үш Бақытының біріне балайды.

*«Ең бірінше бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.*

*Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.*

*Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?*

Ойланбай-ақ, кел-дағы от ал менен» деген Мұқағали өлеңдерінен қашан да отты да ойлы тіл тұнығын көреміз.

«Бір өлеңі бір елдің мұрасындай» болған Мұқағалидың ұлылығын айтып жеткізуге тіліміз жетпейді. Ол – табиғатқа тартып туған дара тұлға. Ақиық ақынның қай өлеңін оқысаң да, өзге емес, кәдімгі өзің жазғандай әсерде қаласың. Өзгенің емес, өз сырыңды өзің оқығандай боласың. Ақынның ұлылығының өзі де осы болар.

Ақын поэзиясы талай жүрекке от берді. Оның өлеңдері – бозбаланың жыры, бойжеткеннің сыры болды. Бар қазақтың жүрегіне жол тауып, мәңгі өлмес асыл мұрасына айналды.

«Қара саз, қара шалғын өлеңде өстім,

Қырға шығып ырысқа кенелмесін...

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас , алайда, өлеңді ешкім!» деп жырлаған Мұқағали туралы сөз соңында айтарымыз, ол - Фарабиден Абайға, Абайдан Мағжанға, Мағжаннан бүгінге жалғасып келе жатқан жыр көшіндегі өзіндік орны бар біртуар талант иесі.

Иә, өмір ешқашан ұлыларды, дарындарды тірі кезінде еркелетпеген. Олардың даңқы қайтыс болғаннан кейін ғана шығады. Содан кейін ғана аялай алмағанымызға өкінеміз. Тек соңғы уақытта біз бір кездегі пенделікпен кеткен қателерімізді жөндеген сияқтымыз. Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Ілияс Жақанов, Алтынбек Қоразбаев, Әбиірбек Тінәлиев, Төлеген Мұқаметжанов, Бейбіт Оралұлы, т.б. сазгерлер өлең жазды және бұл үрдіс жалғасын тауып жатыр.

Мұқағали Мақатаев өмірден өткен соң 1991 жылы «Ғасыр ақыны» атанды, 2000 жылы оған Мемлекеттік сыйлық берілді, 2004 жылы Мақатаев және Желтоқсан көшесінің қиылысындағы гүлзарға ақынға арналған ескерткіш қойылды.

Мұқағали Мақатаев халықты қалай сүйсе, халық та оны солай сүйді. Ал, халық сүйген ақын мәңгі жасай бермек!



Мұқағали мұңы

Көзін көрдім Мұқаңның тірісінде,

Танытқан жоқ осалдық бір ісінде.

Жалғыз мұңы күншілдік болды оның,

Кетті-ау, әттен, көп шындық күйі ішінде...

Роза БЕКМОЛДИНА,
«Айыртас» жалпы орта білім
беру мектебінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы.

БАУЫРЖАН БІЛГІРІ

(10-сынып)

Мақсаты: Бауыржан Момышұлының ұлылығын терең сезіну, қайталанбас азаматтың тұлғасынан үлгі алу, өзіндік ізденімге баулу.

Түрі: ойын сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ізденушілік, дәлелдеу, талдау. **Көрнекілігі:** портрет, қанатты сөздер, сызбалар, №9 «Аңыз адам» журналы.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, Қазақстан тарихы,

Сабақтың барысы.

- Балалар, біздің елдің, халқымыздың тарихында «Ел бастаған шешен, қол бастаған көсем» тұлғалар аз емес... «Аңыз адам» сериясы бойынша жарық көріп жатқан мына аталмыш журнал бойынша бәріңе тапсырма берілді. Бұрыннан білетіндерің бар, жаңа деректер бар, соларды сараптай келе, «Бауыржан білгірі» деген тақырыпта ХХІ ғасыр көшбасшысы зияткерлік телеойыны тәрізді сабақ өткізбекпін. Бүгінгі тәрбие сағатында өзінің білімі, зеректігімен көзге түсіп, оза шауып топ жарған оқушы «Бауыржан білгірі» атанбақ.

Көзінің тірісінде-ақ аңызға айналған ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы туралы не білеміз? Рас, жаужүрек батыр, даңқты қолбасшы, қарымды қаламгер. Әрине, қазақ тарихында батыр да, қолбасшы да, қаламгер де аз емес. Бірақ

олардың даңқы алты алаштан әрі асқан емес. Ал Бауыржанды төрткүл дүние халқы түгел таныды. Оның қаһармандық қайсар тұлғасы мен адамзат баласында сирек кездесетін озық ақыл-ойы, қарағайға қарсы біткен бұтақтай ала бөтен ірі мінезі естіген жұртты тегіс тәнті етті. Ендеше, оның осынау бірегей болмысының құпиясы неде? Бауыржанды «Бауыржан» еткен өмір мектебі несімен ерекше? Бұл сауалдарға жауапты бірегей тұлғаның тағылымды тағдырын зер сала оқыған оқушылармен бірлесе отырып шешуді жөн көрдік. Ендеше, іске сәт!

I кезең: «Бәйге» (15 сұрақтан тұрады, әр сұрақ - 10 ұпай).

Әр сұрақтың 10 ұпайын иеленген оқушының барлығы келесі кезеңге өту мүмкіндігіне ие болады.

1. “Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде»

Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.

Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде”. Мұны айтқан кім?

(Бауыржан Момышұлы)

2. Бауыржан Момышұлының өмір сүрген кезеңі (1910-1982)

3. Туған жері (Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылы)

4. Адам ретінде қалыптасуына зор ықпалы болған адам (Әжесі – Қызтумас)

5. «Ертексіз өскен бала - рухани мүгедек» деген кім? (Бауыржан)

6. Бауыржан Момышұлының ұрпағы (Бақытжан Момышұлы)

7. Шығармаларында қандай әліпбиді қолданды. (Араб тәте жазу әліпбиі)

8. Не себепті? (Заманның ащы шындығын арқау еткен шығармаларын басқалар оқи алмасын деп әрі жан дүниесі араб әліпбиін қалады)

9. Күллі қазақ қыздарының әзиз анасына айналған

Бауыржан Момышұлының келіні (*Зейнеп Ахметова*)

10. Бауыржан Момышұлының көпшілікке белгісіздеу өнері (*суретшілік*).

11. Бауыржан Момышұлының этнографиялық шығармасы («Ұшқан ұя»).

12. «Ақиқат пен аңыз» диалог-романының авторы және кейіпкері кім? (*Әзілхан Нұршайықов, Бауыржан Момышұлы*)

13. «Соғыс психологиясы» еңбегі қай елдерде оқулық ретінде қолданылады? (*Ресей, Испания, Жапония, Израил, Вьетнам, Куба*)

14. Сүйікті немересі (*Ержан Момышұлы, шөберелері Нұрсұлтан, Мадияр*).

15. Бауыржантанушы ғалым (*Мекемтас Мырзахметұлы*).

II кезең: «Тіл өнер».

- Бауыржан нақылдары, мақал-мәтелдерін оқимын. Сендер мен тастап кеткен сөздерді айтасындар, орысшаға аударасындар.

1. *Неге* құл бол. (*әділдікке - честность*)

2. *Не* алдында дұшпан сасады,

Сабырсыздан береке қашады. (*сабырлық - спокойствие*)

3. Сын ерді шыңдайды,

Кімді қинайды. (*қорқақты - труса*)

4. Адал ұл ер боп туса - ел... (*тірегі - опора*).

5. Намысты нанға.... (*сатпа - не предавай*)

6. Өмір үшін өлгенше.... (*күрес - борьба, борис*)

7. Сен жаудан қашсаң, *не* сенен қашады. (*өмір - жизнь*).

III кезең: «Жеті жұмбақ».

Бауыржан Момышұлының біз білмейтін жұмбақ қырлары да бар. Соны шешіп көрелік. Ұяшықтағы тігілген ұпайлардан таңдайды.

А	20	30	40
Ә	20	30	40
Б	20	30	40

20 а) Бауыржан Момышұлының кезінде батыр атағын алмауына кедергі болған жандар (*маршал Гречко, жазушы Мүсірепов*)

Ескерту. «20 а» сұрағы қойылмағаны дұрыс шығар. Бірақ оқушылар журналдан басқа да баспадөз беттерінен осындай тосын деректер кездестіреді. Мақсатым – Фабит Мүсірепов тәрізді ұлы тұлғаны оқушы алдында ақтап, жас ұрпаққа кешірімді болуды үйрету. Фабит Мүсірепов: 1. Геноцид кезінде қазақты аштықтан алып қалушы маңдай алды тұлғаның бірі. «Бесеудің хаты» драмасында анық көрінген. 2. «Бейімбет халық жауы болса, мен де жаумын» деп жар салған жан. 3. Бауыржанның ұлы тұлға екенін мойындағанын «Бауыржан жүрген жерде біз көлеңкесінде қалып қоямыз» деген сөзінен-ақ аңғаруға болады. Сондықтан «Ұлылардың көлеңке тұстарына үңілмей, жарқын жақтарын мақтан етейік» деп түсінік айту үшін қойылған сұрақ.

20 ә) 1928-30 ж. қызметі (*Жуалы ауылында бастауыш мұғалімі*)

20 б) 1932-36 ж. (*экономист, финансист*)

30 а) Не себепті бірнеше рет үйленген? Әйел затына қандай талап қойған (*Порядочный әйелде үш қасиет болу керек: 1) күйеуін күте білу, 2) үйін ұстай білу, 3) балаға дұрыс тәрбие беру. Бауыржан жанын түсінетін жар таба алмады*)

30 ә) Қандай мінезді адамдарды құрметтеген? (*Кей адамның мінезі қозаға ұқсайды, ал қозаны шошқа да шиырлайды, сиыр да таптайды. Қоза боп көрінгеннің аяғына тапталғанша шеңгел боп шіреніп тұрған артық*)

30 б) Бауыржанның қорқынышы (*Ертегі айтатын әжелердің азайып бара жатқаны*)

40 а) «Бауыржан бейнесі - соғыс қаһарманы ғана емес,

сонымен бірге жарқын да жалқы, қайта тумас азаматтың бейнесі». Кімнің сөзі? (*Тахауи Ахтанов*)

40 ә) «Мен қазақтың арасынан Бауыржанмен салыстыруға келетін жан таппай жүрмін». (*Д.Снегин*).

40 б) «Баукең - менің ұлы ұстазым» дейтін қай ақын? (*Олжас Сүлейменов*)

IV кезең: «Шешендік бастауы».

Бұл кезеңде Бауыржан Момышұлының өлеңдерінен мәнерлеп оқу жарысы.

V кезең: «Жорға».

1. Бауыржанның атасы (*Имаиш*)

2. Әкесі Момыштың қырлары (*Сауатты, ұста, зергер, етікіші, тәуіп*)

3. Бауыржан үш жасында кімнен айырылады? (*Анасы Рәзиядан*)

4. Орысша сауатын ашқан кім? (*Дүйсенғали Бурабаев*)

5. Соғыс кезінде неше рет шайқасқа қатысты? (*207*)

6. Қашан «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды? (*1942*)

7. Кеңес Одағының Батыры атағы қашан берілді? (*11.12.1990*)

8. Зейнеп Ахметованың кітабы («*Шуақты күндер*»)

9. Бауыржан бабасы (*Ақментей батыр*)

10. Ұлы нағашысы (*Текебай би, батыр, болыс*)

11. Әскери ұстазы (*Блюхер*)

12. 1937 жылғы зұлмат құрбаны болған қай ақынның өлеңдерін жатқа айтты және көмектесуге тырысты? (*Мағжан*)

13. Шымкентте қай ақынмен бір сыныпта оқыды? (*Әбілді Тәжібаев*)

14. «Абай жолының» авторы – ұлы Мұхтар Әуезовке неге ренжіді? («*Абайды көтерем деп Құнанбайды кеміттің*»)

15. Құнанбайға берген бағасы (*Құнанбай, ол – қазақтың*

Иван Грозныйы. Ол мақсатына жетті. Құнанбай жете алмады. Құнанбай - қазақ мемлекетін құруға ұмтылған жан)

16. Бесіктегі үілдеген Бауыржанға шыбық ұстатып:

«Құрық деп берсем құл болма,

Шілік деп берсем шіл болма.

Бәрінен де, шырағым,

Баяны жоқ ұл болма!» - деген кім? (Атасы)

«Топтастыру»: «Сегіз қырлы бір сырлы».

«Қол бастаған батыр,

Сөз бастаған шешен»

1. Құралайды көзге атқан мерген

2. Турникке тартылу шебері

3. Шабандоз, атбегі

4. Тәрбиеші (Жауынгерлері «Батька», «Ақсақал» деп құрметтеген)

5. Әскери ғылым білгірі. Ұстаз, әдіскер.

6. Жазушы, ақын (қазақ, орыс тілдерінде жазған)

7. Суретші.

8. Филолог.

9. Бильярд (тастаяқ) ойыны шебері

10. Сөзге шешен, тапқыр.

11. Классикалық музыкаларды жоғары бағалаған.



Бауыржанның батырлығы

Қан майданда жүріп-ақ тіл туралы

Қам жегені кем емес ерлігіңнен.

Тағы он жылға ұзарту - құлқын қамы,

Болашағын сұраймыз енді кімнен?..

Мөлдір ЗАХАРОВА,
«Сүттіқұдық» ауылындағы
№52 қазақ орта мектебінің
мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы.

ФОНЕТИКА ПАТШАЛЫҒЫНА САЯХАТ

Сабақтың мақсаты: **білімділік** - өткен сабақтардан алған мәліметтерді тереңдету, ойда қалғандарды нақтылау, тілдік материалды терең, ғылыми негізде меңгерту; **дамытушылық** - сөз байлығын дамыту, сөздік қорын молайту, математикалық тәсілмен қазақ тілін оқыта отырып ойлау қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** - адамгершілік қасиеттерін, еңбексүйгіштік дағдыларын жетілдіру, мемлекетті мемлекет етіп танытатын тілі мен өнері, салт-дәстүрі, білімі екенін ұғындыру.

Әдісі: қайталау, баяндау, түсіндірмелі, талдау, ассоциация, математикалық тәсілмен талдау. **Түрі:** саяхат сабақ. **Типі:** қайталау сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, «Тіл білімінің картасы», топқа бөлінетін белгілер, әріп жазылған жетондар, әріптерді орналастыратын қалталар, плакат. **Пәнаралық байланыс:** математика, сурет, тарих, ән.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды түгелдеп, назарларын аудару.

Қызығушылығын ояту.

- Балалар, бүгін біз саяхатқа шығамыз, қай патшалыққа екенін білу үшін мына математикалық сөзжұмбақты шешсеңдер деймін. Ол үшін мына жазылған сандар

сөзжұмбақтың жаны мен төбесіндегі қай сандардың көбейтіндісі екенін тауып, солардың қиылысындағы әріптерден сөз құрайсындар.

1.6.2.3.8.4.5.20.

	4	1	3
2	Г	Н	О
1	И	Ф	Е
5	А	К	

Сабақ мақсатымен таныстыру.

- Біз бірнеше сабақ бойы *Фонетика* елін зерттедік. *Фонетика* еліне көз салындар. Ірі өзен *Тасымал* ағып жатыр, әр түрлі елді мекендер – *Буын*, *Үндестікті*, екі ірі елді мекен – *Дауысты* және *Дауыссызды* көріп отырсындар. Ал, *Фонетика* елімен шекаралас болып *Морфология*, *Синтаксис*, *Сөзжасам*, *Лексика* елдері орналасқан.

- Біз қай елде болып қайттық?

- Лексикада.

- Ендеше, бүгін біз *Фонетика* патшалығына соңғы рет саяхат жасап, осы елдегі әр түрлі ауылдарды аралап, қоштасып қайтсақ деймін. Саяхатқа аттанбас бұрын біз төрт топқа бөлініп отырған екенбіз. Сол төрт топқа ат қойсақ. Ол үшін мына өз топтарының аты жасырынған жұмбақты әр топ өздері шешуі тиіс (*1. Бәйшешек; 2. Қызғалдақ; 3. Дыбыстар; 4. Білім.*)

- Жолда қиындықтарға кездесіп, сол кедергілерден өтіп, *Фонетика* патшаға алғаш жеткен топ жеңіс тұғырына шығып, білімді топ аталады. «Жолдарың болсын!» деп саяхатымызды бастайық.

- Балалар, біздің алғаш аялдаған жеріміз – «*Дыбыстар мен таңбалар*» қалашығы. Бұл қалашықта *Әліпби* атадан еншісін алып, бөлек ауыл боп отырған *Дауысты* және *Дауыссыз* ауылдары бар екен. *Дауыстыдан: Жуан, Жіңішке; Ашық, Қысаң; Еріндік, Езулік; Дауыссыздан: Қатаң, Ұяң, Үнді* тарайтын көрінеді. «Тілші әлемі» сиқыршысы

ағайындыларды тасқа айналдырып жіберіпті, оларды құтқару үшін дыбыстарды өз орындарына орналастыруымыз керек. Қане, көмектесейік...

- Мінеки, балалар, *Әліпби* ата ризалығын білдіріп, бізге батасын берді. Саяхатымызды одан әрі жалғастырайық. Ендігі аялдайтынымыз – *Буын* патшалағы.

Буын патша өз елінің өнегелі, ізетті, қайырымды да ақылды, әрі ел басқару мәнері де өзгеше патша екен. Оның үш ұлы бар. Үшеуі де атына заты сай ақылды, білімді болып өсіпті. Үлкені – *Ашық* айналасындағылармен бірігіп, көп жақсылық жасайтын жаны жайсаң, дарынды жан екен. Оның *Жалаң* атты жалғыз ұлы бар. Ортаншы ұлы – *Тұйық* көпшілікке онша қосыла бермейді, білімді, өз білгенін былайғы жұртқа көрсете алмайтын тұйық болыпты. Ал үшінші ұлы *Бітеу* ешкімді, ешнәрсені жақтыра бермейтін, өзгеден гөрі өзін көп ойлайтын, өз білгенін өзгеге айтқысы келмейтін бала болып өсіпті.

«*Ашықтың* жалғыз ұлы *Жалаң* туралы неге айтпады?» деп отырған боларсыңдар. Ендеше, тыңдаңдар. Ол әкесі сияқты емес, біреулерге тиіп кетсе, оларды бір-бірінен ажыратып, арасына от тастауға бейім, істегені тек бұзықтық болыпты. Көпшілікке онша қосыла бермейтін *Тұйыққа* келіп тиісіп, оның жігін өзгертеді екен де, оны *Ашыққа* тәуелді етіп жібереді екен.


Ат+ы= а-ты; Оқ+ы=о-ғы

- Бізді *Буын* патшалығында да кедергі күтіп тұр екен. Одан өту үшін мына сөздерді қатесіз буынға бөліп, буынға қате бөлінген сөздердің қатесін дұрыстауымыз керек.

А-та, а-па, а-ға, ә-же. Бо-ла-шақ, ке-ле-шек, ға-ла-мат, та-би-ғат. Мақ-тау, дат-тау, сақ-тау, бап-тау.

- Мінеки, балалар, *Буын* патшалығынан өтіп, *Тасымал* өзеніне де келіп жеттік. Өзеннен өту үшін көпір салуымыз керек. Ол көпір – ассоциация. Біз тасымалдауға болмайтын

сөз түрлерін өттік. Ендеше, сол жағдайлардан ассоциация құрайық. Алдарындағы ақ парақтарға құрып, әкеліп бере қойыңдар.



Өзеннен де сүрінбей өттік.

- Балалар, *Үндестік* ауылында бір топ сөздер ауырып қалған екен. Осыларға дұрыс ем қолданып емдесек, құлан таза айығып шығады.

1-тапсырма. Дұрыс қосымша жалғандар. **Кінә+(-лау,-леу); Цех+(-те,-та); Тарих+(-ке,-қа); Күмән+(-дану, -дену).**

2-Тапсырма. **Хирург+(-қа,-ке); Руль+(-да,-де); Парашюль+(-тан,-тен); Парк+(-тан,-тен).**

Неге 1-тапсырмада жуан, 2-тапсырмада жіңішке қосымшалар жалғанды?

Тақтамен жұмыс.

- Соңғы келіп жеткен жеріміз – әдемі ақ орда. Бұл ордада *Фонетика* патшасы тұрады екен. Патшаны көру үшін соңғы сынақ: топ басшылары өз топтарының атын математикалық тәсілмен талдауы керек. Келе қойыңдар.

Сабақты қорыту.

- Мінекей, балалар, *Фонетика* патшаның ордасына келер жолда еш мүдірмей қиындықтарды жеңдік. *Фонетика* елінде біз нені үйрендік?

- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айыруды, олардың өз ішінде жуан, жіңішке, ашық, қысаң, еріндік, езулік, қатаң,

ұяң, үнді болып бөлінетіндігін, сөздерді буынға, тасымалға бөлуді, сөзге қатесіз қосымша жалғауды.

- Дұрыс, ендеше, *Фонетика* патшаға не дейміз?

- Рахмет!

Бағалау.

Сабаққа белсене араласып отырған оқушыларды бағалау.


Үйге тапсырма беру.

«Туған жер - тұғырың» мақалын дауысты, дауыссыз, оның ішінде жуан, жіңішке, ашық, қысан, еріндік, езулік, қатан, ұяң, үнді деп бөліп жазып келу.



Тілектес ИКЕНОВА,
Маңғыстау облысының
Бейнеу ауданындағы
«Үстірт» орта мектебінің мұғалімі.

СӨЗЖҰМБАҚ – «ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ»



Сол жағы:

1. Жамбылдың әкесінің есімі.
2. Дүниеге келген айы.
3. Көп айтысқан ақынның бірі.
4. Біреу сапар шегер алдында, үлкен іс бастарда оң тілек айту не деп аталады?
5. Жамбыл жас ұрпақты неге шақырды?
6. Жамбыл қандай орденмен марапатталды?

Оң жағы:

1. Жамбыл қанша жасаған?
2. Жамбылдың ұлының есімі.
3. Көшіп қонғанда алып жүретін қазақы бұйым.
4. Атаның балаға арнаған ақ тілегі, батасы қай өлеңінде берілген?
5. Мұң-шер өлеңдерінің бірі.
6. Алматы қаласының патшалық кезеңдегі аты.

**Жамбыл жыры**

«Ленинградтық өренім» – қан майданда,
Ұлы ақынның сөзінде жалған бар ма?!
Жамбыл жыры – татулық, бейбітшілік,
Алғадайын көре алмай қалды арманда...

Салтанат ОРЫНБАЕВА,
Батыс Қазақстан облысының
Қаратөбе ауданындағы
«Шөптікөл» жалпы орта білім беретін
мектебінің мұғалімі.

ЕҢ ҮЗДІК ШӘКӘРІМТАНУШЫ

Сабақтың мақсаты: оқушылардың Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы туралы алған білімдерінің деңгейін анықтап, қорытындылап бір жүйеге түсіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Түрі: ойын сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланысы:** қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын.

Сабақтың барысы.

Мұғалім: - Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер! «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет» деп Шоқан Уәлиханов, «Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі» деп Қаныш Сәтбаев айтып кеткендей, еліміздің болашағы тек қана білімді жастар екені даусыз. Осы мақсатпен 8-10-сынып оқушыларының арасынан суырылып шыққан дарабоздарымен «Ең үздік шәкәрімтанушы» зияткерлік ойынын өткізгелі отырмыз. Ойынды бастауға рұқсат етіңіздер. (Қатысушы оқушыларды таныстыру.)

Ойын 5 кезеңнен тұрады. Қатысушылар: 8а, 8б, 9, 10-сыныптардан бір-бір оқушыдан. Сайыстың төрелігін айту үшін

қазыылар алқасын тағайындап аламыз... Сайыс 5 бөлімнен тұрады.

Жүргізуші: - Бірінші «Бәйге» бөлімінде қатысушылар қойылған сұраққа тез және нақты жауап беруі керек. Дұрыс жауапқа – 10 ұпай.

1. Шәкәрім неше жасында әкеден жетім қалды? (7)
2. Шәкәрім Физулидің қай шығармасын қазақшаға аударды? («Ләйлі-Мәжнүн»)
3. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың қай әйелінен туған? (Күнке деген бәйбішесінен)
4. Абайдың немере інісі кім? (Шәкәрім)
5. Шәкәрім Абай іргетасын қалаған қандай әдеби дәстүрді алғаш жалғастырушылардың бірі болды? (реалистік)
6. Абай реализмі қандай тақырыптардағы лирикасынан көрінеді? (азаматтық)
7. «Жастарға » өлеңі қай жылы жазылды? (1879)
8. «Үш-ақ түрлі өмір бар» атты өлеңінде адам өміріне қандай ұғым қалдырады? (ортаншы өмір)
9. Шәкәрім үшін байлықтың ең үлкені. (ғылым)
10. Шәкәрімнің шешесінің аты кім? (Дәметкен)
11. Шәкәрімнің ақын болып айналасына танылуы қай жас шамасы? (15-20 жас)
12. Шәкәрімнің өмір жолын, шығармагерлігін зерттеуші кім? (Қайым Мұхаметханов)
13. 1904 жылдары жазылып, 1912 жылы Семейде бөлек кітап болып шыққан Шәкәрімнің қай жинағы? («Қазақ айнасы»)
14. Шәкәрім өнер-білімге ұмтылған жастарға Абайдың «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық болына» ұқсас қандай өлеңін ұсынады? («Талап пен ақыл»)
15. «Талап пен ақыл» өлеңінде қандай қасиеттерді әуес болар алты қасиет деп көрсетеді? (Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық)

16. Шәкәрім америкаан жазушысы Гарриэт Бичер Стоудың қандай романын аударды? («Том ағайдың балалары»)

17. Шәкәрім өзіне Абайдан өзге кімді пір тұтқан?
(Толстойды)

18. Шәкәрім қай жерде дүниеге келген? (Шыңғыстау бөктерінде)

19. Шәкәрімнің 1925 жылы жарық көрген романы («Әділ-Мәрия»)

20. Шәкәрім «Дубровский», «Боран» атты шығармаларды кімнен аударды? (Пушкиннен)

21. «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап» деген өлеңдерін қандай оқиғаға байланысты жазды? (1917 жылы Патша тақтан құлауына байланысты)

Жүргізуші: - Екінші бөлім – «Жалғастыр». Шәкәрімнің шығармашылығынан (өлеңінен, поэмасынан, әнінен, т.б.) үзінділер оқылады. Сол үзінділердің атын тауып, жалғастырып айту керек. Дұрыс жауапқа – 10 ұпай.

1. Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,

Арам айла, зорлықсыз мал табалық.

Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік

Бір білімді данышпан жан табалық. **«Жастарға»**

2. Жасымнан жетік білдім түрік тілін,

Сол тілге аударылған барлық білім.

Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,

Жарқырап қараңғыдан туып күнім.

«Жасымнан жетік білдім...»

3. Сырын

Бұл әннің айтып қарайын,

Түрін

Сипаттап, тізіп санайын.

Өлең тап ойланып... **«Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек»**

4. Адамдық борышың -

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай

Ар сақта, оны біл. «Адамдық борышың»

5. *Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бақ,*

Ісім жән, бір Құдайға көңілім хақ.

Мойныңа менің қаным халал болсын.

Болма енді Қалқаманның қанына ортақ.

«Қалқаман-Мамыр»

Жүргізуші: - Үшінші бөлім – «Полиглот». Берілген мақаладағы жасырын сөздерді тауып, мақалды жалғастыру.

Дұрыс жауапқа – 30 ұпай.

1. Арың сатпа, терің сат, (адалдық) ізде.

2. (Тіл) қылыштан да өткір.

3. Көз – (жүрек) айнасы.

4. Адамды асырайтын – (еңбек).

5. Ашу-дұшпан, ақыл - (дос).

6. Ердің сыншысы - (елі).

7. (Ақыл) - адам көркі.

8. Жыртық үйді жер табар

Өтірік сөзді (шын) табар.

9. Досы көпті (жсау) алмайды.

10. (Әке) - бала қорғаны.

11. (Денсаулық) – зор байлық.

12. Дәлелсіз сөз (желмен) тең

13. Адамзатты (сөз) бұзар.

Жүргізуші: - Төртінші бөлім – «Жеті жұмбақ». 20, 30, 40 деген сандарды суырып, сұрақтарға жауап беру, яғни, бұл сөзді айтқан кім екенін анықтау керек. Ұпайы аз оқушы таңдайды.

1. «Ғұлама ғалымгердің өнердегі өмір жолы ұзақ та ұлағатты». (Мұхтар Мағауин)

2. «Жаным – арымның садағасы дейтін екі қазақ болса, соның бірі – Шәкәрім» (Шериаздан Елеукенов)

3. «Абай шәкірттерінің ішіндегі көп жасаған да, көп

жазған да – Шәкәрім. Ол – лирик ақын әрі эпик ақын және прозаик. Ол – сазгер. Ол – терең ойшыл әрі бармағынан өнер тамған сегіз қырлы өнерпаз, үлкен мәдени қайраткер».

(Қайым Мұхаметханов)

4. «Шәкәрім – өз өмірін өзі жасап кеткен адам». (Қайым Мұхаметханов)

5. «Ер жеткен соң сол кісіден (Абайдан) тағылым алып, әр түрлі кітаптарды оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім». (Шәкәрім)

6. «Рақымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласына өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі». (Шәкәрім)

7. «Арың сатпа, терің сат, адалдық ізде». (Шәкәрім)

8. Қандай идея Шәкәрім идеясының алтын дінгегі болып табылады? (ағартушылық идея)

9. «Адам үшін - еңбегім,

Өмірден барлық тергенім.

Қалағаныңды қарап ал,

Мұрам сол, жастар, бергенім!» Үзінді Шәкәрімнің қай өлеңінен? («Жолама қулар маңайға»)

Жүргізуші: - Бесінші бөлім – «Жорға». Қатысушы оқушыларға 5 сұрақтан қойылады .

Бірінші оқушыға қойылатын сұрақ:

1. Шәкәрімнің ақындық жолындағы ұстазы әрі әкесі болған кім? (Абай) 2. «Қалқаман-Мамыр» поэмасындағы «Арғынның ел ағасы, әрі би, әрі молда, әрі ғұламасы. Орта жүзге әділ екен, сол кездегі 95-ке келген жасы» деген кім туралы айтылған? (Әнет баба) 3. 1912ж. Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан қандай шығармалары жарық көрді? («Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Үш анық»). 4. Шәкәрім өлеңдерінің негізгі нысаны кім? (адам)

5. Қай жылы қажылық сапармен Меккеге барды? (1905-1906).

Екінші оқушыға қойылатын сұрақ:

1. Шәкәрімнің өмір сүрген жылдары? (1858-1931) 2. Мамырдың әкесі кім? (Мәмбетей) 3. Қажылық сапармен Меккеге барған сапарында қай елдің кітапханасымен танысты? (Стамбул) 4. «Ойласаң, барша адамзат – туған бауыр» деген сөзді кім айтты? (Шәкәрім) 5. Шәкәрімнің 21 жасында жазған, Абайға тән өлең өрнегі, сезім суреттері мол шығармасы («Жастық туралы»).

Үшінші оқушыға қойылатын сұрақ:

1. Шәкәрім жетім қалғанда Абай неше жаста болды? (21) 2. Әнет баба қай поэмада кездеседі? («Қалқаман-Мамыр») 3. Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүнді» шығыстың қай ақынынан аударды? (Физули) 4. «Сәнқойлар», «Қылжақбас», «Еріншек» өлеңдерін кім жазды? (Шәкәрім) 5. Шәкәрімнің ағартушылық тақырыптағы лирикасы, алғашқы шығармаларының бірі («Жастарға»).

Төртінші оқушыға қойылатын сұрақ:

1. Ұлы ақын қай жылы қазаға ұшырады? (1931ж.) 2. Шәкәрімнің қай еңбегінде ынсап, әділет, мейірім үшеуі қосылып ұждан деген ұғымды береді? («Үш анық») 3. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандары қай қалада, қай баспадан басылып шықты? (Семей қаласы, «Жәрдем» баспасы) 4. Шәкәрімнің қай поэмасында Нысан Абыз бейнесі кездеседі? («Еңлік-Кебек») 5. «Қалқаман-Мамыр» поэмасында Мамырды атып өлтірген кім? (Көкенай).

Ең көп ұпай жинап суырылып алға шыққан оқушы жеңімпаз деп танылып, «Ең үздік шәкәрімтанушы» атанады.





Гүлден АХЕТ,
Ақтөбе облысының
Шалқар ауданындағы
«Қарашоқат» орта мектебінің
мұғалімі.

«СӨЗМЕРГЕН» САЙЫСЫ

(7-10-сыныптар)

Мақсаты: 1) жас ұрпақты ана тілінің қадір-қасиетін ұғына білуге баулу; 2) оқушылардың сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту; 3) Отанды, туған тілін, дәстүрін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру.

Көрнекілігі: слайд.

Сайыс сабақ барысы. Ұйымдастыру.

- Кеш жарық, қадірменді тіл жанашырлары! Бүгінгі мектебімізде өткелі отырған «Сөзмерген» сайысына қош келіпсіздер!

Тілім менің!

Осы тілде – шежірем, жырым менің!

Асан қайғы арманы,

Қорқыт күйі -

Тағдырыммен тамырлас мұңым менің!

Тілім менің!

Жауға айбарым, ұраным, туым менің!

Ортаға сайыскерлерімізді шақырамыз.

I. «Мықты болсаң тауып көр».

Тұрақты сөз тіркесін тауып, мағынасын ашу.

1) Қарасу

Жарасу

Санасу

Тарасу

сөз

2) Ауыз

Көз

Мұрын

Құлақ

ашпау

3) Бүйрек		4) Санасқан	
Жүрек		Жарасқан	
Бауыр	мұздау	Таласқан	аспан
Өкпе		Қарасқан	

5) Суық		6) Тағу	
Жылы		Бағу	
Ыстық	көз	Қағу	қанат
Салқын		Табу	

7) Қол		8) Толу	
Аяқ		Тою	
Жіп	ұзын	Болу	қақпақ
Таяқ		Қою	

9) Ұшу			
Қону			
Жану	құрақ		
Салу			

1) сөзі жарасты; 2) ауыз ашпады; 3) жүрегі мұздады;
 4) аспанмен таласқан; 5) көзге ыстық; 6) қанат қақты;
 7) қолы ұзын; 8) қақпақ болу; 9) құрақ ұшу.

II. «Жүйрік болсаң озып көр».

Сөздерді тіркестіріп мақал-мәтел құрау.

1) Бидай		2) Ешкі	
Дән		Лақ	
Астық	тер	Қой	ЫСҚЫРЫҚ
Арпа		Жылқы	

3) Көз		4) Апа	
Ауыз		Ата	
Сөз	қорқақ	Аға	жаға
Тіл		Қарындас	

5) Жарақ		6) Жау	
Қару		Адал	
Құрал	тіл	Қас	дос
Сауыт		Арам	

1) Бір түйір дәнде бір тамшы тер бар; 2) Айдағаның – бес ешкі, ысқырығың жер жарады; 3) Көз – қорқақ, қол – батыр; 4) Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар; 5) Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой; 6) Адал дос алтыннан да қымбат.

III. «Тапқыр болсаң шешіп көр». Жұмбақ шешу

1. Көсеуім басы ақ күміс. (тырнақ)
2. Бұлбұлдың екі құлақ, бір басы бар,
Салдырған сегіз жерден таңбасы бар.
Бұлбұлды жолға салып айдағанда,
Салатұғын әр түрлі жорғасы бар. (домбыра)
3. Қаудыр-қаудыр жарғағым, қартайғанша тозбайды.
(құлақ)
4. Ақылы бар, басы жоқ,
Ауызы бар, денесі жоқ.
Қолы бар, аяғы жоқ (қақпан)

IV. «Ойлы болсаң озып көр». Көнерген сөздердің мағынасын ашу.

1) Тағам		2) Тігін құралы	
Құрал	қағұт	Шаңырақ бөлігі	күпшек
Кәсіп		Арба бөлігі	

3) Тағам	
Ұста құралы	тесе
Еңбек құралы	

1) Тарыдан жасалынатын тағам түрі; 2) Арба дөңгелегіндегі кішкене тесіктері бар ортаңғы бөлігі; 3) Кетпеннің кішкене түрі.

«Сөзмергеннің» жұлдегерін анықтау. Қорытындылау.

Саида СӘДУАҚАСОВА,
Ілияс Жансүгіров атындағы
ТМУ-дың магистранты.

ТІЛЕК-БАТА СӨЗДЕРДІҢ КӨНЕ НҰСҚАЛАРЫ МЕН ЖАҢА ҚОЛДАНЫСЫ

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Өйткені қанымызға сіңісті, жанымызға жағымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер - тәрбиенің бастау-бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті - замандар мен ғасырлар бойы мысқалдап жиналып, ақыл елегінен өткізіліп тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспеттес [С.Негимов. Ақ бата. А., «Жазушы», 1992, 7-б.]. Халықтың тілек-бата сөздері жас ұрпақты сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге жетелейді, туған жерін, тәуелсіз елін қорғайтын ержүрек азамат болып қалыптасуына ықпал етеді, әр нәрсенің байыбына барып кешірімді болуға үйретеді. Ұлттың болашағы, келешектің иесі - ұрпағына амандық, парасаттылық, ізеттілік, өжеттік, мейірім, өнер-білім, құт-береке, ұзақ өмір, үлкен табыс тілеу ежелден адамзаттың асыл мұраты болса керек.

Азамат болып ер жетсін,
Ақсақал болып төрлетсін.
Азамат болып көрікті,
Ғұмыры болсын берік-ті.

Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты,
Өнері болсын жан-жақты.
Осы айтқанның бәрі қабыл боп,
Алла берсін зор бақты!

Тілек-бата сөздерінде уақыт ағымына қарай қазіргі күнде айтыла бермейтін тіркестер де кездеседі. Оларды көркем туындылардан, фольклорлық шығармалардан табуға болады. Мұндай тіркестердің ішінара қолданыстан шығуы немесе сирек кездесуі тіл мен мәдениеттің өркениетке ұмтылуын, қоғам өзгерісін білдіреді. Осы орайда ұлттық дүниетаныммен байланысты кейбір ұғымдардың ығыстырыла бастауы немесе басқа атауға ие болу жағдайы туындайды. Қазақ баталарында осындай мәнге ие болған тіркестің қатары ұшырасады. Мысалы, белгілі зерттеуші В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері енген «Ел қазынасы – ескі сөз» атты еңбекте мынадай бата сөздері кездеседі:

Әр кезде байлық кетпесін,
Кешке келіп шулатқан,
Қошақанның атасы,
Қошқар бассын үйінді!

Бақайлары шыртылдап,
Мүйіздері жылтылдап,
Үй арасын боқ еткен,
Ішсе айранға тоқ еткен,
Бұзаулардың атасы,
Бұқа бассын үйінді!

Шудаларын шаң басқан,
Артқы өркешін қом басқан,
Ботақанның атасы,
Бура бассын үйінді!

Шыңыр-шыңыр кісінескен,
Тышып боғын иіскескен,

Құлыншақтың атасы,

Айғыр бассын үйінді! [А., LEM, 2002, 41-б.].

Бата қазақ өмірінің күнделікті тұрмысының барлық саласын қамтитындықтан, тек ежелгі қазақ көрінісінің белгісі ғана емес, бүгінгі күнгі қазақ бейнесін де танытатын сөйлеу этикетінің түрі болып саналады. Осы орайда қоғамның дамуына, ондағы түрлі өзгерістерге байланысты тілдік қолданыста жаңа сөздер еніп, енді бір сөздер қолданыстан шығып қалып жатады. Бұл - жалпы тілдер табиғатына да тән құбылыс. Бұрынғы кезде қазақ халқының негізгі күнкөріс көзі – төрт түлік мал болғандықтан, «Мал-жаның аман ба?» деп амандық сұрасып, оған байланысты түрлі тілектерді молынан қолданған. «Ер қанаты - ат» деп білген қазақтар ер жігіттің бейнесін тұлпарсыз елестетпеген. Оған батырлар жырындағы Ер Тарғынның, Алпамыстың, Қобыландының жүйріктерін айтуға болады. Ерлердің мерейін өсіру үшін *«Тұлпарың жүйрік болсын»*, *«Алтын ерлі ақбоз ат астыңызда арысын»* тілек жолдары да кездеседі. *«Саған қас қылған кісінің, Базарға барып аты өлсін! Ерте кетіп қайтқанда, Үйіне келсе қатыны өлсін! Көтіне тышқақ тисін, Қолына пышақ тисін! Тышқағы тиылмасын, Төсегі жиылмасын!»* сияқты қарғыс сөздер де бар. Қазақтардың ұғымында ер азаматтың серігі – тұлпармен бірге жақсы әйел деп саналғандықтан, екеуіне де өлім тілесе, әрине, жағдайы жақсы болмасы анық.

Халық арасында белгілі бір ортада «Тілек тілеңіз» деп ұсыныс білдіргенде кез келген адам алғысты меңзейді. Ал «қарғыс тілеңіз» немесе «қарғыста» деген тіркес те, сөз де жоқ. «Қарғыс» деген атаудың өзі-ақ бұл сөздің берер семантикасын да, эмоциялық әсерін де ашады. Тілімізде *«сөзі зілді екен»*, *«зілдене сөйледі»* деген тіркестер ұшырасады. Бұл ұғымдар адам санасына ауыр әсер ететін, көңілін түсіріп қайғы әкелетін, астарында жасырын сыры

бар жағымсыз мағынаны береді. Тілімізде қолданысына қарай зілді және зілсіз қарғыстар бар. Мысалы, ауызекі тілде кездесетін «*ойының осылғыр*», «*ойында басың қалғыр*» деген қарғыстардың мағынасында сондай бір күйіну немесе солай болып қалсын деген зілді қарғану жоқ. Бұл – отбасында шешесіне қолғабыс тигізбей ойынға айналып кеткен баласына «*Ойында басың қалғыр, ертеңнен қара кешке дейін ойының басылмайды екен*» деген жаттанды сөз үлгісіне айналып кеткен «қарғысы». Сондай-ақ тек жағымсыз мағынаны ғана үстейтін қарғыстар бар. Мысалы, «*Кие ұрғыр қасиетсіз. Неғып ол жиырма жылдан соң қарындасын іздеп қалды?*» [Қ.Аманов. А., «Жазушы», 1997, 47-б.] сөйлеміндегі «*кие ұрғыр, қасиетсіз*» деген қарғыс жиі қолданысқа түспейді. Адам әбден күйініп, ызаға булығып ашынған кезде шын көңілден шығатын зілді қарғыс болып табылады.

Қазақтарда о дүниеге аттанған кісіге қаратып айтылатын «*бақұл бол*», «*жатқан жерің жайлы болсын*» деген сияқты қазіргі тілімізде жиі айтылатын тіркеспен қатар «*ақыретің мамыр болсын*» деген бүгінгі қолданыста кездесе қоймайтын тілекті кездестіреміз. Мұндағы *ақырет* сөзі көр, яғни, адам қайтыс болған соң жерленетін жерінің атауы болса, *мамыр* сөзі жайлылықты, жылылықты білдіреді. Сондықтан аталған тіркес «*жатқан жерің жайлы болсын*» деген бүгінгі тілек сөзімен мағыналас болып келеді. Бірақ қазіргі қолданыстан орын алмаған.

Қоғам, адам арасындағы қарым-қатынас, сөз саптау мен қолданыс, т.б. уақыт өткен сайын өзгеріске түсіп, жаңа мән-мағынаға ие болатыны белгілі. Осы орайда жаңа тілек-бата, алғыс-қарғыс мәнді сөздердің заман талабына сай пайда болатынын айта кеткеніміз жөн: «Еңбегің жансын!», «Еңбегіңнің зейнетін көр!», т.б.

Бүгінгі тойларда, отырыстарда айтылатын тілектердің сипаты тым жеңілденіп кеткен сияқты. *«Аспаның ашық, денің сау болсын, бақыт тілеймін»* немесе *«Зор денсаулық, қажымас қайрат, талмас қанат тілеймін»* деген сияқты сөз тіркестері өте жиі қолданылады. Бір ортадағы бірнеше адамның айтатын пікірі осыған саяды. Тыңдаушы қауым тілек айтушының сөзін бастағанынан-ақ кейінгі айтатын ойын бірден-ақ түсінеді. Бұл тыңдаушы ортаны жалықтырып, мезгілетеді, тілек деген ұғымның әсерін төмендетеді. Сол сияқты ортада отырған жастар бір-біріне тілек айтқанда, көбінесе, *«Бай бол», «Ақшаң көп болсын»* сияқты тілектер айтып жатады. Бұл - бүгінгі қоғам адамдарының сөйлеу әрекетінің өзгеруінен туындаған тілектер.

Соңғы жылдары облыстық басылым болып табылатын «Жетісу» газетінің «Ардагер» қосымшасында бүгінгі халық арасында қолданылып жүрген немесе жеке адамдардың авторлығына қатысты баталар жиі беріліп тұрады. Бұл бата жолдарында *«Еліңнің елеулісі бол, халқыңның қалаулысы бол. Махаббатырың биік, пәк болсын! Дәуренің сәнді болсын, Ғұмырың мәнді болсын! Еңбектерің жемісті болсын»* деген сияқты тілектер кездеседі. Бұл жолдар бүгінгі қоғамда аса көп қолданылатын тіркестерге айналған.

Райымбек ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Әлнұр Мейірбекұлының жаңадан бұр жарып өсіп келе жатқан жастарға арнаған мына бата жолдары әрбір жастың жүрегінің төрінен орын алары сөзсіз:

*Уа, сүйікті халқым,
Балапандай ұл-қыздарың
Оқуларын жақсы бітіріп,
Ақ сұңқардай түлесін!
 Өмірдің жеңіп күресін,
 Ала білсін үлесін!
Қалаған оқуларына түсіп,*

Қатарларынан қалмасын!

Балалыққа сүйеніп,

Өздеріңе салмақ салмасын!

Қиындыққа қажып,

Ауырлыққа талмасын!

Ар-намысын жоғары ұстап,

Жаза басып, аяқтарын шалмасын!

Ата-ананың ақ тілегін ұмытпай,

Ел сенімін суытпай,

Жүректерінде сақтасын! Әмин!

Бата мен тілек сөздері деп қосақтала айтылғанмен, олардың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін білеміз. Сол айырым белгілер көп жағдайда ескерілмейді әрі оған ешкім мән де бере бермейді. Бата сұрағанда үлкендеріміз бата, тілек, алғыс сөздерді қосып қойыртпақтатыны бар. Бұл сияқты келеңсіздіктерге жол бермеуіміз керек. Ғасырлық тарихы бар киелі саналатын бата-тілек, алғыс сөздердің мән-мағынасын арттырып, жаңа нұсқаларын тудырып, оны өміршең ету – бүгінгі күн талабы.



Мөлдір ҚЫДЫРБЕКОВА,
Central Asia компаниясының
аудармашысы.

ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Қазақ тілі – біздің ана тіліміз. Мемлекеттік тіл болғандықтан оны тиімді әрі заманауи әдістермен үйрету өте маңызды. Сондай әдістердің бірі – топтау әдісі, бұл тиімді әрі кең көлемді әдіс. Топтау әдісінің тиімділігі – оның сабақты қорытындылау мақсатында қолданылуында. Мәселен, *зат*

есім деп алып, оқушылардың оған қатысты не үйренгендерін жазып шығуы. Оның кең көлемділігі – оның сабақты қайталау және қызықтыру мақсатында қолданылуында. Мәселен, *kitan* деп алып, оқушылардың оған қатысты не білетіндерін жазып шығуы. Бірақ бұл әдістер қазақ ұлтының ерекшелігіне тәуелді болып, шектеулерден шыға алмайды. Мысалы, тек оқытушы ғана емес, оқушының да сұрақтар қоюына мүмкіндік беруге болады, өйткені нақты пікірі бар ұстаздың ғана шәкірттері қоғамда өзіндік пікірлері бар еркін азаматтар болып өседі. Сабақта оқытушы бақылап, оқушы сабақ жүргізсе, ол ұстаздың жұмысы аса қиын да құрметті екенін түсінер еді.

Түрлі ағылшын тілі оқулықтары бар, әрине, олардың барлығын жақсы деуге болмайды. Бірақ олардың көбі ағылшын тілін өте қызық жолмен үйретуге себеп. Неліктен қазақ тілін де сондай жолмен үйретпеске? Сабақ, біріншіден, интерактивті, екіншіден, қоғамдық маңызды, үшіншіден, қызықты түрде өтілуі керек. Сабақта оқушының, яғни, жеке тұлғаның көзқарасы, проблеманы шешу жолдары өте маңызды. Тек жаттауды қажет ететін жаттығулардың орнына оқушылардың ойлануын, өзіндік пікірлерін білдіруін қажет ететін жаттығулар қолданылуы керек. Оқушылардың тілін дамыту олардың ақиқат өмірлеріне, күнделікті орындайтын іс-әрекеттеріне және әдеттеріне негізделуі керек. Өзімнің сабағымда әдетте қолданылатын жаттығулар: аударма жұмыстары (сөздер мен сөйлемдерді қазақ тілінен орыс тіліне немесе орыс тілінен қазақ тіліне аудару), сауаттылықты дамытатын жазбаша жаттығулар (бос орындарға әріптерді, жалғауларды және сөздерді қою, жалғауларсыз сөздер қатарына қарап олардан мағыналы сөйлем құрастыру), логикалық ойлауды дамытатын ауызша жаттығулар, тұрмыста жиі кездесетін сұрақтарға жауап беру («Кешегі күнді қалай өткіздің?», «Наурыз мейра-

мын отбасыңмен қалай мейрамдайсың?») және өзімнің құрастырған жұмбақтарым (Ол ақ түсті қышқыл сұйықтық, құрамында кальций бар. Ол не? (*Айран*), тақырыпшалар туралы әңгімелеу («Көктем», «Математика сабағында»), өзім құрастырған тестілер.

Тілді грамматика мен лексика арқылы оқыту жеткіліксіз, сондықтан әңгіме-сұхбат сабақтың негізгі бөлігіне айналуы тиіс. Сабағымның негізгі ұстанымы – грамматиканың қысқарта да нұсқалығы, практикалық жұмыстың көптігі. Тұрмыста жиі кездесетін сұрақтарға жауап беру және тақырыпшалар туралы әңгімелеу оқушылардың тек сабақта ғана емес, ақиқат өмірде де қазақ тілінде сөйлей алуына мүмкіндік береді. Жұмбақтар қазақ тілінде ойлауға көмектеседі. Сабақты бекіту мақсатында тестіні аптасына бір рет қолданамын. Байқағаным: оқушылар тестіге аса қызығушылықпен қарайды. Оқушының дүниетанымын дамыту мақсатында атақты жазушылардың әңгімелерін қолданамын. Оқушылар олар туралы өз түсініктерін айтады. Түсінік сұрауда өзімнің арнайы дағдым бар. Мысалы, әңгіменің негізгі идеясы, әңгімеде оқушыларға ненің ұнағаны, ненің ұнамағанын және ойландыратын, толғандыратын сұрақтар қоямын. Мұндай жағдайда оқушылардың ой өткірлігін қалыптастыруға болады.

Қазақ тілі тек көркем ғана емес, түсінікті болуы да шарт. Арнайы жаттығулар арқылы оқушының ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға болады, нәтижесінде олардың өзіндік пікірлері қалыптасады. Егер пікірлері орнықса, олардың ынтасы мен қызығушылығы қалыптасады. Әрине, оқушылар әдебиеттерді қызығушылықпен оқыса, нұр үстіне нұр болады. Сондықтан тілдің көркемділігін дамыту міндет емес, тілек болуы шарт. Тіл үйренуде еркіндік ауадай қажет. Елімізде қазақ тілімізді ынтамен үйрену үшін жағдайлар жасауымыз керек.

АБАЙДЫҢ «ҚЫСЫ» – ЖАҢАЛЫҚ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Абай өмірінен мәлімет бере отырып, «Қыс» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің көркемдік ерекшелігін оқушылар санасына жеткізу; **дамытушылық** – өз ойларын ашық айтуға үйрету, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – бір-бірінің пікірін тыңдауға, пікірлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдіс- тәсілі:** СТО стратегиялары/ БББ, топтастыру, кубизм, ой толғау, салыстыру, т.б.

Көрнекілігі: сабаққа қажетті қима қағаздар, «Абай» энциклопедиясы, портрет, т.б.

Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру.

Шаттық шеңберде тұру, көздерін жұмып маңдайларына таңбалар жапсыру, сол таңбалар бойынша бір-біріне тілек айту.

Таңбалары бойынша кіші топқа топтасып, атын қорғап шығу. Таңбалардың суреті: *Тау, Жұлдыз, Күн, Білім.* «Айналма парак» әдісі бойынша бір-бірінің пікірін толықтырып, сол тақырып көлемінде әдемі мәтін шығу керек.

Бүгінгі сабақтың тақырыбымен таныстыру.

Қызығушылықты ояту.

- Балалар, сендер мына портреттегі тұлғаны танысындар ма?

- Олай болса, ол туралы не білетінімізді топтастырайық.

Парақшалар таратылды, әр топ білетіндерін жазып іледі.

Күн бейнесіндегі сурет шығу керек.

Білемін	Білдім	Білгім келеді
Абай туралы білетіндерін топтастырады.	Жұрналдың парақшалары таратылып, әрқайсысына әр түрлі тапсырмалар ұсынылады, сосын сынып болып жұрнал құрастыру керек.	Оқушылар не туралы білгілері келетіндері сұралады, сосын сол туралы ізденіп келу тапсырмасы үйге беріледі.

Мағынаны ашу.

Абай 1845 жылы Семей өңірінде Құнанбай әулетінде дүниеге келді. Әжесі Зеренің ақынның азамат болып қалыптасуына ықпалы зор болды.

Абай әдебиет әлеміне осы Күн сияқты жарқырап, өзіндік жаңалығымен, өзіндік ою-өрнегімен ерекшеленді. Табиғаттың төрт мезгіліне де ақын өлең арнады. Өлеңдері арқылы сол кездегі қазақ ауылының тыныс-тіршілігін, хал-жағдайын жеткізіп отырды.

Абай өз өлеңдері арқылы әдебиетке көптеген жаңалықтар алып келді. Сондай жаңалықтың бірі – кейіптеу. Кейіптеу деп жансыз нәрсені жанды етіп суреттеуді айтады. Оны қазір өлеңнен табамыз.

Табиғат лирикасына жазылған өлеңдерінің бірі – «Қыс». Өлеңді мәнерлеп жатқа оқып беремін. Өлеңді оқулықтағы сұрақтар бойынша талдау.

«Кубизм» әдісі бойынша кіші топтарда жаңа сабақты талдау.

Салыстыру. Абай суреттеп отырған қазақ ауылын бүгінгі қазақ ауылымен салыстыр. Венн диаграммасына түсір.

Қолда не пікірге қарсы шық. «Қыс» өлеңіндегі айтылғандармен келісесің бе?

Суретте. Қыс тақырыбын ақын сияқты өз бетіңше суретте не қыс тақырыбына сурет сал.

Зертте. Өлеңдегі көркемдегіш сөздерді тап.
Қолдан. Әдемі сөз тіркестерін қолданып әңгіме құрастыр.
Жазғандарын әр топ жария ету керек. «Автор орындығына» отырып айтады. (Дәптермен жұмыс жүргізіледі, өлеңді мәнерлеп оқытамын).

Ой толғау. Біз бүгін не білдік?

Әр топқа парақшалар таратылып беріледі. Абайдың қандай өлеңдерін білеміз? Абай туралы не білдік? Бүгінгі сабақтан алған әсерім? т.б.

Сабаққа жақсы қатысқан топты мадақтау.

Үйге тапсырма: өлеңді жаттап келу.



Ләйла СӘРЕТБАЕВА,
«Мұқағали Мақатаев атындағы
орта мектеп мектепке дейінгі
шағын орталығымен»
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
«Тегістік» ауылы.

СЫН ЕСІМ

Сабақтың мақсаты: сын есім туралы түсінік беру.
Міндеттері: сөз таптары туралы білімдерін пысықтай отырып, сын есім түрлері туралы түсініктерін кеңейту, сын есімдерді күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; сөйлеу қабілеттерін дамыту, іскерлік, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу; ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу, белсенді болуға ұмтылдыру. **Түрі:** аралас сабақ. **Көрнекіліктер:** тірек сызбалар, дидактикалық материалдар, Мұқағали

блиц-турнир, топқа бөлу.

Сабақтың барысы.

Психологиялық дайындық.

Сабаққа көңілді келеміз,
«Сабақтан қалмаймыз» дегенбіз.
«4» пен «5»-ке оқып бәріміз,
Жалқаулық дегенді жеңеміз.

Үй жұмысын тексеру. Мақсат қою.

1) Сынып оқушыларын төрт топқа бөлу. 2) Топ аттарын белгілеу. 3) Топ басшыларын сайлау.

Өткенді қайталау.

1) Өткен сабақ көлемін анықтау. 2) «Қарлы кесек» ойынымен таныстыру. 3) Топ басшылары келіп тапсырмалар жазылған конверттер алады. Тапсырмаларға жауап дайындауға 3 минут уақыт беріледі.

1-топ. 1. Етістік деген не? 2. Етістіктің шақтарын айту.


2-топ. 1. Дара және күрделі етістік деген не? 2. Етістіктің жіктелуі деген не?

3-топ. 1. Зат есім деген не? 2. Зат есімнің септелуі деген не?

4-топ. 1. Зат есімнің түрлерін айту. 2. Зат есімнің тәуелденуі деген не? (Ұпайларын тақтаға жазу).

Жаңа сабақ.

1. Заттардың алуан түрлі белгілері болады. Сол белгілерге назар аударту. Заттарды көрсету: алма, қарындаш, доп.



2. Сын есімнің анықтамасын айтқызу. Мысал келтіру.

3. Мұқағалидың «Сап-сары жапырақтар» өлеңінен үзінді

оқыту.

*...Сап-сары жапырақтар жоғалуда,
Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың,
Жасыл бақ тоналуда, тоналуда.*

Өлеңді оқыған кезде көз алдарыңа қандай елес келді?..

Ол елестерді сендерге сын есімдер беріп тұр.

Сын есім көркем шығармаларды, поэзияны, әдеби тілді

жандандырып тұрады.

4. Сын есімнің түрлері

СЫН ЕСІМ

дара

күрделі

негізгі сын есім

туынды сын есім

сөз тіркесі

қос сөз

5. Сын есімнің әр түріне мысалдар келтіру.

Жаңа білімді меңгергенін тексеру.

Оқулықпен жұмыс. 431-жаттығу. Жаттығу бойынша

төрт топқа тапсырма беру.

1-топ. Мәтіннің мазмұнын баяндау. (Мәтін мазмұнын айтылғанда «Геолог деген кім? Қандай атақты геологты білеміз? Ол туралы «Ана тілінен» қандай мәтін оқыдық? Пайдалы қазба деген не?» деген сұрақтар қосымша төрт топқа да қойылады, талданады.)

2-топ. Мәтіннен сын есімдерді табу.

3-топ. Мәтіндегі сын есімдерді алып тастап оқу.

4-топ. Сын есімдердің қайсысы туынды, қайсысы негізгі екенін анықтау.

Төрт топқа 4 сөз беру. Берілген сөздерден туынды сын есімдер жасату, сөйлемдер құрату.

Заттың түсін, көлемін, дәмін білдіретін сын есімдер тауып жаздырту.

Заттың	түсі	көлемі	дәмі	салмағы
	<i>көк</i>	<i>үлкен</i>	<i>тәтті</i>	<i>ауыр</i>
.....
.....

Қорыту. 1. Төрт топқа 4 сурет беру. Әр топ өзіне берілген суреттегі затты сипаттайды. 2. Бірін-бірі толықтырады. 3.

Поэзия минуты.

Мұқағали өлеңдерін бес-алты оқушыға оқыту. Оқыған өлеңдерінен сын есімдерді тапқызу. Әр топ ұпайларын есептеу. Ұпайы көп топты, оқушыларды мадақтау, тиісті бағалау.



Гүлмира ДАМИЕВА,
Орынбек Жәутіков атындағы
№1 қазақ орта мектебінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы қаласы.

ФОНЕТИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік - фонетика бойынша алған білімін тексеру, талдау жұмыстарын жүргізе отырып білімдерін бекіту; дамытушылық - оқушының сөйлеу мәдениетін арттыру, өз ойын жүйелі жеткізуге баулу, танымдылығын дамыту; тәрбиелік - фонетикадан өткенді қайталай отырып тілдік, эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу, ұжымдық жұмыс барысында адамдық қасиеттерін тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, фонетикалық кешенді талдау, дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру. **Түрі:** семинар сабақ. **Пәнаралық**

Сабақтың барысы.

Оқушыларды сабақтың тақырыбы, оның мақсат-міндеттері, түрі және негізгі әдістермен таныстыру. Зымыран сұрақтар арқылы оқушылардың өткен сабақтарда алған білімдерін еске түсіру.

1. Фонетика нені зерттейді?
2. Дыбыстардың түрлері.
3. Үндестік заңы нешеге бөлінеді?
4. Буын және тасымал.

Деңгейлік тапсырма: 1. Міндетті деңгейдегі тапсырма.

а) Адасқан әріптерді орнына қой.

i, м, б, л, і - білім; *а, л, а, д* - дала.

ә) Берілген сөйлемді көшіріп жазып, дауысты дыбыстардың астын сыз. *Абай соншалық сүйсініп күлді.*

б) Берілген сөздерді буын түріне ажырат.

Жолдастық. Сабырлы. Адамгершілік.

2. Мүмкіндік деңгейдегі тапсырма.

а) *Қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз. Бірақ асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса құл болам деп тумайды. Ұл мен қызды жатқа құл-күң ғып отыра алмайтын елміз.*

Қазыбек кім?

ә) *Қыс, аяз, боран, қырау* сөздерін қатыстырып мәтін құрау.

б) Тіл туралы қандай мақал-мәтел білесің?

«Әке» сөзіне фонологиялық талдау жаса.

«Асық» сөзіндегі дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме бер.

Өтілген материалдар бойынша оқушылар бірін-бірі толықтырып, қорытынды жасайды.

АБАЙДЫҢ «КҮЗІНДЕГІ» ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Сабақтың мақсаты: өлеңді мәнерлеп оқыту арқылы оның идеялық-эстетикалық мәнін ашу, оқушылардың байқағыштық, бақылағыштық қасиеттерін дамыту, ішкі сезімдерін байыту, табиғатты сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңінен кейін жаңа тақырыпқа кіріспе әңгімені бастаймыз.

1. Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» әні тыңдалады (Гете-Лермонтов- Абай туралы айтып өту).

2. Абай - халық жоқтаушысы, халқын сүйген азамат ақын (дәптерлеріне жаздырылады).

Абай халық тұрмысы, халық жағдайының жыршысы, жоқтаушысы, қамқоршысы болды. Елдегі, өзі өмір сүрген дәуірдегі кемшіліктерді аяусыз сынап отырып, өз халқының даналығын, тазалығын, қарапайымдылығын, ар-ождан биіктігін, асыл қасиеттерін көре білді. Ол табиғатты тіршілікпен бірлестікте суреттей отырып, әлеуметтік проблеманы да көтерді.

3. И. Левитанның «Күз» пейзажы пайдаланылды. Суретпен жұмыс жүргізілді. 4. Абайдың табиғат туралы өлеңдеріне шолу жасалынып, «Күз» өлеңімен таныстырылды.

а) Өлең мәнерлеп оқылды.

ә) Жеке оқушыларға оқытылды.

б) Сөздік жұмысы жүргізілді.

в) Өлеңдегі көтерілген әлеуметтік мәселелерге байланысты тақырыптарға бөлінді.

1. *Күзгі табиғат.*

2. *Күзгі ауыл еңбегі.*

3. *Жабырқаңқы ауыл.*

4. *Қара суық.*

5. *Тозған күзеу.*

г) Өлеңнен теңеу (қайыршы шал-кемпірдей ағаш, құрай), эпитет сөздер таптырылады (сұрғылт күз, түсі суық сұр бұлт, көңілсіз қара суық, дымқыл тұман).

- Ақын күз көрінісін суреттеуде қандай айшықты сөздер қолданған? (Сұрақтар қойылып, әңгіме жүргізіледі).

1. Өлеңде күз табиғаты қалай суреттелген? Көшпенді ауыл тұрмысымен байланысты қалай көрсетілген?

2. Ақынның өлеңдегі көңіл-күйі қалай берілген?

3. «Күз» неге осынша көңілсіз, сұрықсыз жырланады?

4. Бүгінгі күз бен Абай дәуіріндегі күз бейнесінде айырмашылық бар ма?

Үлестірме қағазбен жұмыс.

1. Көшпелі ауылдың күзгі тіршілігін жүдеген табиғаттың көрініс-өзгерістерімен байланысты суреттеген жерін тауып оқы. Өз ойыңды айт.

2. Ақын күздің ауыртпалығы кімге көбірек түсетінін көрсеткен жерін оқы. Ақынның ойын айт.

Білімдері бағаланды, қорытынды жасалды.

Ұлы данышпан Абай жырлаған қазақ даласындағы Семей жерінің 40 жыл бойы полигонға, ядролық, сынақ алаңына айналуы.

Кадоскоптан белгілі жазушы К. Паустовскийдің сөзі оқытылады: «Біз бәріміз осы жердің иесіміз. Сондықтан жерді бүлдірушілерге қарсы үн көтеріп, қолын қағуға қақылымыз. Табиғатты қорғау - әр адамның міндеті».

Үйге тапсырма: «Күз болғанда» тақырыбына оқушылардың өз байқауы бойынша шығарма жазу, өлеңді жаттап келу.

ТЕСТ

(Сабақтас құрмалас сөйлем)

1. Құрмалас сөйлемді белгілеңіз:

- а) Белгісіз солдат ағаш арасына сүңгіп кете барды;
- ә) Мен - бастауышы;
- б) Соқаның тісі тоңға тисе, ауызың майға тиер;
- в) Сол күннен бастап әлгі адам көз алдымнан кетпей қойды.

2) Құрмалас сөйлемді табыңыз:

- а) Баласы қатты ауырды;
- ә) Марат кешкі мектепте оқиды;
- б) Қорқыт ерекше болып туған екен;
- в) Жер дүниені түнек басып, ел-жұрттың үрейін ұшырды.

3) Қайсысы сабақтас құрмалас сөйлем?

- а) Аңыз бойынша Қорқыт Сырдарияның жағасында өмір кешкен;
- ә) Ол өзі ойлап тапқан қобызбен күй тартып, ажалды жолатпаған екен;
- б) Ұлытау - тарихи шежіреге бай, қасиетті тау;
- в) Марат спортты сүйеді.

4. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің қай түрінен жасалған? *Көшпелі сақтардың шабуыл жасауы қандай жылдам өтсе, ызым-ғайып жоғалуы да тез болды.*

- а) есімше; ә) көсемше;

б) шартты рай; в) етістік негізді.

5. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бастауышпен қалай байланысқан? *Атаңа не қылсаң, балаң да соны қылар.*

а) қабысу; ә) жанасу; б) қиысу; в) матасу.

6. Төмендегі сөйлемдердің қайсысы мына сөйлемнің бағыныңқы сөйлемі бола алады?

....., мүйіз кесерін аларсыз.

а) араммен дос болсаң; ә) ұстамен жақын болсаң;

б) досы көппен жақын болсаң; в) дұшпаны жоқпен.

7. Қай етістіктер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола алады? *асың ... , сыйларға тілің болсын.*

а) болсаң; ә) болмаса; б) болсақ; в) болып.

8. Сабақтас сөйлемнің басыңқы сөйлемі қайсысы?

Шақырғанда бармасаң, шақырғанға зар боларсың

а) шақырғанда бармасаң; ә) шақырғанға зар боларсың;

б) шақырғанда зар боларсың; в) зар боларсың.

9. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бастауышпен қалай байланысқан?

Ұры ұрлығын қойса да, ұры атағы қалмайды.

а) қабысу; ә) жанасу;

б) қиысу; в) матасу.

10. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің қай түрінен жасалған?

Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады.

а) есімше; ә) көсемше;

б) шартты рай; в) етістік негізді.



АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА

(«Бақытты сәт» оқыта үйрету ойыны, 8-сынып)

- Қош келдіңіздер, құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгін біз қазақтың ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын қорытындылап, өз білімдерімізді бақытты поэзия кешінде көрсеткелі отырмыз. «Бақытты сәт» ойынына 4 топ қатысады. Әр топ 7 оқушыдан құралады: «Қайрат» тобы, «Ақыл» тобы, «Жүрек» тобы, «Ғылым» тобы.

Ойын 5 турдан, яғни, 5 геймнен тұрады. Оқушылардың білімін бағалау үшін арнайы бағалау парақтары қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне беріледі.

Сабақта интерактивті тақта арқылы Power Point бағдарламасындағы ақын шығармашылығына арналып жасалған слайдтар, әрбір бөлім жеке-жеке көрсетіліп тұрады.

«Мына тұрған Абайдың суреті ме, Өлең сөздің ұқсаған күдіретіне. Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған Өр Абайдың төтеген кім бетіне?» – деп айтқан Жамбылдың өлең жолдарымен бастадым.

«Қазақ әдебиеті» бойынша арнайы электронды оқулықта берілген ақынның өмірі мен шығармашылығы және Семей қаласындағы мұражайы туралы түсірілген бейнефильмді 5 минутта көрсетемін. Сабақтың құрылымымен таныстырамын.

І гейм

Бой сергіту. «Даталар тізбегі».

Барлық топтарға сұрақтар қойылады. Көп жауап

берген топ ұтады. Сұрақтар мен жауаптары слайд арқылы интерактивті тақтадан көрсетіліп отырады.

1. Ақын Семейдегі «Ахмет - Риза» медресесінде қай жылы оқиды? (1855 ж.).
2. «Ескітам» медресесінде қай жылы білім алады? (1853).
3. «Абай» деректі фильмі қашан түсірілді (1954 ж.).
4. «Абай» шығармаларының тұңғыш жинағы қашан шықты? (1909 ж.).
5. Қай жылы әкімшілік, билік жұмыстарға араласты? (1858 ж.).
6. «Абай» операсының қай жылы алғашқы қойылымы болды? (1944 ж.).
7. Қоңыркөкше елінде қай жылдары болыс болды? (1875-1880 ж.ж.)
8. Айдар мен Ажар трагедиясын қамтыған «Абай» пьесасы қай жылы сахнаға шықты? (1940 ж.).
9. «Абай әні» атты көркем фильм қай жылы түсірілді? (1945 ж.).
10. «Абай» атты «Қазақфильм» киностудиясы шығарған деректі фильм қай жылы қойылды? (1983 ж.).

II гейм.

Бөшкеден шыққан басқатырғылар.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең».

Сұрақтар:

1. Абай алғашқы өлеңдерін кімнің атынан жариялап отырды? (Көкбай Жанатайұлы)
2. Абайдың ең алғашқы аудармасын ата? (М.Ю.Лермонтовтың «Бородино» өлеңі).
3. Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі» деген сөзінде нені айтады? (Оқуды, ғылым, білімді меңгеруді айтады).
4. Абайдың оқу, ғылым, өнер жөніндегі өлеңдерін ата.
 - 1) Жасымда ғылым бар деп ескермедім. 2) Ғылым таппай мақтанба. 3) Интернатта оқып жүр. 4) Өлең – сөздің

патшасы, сөз сарасы. 5) Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.

6) Құлақтан кіріп бойды алар. 7) Сегіз аяқ.

5. Абайдың қанша өлеңі мен қара сөзі бар? (Абайдың 8 мыңдай өлең жолы, 45 қара сөзі бар).

6. Ақын сөз өнерін қалай бағалады? (Ақын сөз өнерін үлкен қозғамдық күш, әлеуметтік тартыстың құралы деп таныды).

7. Ақынның өмірбаянын бірінші рет кім жазды? (Ақынның өмірбаянын бірінші рет туған інісі – Ысқақтың баласы – Кәкітай 1909 ж. жазды).

8. Абайдың табиғат лирикасына жазылған өлеңдерін ата. («Жаз», «Жазғытұрым», «Күз», «Қыс», «Желсіз түнде жарық ай», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға»).

III гейм.

Жұмбақтас. «Ақын мұрасы – ортақ қазына».

Әр топқа ұлы ақын туралы айтылған басқа ақын-жазушылардың берген бағасын жұмбақ ретінде қоямын.

1) «Қайрат» тобына: Мұхтар Әуезовтің берген бағасын айт. («Абай өз өлеңіндегі музыка қазынасына, тіпті, барлық басқа өнер мұратының бәрінен де айрықша биік орын берген».)

2) «Ақыл» тобына: Ғабит Мүсіреповтің берген бағасын айт. («Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді».)

3) «Жүрек» тобына: К. Семеновтың берген бағасын айт. («Абайдың ұлылығы – өз халқының мұқтажы мен болашағын әрі дұрыс, әрі көрегендікпен ұға білуінде жатыр».)

4. «Ғылым» тобына: Қажым Жұмалиевтің пікірі. («Абай өлеңге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық жаңа норма жариялады».)

IV гейм.

«Сен – маған, мен – саған»

«Дананың сөзі – ақылдың көзі».

Әрбір топ үй тапсырмасы бойынша үш сұрақтан дайындап келіп, бір-біріне қояды.

V гейм.

Көсемдікке ұмтылу. «Қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі».

1. Әр топтағы оқушы ақынның өлеңдерін, поэмаларын жатқа мәнерлеп айтады.

2. Ақынның әндерін орындайды.

3. Оқушылардың өз туындыларын орындату.

«Қайрат» тобы. 1. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін Қайнар жатқа оқыды. 2. Абайдың 44 қара сөзін Алтынай оқыды. 3. Айжанның орындауында «Көзімнің қарасы» әні орындалды.

«Ақыл» тобы. 1. Ақынға арнап жазған «Дана Абай» атты өз туындысын Ақнұр оқыды. 2. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін Фараби жатқа айтты. 3. «Желсіз түнде жарық ай» әнін Гүлнұр орындады.

«Жүрек» тобы. 1. «Ескендір» поэмасынан жатқа үзінді оқылды. 2. 31-қара сөзі оқылды. 3. «Сегіз аяқ» әнін Батихан орындады.

«Ғылым» тобы. 1. Ақынға арналған «Абай аға» атты өз туындысы. 2. «Масғұт» поэмасын жатқа айтты. 3. Ақынның 24-қара сөзі оқылды.

Сабакты Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» деп айтқан пікірімен аяқтаймын.

Оқушылардың білімін бағалау үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісіне сөз беріледі.

Бағалау парақтары бойынша әр топтың ұпай саны мен топ мүшелерінің ұпайлары есептеліп, оқушылар бағаланды.



Айгүл БАЙТҰРСЫНОВА,
оқырман.

МЕН СЕНІМЕН СЫРЛАСАЙЫН, ҰЛЫ АҚЫН!

(Мұқағали Мақатаевқа)

Сол кезде мен баламын сегіздегі,
Түсініксіз алып күш сені іздеді.
Мен ұнатқан сары алтын - күз мезгілі
Жүрегіммен жылауық егіз бе еді?!

Жаздым алғаш өлеңді «Балдырғанға»,
Осалға сыр «Балдырған» алдырған ба?!
Біржолата тастадым қаламымды
Шындықты айтып көңілді қалдырғанда.

Деген кезде күншілдер жалғыз қалдың,
Сен екенсің жан досы жалғыздардың!
Елес қуып, сандалып кеттім білем
Мүлде сезбей иісін жалбыздардың.

Бағы жанбас сол шөпті көрмегеннің,
Күйін кештім бұлыңғыр өлмегеннің.
Қалай келсе шабытым шалқып-тасып,
Солай жаздым жырымды, өңдемедім.

Тамшыдай-ақ бергенім елге менің,
Бәлкім, дарын бітпеген пенде ме едім?!
Ой мен сезім жарысқан жырларыңмен
Жүрегімді жаралы емдеп едің.

Сенің туған күнінде мен түс көрдім,
Ғаламат бір жыр тыңдап мен күшке ендім.
Мынау жарық әлемді кеттім шарлап,
Арғымақ жыр жалынан мен түспедім.

Мұның бәрі - жырыңның күдіреті,
Саған деген ғашықтық сезім өрті
Жанартаудай атқылап тұрғандығын
Жеткізудің дәл қазір келді реті.

«Айтсам, қалқам, - дедің-ау, - сөздің расын,
Сүртіп таста жеңіңмен көздің жасын.
Жүрегіңнен жұлып ап лақтыр алыс
Діңкелеткен жаныңды таудың тасын.

Не нәрсе ол өмірге өкпе деген,
Айналайын түріңнен өкпелеген!
Әлі жассың, түңілме ертеңіңнен,
Сөз естіме, қарағым, текке менен».

Осылайша мені, Аға, жұбаттыңыз,
Айбарлы үнін кеудеңнің ұнатты қыз.
Асыл аға, Сені ойлап жабырқаған
Көңілімнен тау тасын құлаттыңыз!

Ақ қайыңмен жаныңыз сырласқанда,
Содан кейін тұлғаңыз қыр асқанда
Кеш келіппін өмірге - осы өкініш
Жанарымды қаратты мұңды аспанға.

Бұлай деуге, шынында, жоқ қой қақым,
Мен оянсам - Өзіңдей жоқ қой жақын!
Елегізіп, шарқ ұрып Сені іздедім,
Махаббатым, қадірлім, қош бол, Ақын!



Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 12.05.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4669.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Алматы - Болашақ» Акционерлік
Қоғамы.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2011ж., 144 бет, Алматы.